

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Резуанова Ғ.Қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық ретінде университеттің Ғылыми Кеңесімен бекітілген



Нұр-Сұлтан 2020

ӘОЖ 811.512 122 (075.8)

КБЖ 81 (5 Қаз) 9д73

Р 31

Резуанова Ғ.Қ. Қазақ тілі (оқулық). – Нұр-Сұлтан: «С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспасы», 2020. -160 б.

ISBN 978-601-257-245-2

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы *Ә.К. Сүлейменова*

филология ғылымдарының кандидаты *Ж.М. Искакова*

филология ғылымдарының кандидаты *А.А. Амангелді*

Оқулық жоғары оқу орындарының барлық мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге (тілді білу деңгейі А1), қазақ тілін өздігінен үйренгісі келетіндерге арналған. Еңбекте берілген материалдар біріншіден, қазақ тілін үйренуге, екіншіден, өздігінен ойлануға, пікірін білдіруге, үшіншіден, сөздік қорын молайтуға, сөйлеу сауаттылығын қалыптастыруға көмектеседі. Оқулықта берілген мәтіндер арқылы тіл үйренуші тың ақпарат алып, оны ой елегінен өткізуге, өз ой-пікірін, көзқарасын нақты, айқын жеткізуге дағдыланады. Еңбекте тілдік қатысымның төрт қағидаты да (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) қамтылған. Тіл үйренуші сабақта топпен, шағын топпен, жұппен және жеке жұмыс істей білуге үйренеді.

ISBN 978-601-257-245-2

© Резуанова Ғ.Қ., 2020

© С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспасы

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 | Алғы сөз | 3 |
| 2 | Лексикалық тақырып: Танысу: Танысу. Сәлемдесу. Амандық сұрасу. Қоштасу Грамматикалық тақырып: Қазақ тілінің ерекшелігі. Қазақ әліпбиі. Қазақ дыбыстарының айтылуы мен жазылуы. Жіктеу есімдіктері. Жіктік жалғау | 4 |
| 3 | Лексикалық тақырып: Мен және менің отбасым. Отбасы – кіші мемлекет. Отбасы мүшелерінің сипаты. Грамматикалық тақырып: Дыбыстардың жіктелуі. Үндестік заңы. | 13 |
| 4 | Лексикалық тақырып: Менің мінезім, сыртқы келбетім. Достарым және мен Грамматикалық тақырып: Есім сөздердің қолданылуы. Тәуелдік жалғау | 19 |
| 5 | Лексикалық тақырып: Менің үйім, пәтерім Грамматикалық тақырып: Сын есімдер | 27 |
| 6 | Лексикалық тақырып: Уақытты сұрау, хабарлау Грамматикалық тақырып: Есептік сан есімдер, қолданысы. Шығыс, барыс, жатыс септіктері (іс-қимылдың мезгілін білдіруі) | 31 |
| 7 | Лексикалық тақырып: Жұмыс күні және демалыс күні. Күн тәртібі Грамматикалық тақырып: Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі. | 38 |
| 8 | Лексикалық тақырып: Жыл мезгілдері, ауарайы, табиғат. Грамматикалық тақырып: Сан есімдердің мағыналық топтары (есептік, реттік). Сан есімдер мен зат есімдердің байланысы | 43 |
| 9 | Лексикалық тақырып: Менің өлкем Грамматикалық тақырып: Жалпы және жалқы есімдер. Зат есімнің көптелуі. Қосымшалардың жалғану реті (түбір сөз+жұрнақ+көптік жалғау + тәуелдік жалғау + септік жалғау+жіктік жалғау) | 48 |
| 10 | Лексикалық тақырып: Оқу орны: Менің университетім. Біздің топ. Менің курстастарым (ұжымым, әріптестерім) Грамматикалық тақырып: Зат есімнің жіктелуі, тәуелденуі. Көптік жалғауларының қолданылуы. | 52 |
| 11 | Лексикалық тақырып: Қоғамдық орындар: кітапхана Грамматикалық тақырып: Тақырып: Іс-қимылдың бағытын айта білу. Зат есімнің септелуі. Септіктердің негізгі мағыналары: Атау септік (қимыл иесін білдіруі). Барыс септік (іс-қимылдың бағытын білдіруі). | 56 |
| 12 | Лексикалық тақырып: Азық-түлік атаулары. Грамматикалық тақырып: Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі). | 60 |
| 13 | Лексикалық тақырып: Тағам, атаулары, түрлері Грамматикалық тақырып: Сын, сапа мәнді сөздер | 67 |

- 14 Лексикалық тақырып: Денсаулық – зор байлық
Грамматикалық тақырып: Көмектес септігі (іс-қимылдың құралы)
Керек, қажет сөздерінің қолданысы. 65
- 15 Лексикалық тақырып: Киім дүкені, сауда орталықтары 70
Грамматикалық тақырып: Етістіктің шақ формалары. Нақ осы шақ.
Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Қалып етістіктерінің қолданысы
- 16 Лексикалық тақырып: Мерекелер. Отбасылық дәстүрлі мерекелер 75
Грамматикалық тақырып: Табыс септігі. Құттықтау кезінде
қолданылатын сөйлеу әдебі.
- 17 Лексикалық тақырып: Тағам. Ұлттық тағамдар. 78
Грамматикалық тақырып: Жатыс септігі (іс-қимылдың мекені). -шы,
-ші жұрнағымен келетін өтініш мәнді сөйлемдер.
- 18 Лексикалық тақырып: Қазақ театрларымен танысу 80
Грамматикалық тақырып: Етістіктің шақтары.
- 19 Лексикалық тақырып: Қазақстан мұражайлары 84
Грамматикалық тақырып: Бұрынғы өткен шақта ақпаратты түсіндіру
- 20 Лексикалық тақырып: Көлікте. Көлік түрлері 88
Грамматикалық тақырып: Бұйрық рай формасының қолданылуы.
- 21 Лексикалық тақырып: Қазақстанға саяхат жасасам 93
Грамматикалық тақырып: Етістік +-са, -се формасы арқылы
қолданылуы
- 22 Лексикалық тақырып: Мен еліммен мақтанамын 97
Грамматикалық тақырып: Етістік + ғы (-гі, -кі, -қы) + тәуелдік
жалғауы келу формасының шақ, жақ бойынша түрленіп жасалуы.
- 23 Лексикалық тақырып: Жері байдың – елі бай 100
Грамматикалық тақырып: Себебі, өйткені жалғаулықтарының
қолданысы.
- 24 Лексикалық тақырып: Әсем өлке 103
Грамматикалық тақырып: Қалау рай формасының қолданылуы,
қалау мәнді сөйлемдердің берілуі
- 25 Лексикалық тақырып: Қазақстандағы ірі қалалар 107
Грамматикалық тақырып: Мекен үстеулері. Көмекші есімдер, тілде
қолданылуы.
- 26 Лексикалық тақырып: Наурыз мейрамы 110
Грамматикалық тақырып: Мезгіл үстеулер және жатыс септік
арқылы берілуі, мезгіл мәнді сөйлемдердің құрылуы.
- 27 Лексикалық тақырып: Қазақ халқының музыкалық аспаптары, 113
атаулары
Грамматикалық тақырып: Көңіл-күй одағайлары.
- 28 Лексикалық тақырып: Мен білетін тұлға 116
Грамматикалық тақырып: Етістіктің өткен шақ формаларының
қолданылуы, айырмашылығы.
- 29 Лексикалық тақырып: Білімді болғым келеді. 120
Грамматикалық тақырып: Сын есімнің шырайлары, салыстыру

| | | |
|----------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| мәннің берілуі | | |
| 30 | Лексикалық тақырып: Ғаламтор және әлеуметтік желілер Грамматикалық тақырып: Бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да жалғаулықтарының қолданысы. | 123 |
| 31 | Лексикалық тақырып: Латын әліпбиін үйренеміз Грамматикалық тақырып: Қазақ тілінің ерекшеліктері жайлы ақпаратты топтастыру, жинақтау. Жаңа әліпби туралы мәлімет Ақпаратты топтау, қайталау, талдау. | 126 |
| 32 | Глоссарий | 132 |
| 33 | Тест сұрақтары | 140 |
| 34 | Пайдаланған әдебиеттер | 147 |

Құрметті оқырман!

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті, мемлекеттік тілді жетік білетін мамандарға деген сұраныс артып отыр. Егер де сіз қандай да бір себептермен қазақ тілін меңгере алмай жүрген болсаңыз, бұл оқулық сізге жеңілден күрделіге қарай біртіндеп, жүйелі түрде тілді меңгеруге көмектесуші құрал болары анық. Алғашқы сабақта қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері, дыбыстық жүйесімен танысканнан соң дұрыс, сауатты сөйлеп үйрену үшін біртіндеп грамматикалық тақырып нақты жаттығулармен бекітіліп отырады. Еңбек қазақ тілін мәдени-танымдық, қатысымдық әрекеттер арқылы меңгертуді көздейді.

Оқулық «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 5-2 тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жасалған жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді. Еңбекте сол типтік бағдарламада көрсетілген модульдер мен тақырыптар қамтылды.

Оқулықта берілген материалдар сіздердің қоғам өміріндегі жайттардан хабардар болуларыңызды көздей отырып, қоршаған ортада қазақ тілінде еркін қарым-қатынасқа түсуге, яғни сөйлеу біліктілігін жетілдіруге, лексикалық қорыңызды молайтуға мүмкіндік береді. Жағдаятқа сәйкес ойыңызды еркін жеткізуге, қойылған сұраққа сауатты, білікті әрі ұтқыр жауап беруге дағдыландырады.

Еңбектегі лексикалық материалдар мен грамматикалық тапсырмалар мазмұндық жағынан сабақтасып, бір мақсатты жүйеде берілген. Тапсырмалар сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) қамтиды. Мәтіндерге байланысты түрлі сызбалар мен кестелерді толтыру, жаттығу түріндегі тапсырмаларды орындау арқылы сіз біліміңізді бекітіп, мәтінді тез есте сақтайтыныңызға сенімдімін.

Оқулық еліміздің жоғары оқу орындарының тілді білу деңгейі А1 (басқа елден келген студенттерге, фаундейшн бойынша) барлық мамандықтың білім алушыларына арналады. Еңбекті, сондай-ақ өздігінен тілді меңгеремін дейтіндер де қолдануына әбден болады.

1-модуль: ТАНЫСУ

Лексикалық тақырып: Танысу. Сәлемдесу. Амандық сұрасу. Қоштасу
Грамматикалық тақырып: Қазақ тілінің ерекшелігі. Қазақ әліпбиі. Қазақ дыбыстарының айтылуы мен жазылуы. Жіктеу есімдіктері. Жіктік жалғау

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақ тілінің ерекшеліктері - Особенности казахского языка

1. Баяндауыш қазақ тілінде көбінесе сөйлемнің соңында тұрады. *Сказуемое в казахском языке в основном стоит в конце предложения.*

2. Қазақ тілінде род категориясы жоқ. В казахском языке отсутствует категория рода. Сондықтан: *Ол орыс тіліндегі үш текке де қолданыла береді (он, она, оно) поэтому ол употребляется, как он, она, оно.*

3. Қазақ тілінің орыс тілінен ерекшелігі онда приставка деген жоқ. В отличии от русского языка в казахском языке отсутствует приставка: *пришел (келді); нарисовал (сурет салды).*

4. Қазақ тілінде предлог жоқ. В казахском языке нет предлогов. Орыс тіліндегі предлогтардың орнына қосымшалар (жалғаулар: септік жалғаулары) қолданылады. Значение русских предлогов в основном передается посредством послелогов, а также в форме косвенных падежей. Мысалы Например: *Я купил эти книги для детей – Мен бұл кітаптарды балалар үшін алдым. Это платье я купила для Айнур – Көйлекті Айнурға сатып алдым.*

5. Әдетте, қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі. В казахском языке обычно ударение падает на последний слог слова: *бала, терезе (ребенок, окно).* Егер сөзге қосымша жалғанса, екпін соңғы буынға (қосымшаға) жылжиды. Если к этим словам присоединяются окончания, то и ударение передвигается на последние слоги аффиксов.

6. Қазақ тілінде сөздер қалай жазылса, солай оқылады. В казахском языке слова читаются так как пишутся: *арман – мечта;*

орман – лес.

Бір дыбысты дұрыс айтпасаңыз, сөз мағынасы өзгеріп шыға келеді.

При неправильном произношении звуков значение слова меняется!!!

7. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жатады. Казахский язык относится к агглютинативной группе языков. Яғни сөзжасам сөзге қосымшаларды жалғау арқылы жасилады және олар бірінің үстіне бірі жалғанып, саны онға дейін жетуі мүмкін. То есть словобразование осуществляется за счет наращивания аффиксов, число которых может достигать до десяти.

бала+лар – дети

бала+лар+ымыз – наши дети

бала+лар+ымыз+дан – от наших детей

8. Қазақ тілінде кім? деген сұрақ тек қана адамды білдіретін зат есімдерге ғана қойылады. В казахском языке вопрос *кім?* ставится лишь к существительным, обозначающим человека. Мысалы: *кісі-человек, бала-ребенок, дәрігер-врач, туысқан-родственник. Жылқы өзіне кім? емес, не? деген сұрақ қойылады. К слову лошадь вопрос ставиться не кто?, а что?*

8. Қазақ тілінде зат есімнің алдынан сан есім келсе, зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. В казахском языке если перед существительным стоит числительное, то к

существительному окончание множественного числа не прибавляется. Мысалы (например): *бес бала (пятеро детей), бес бала+лар емес.*

9. Орыс тілінен айырмашылығы қазақ тілінде заттың кімге тиісті екенін білдіретін тәуелдік жалғауы бар. В отличие от русского языка в казахском языке существует притяжательная форма, состоящая из окончания принадлежности. Мысалы:

Менің өмірім – моя жизнь
Сенің өмірің – твоя жизнь
Сіздің өміріңіз – Ваша жизнь
Оның өмірі – его (ее) жизнь

Біздің өміріміз – наша жизнь
Сендердің өмірлерің – ваша жизнь
Сіздердің өмірлеріңіз – Ваша жизнь
Олардың өмірлері – их жизнь

10. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары бар. В казахском языке есть свои специфические звуки. Бұл (это):

1) **Жінішке** сөздердің бірінші буындарының құрамында кездесетін жінішке **ә** дыбысы. Мягкий гласный: **ә** употребляется в мягких словах в первых слогах. Дыбысты дұрыс айтпасаңыз, сөз мағынасы өзгеріп кетеді. При неправильном произношении звуков меняется значение слова (*ал – бери; ал – сила, мощь*); (*алды – взял; әлді – сильный*); (*сан – число; сән – мода*).

2) **Ә** жінішке, еріндік дауысты дыбыс. Мягкий губной гласный звук: **ә** (ерін дөңгеленіп, алға қарай жылжиды, ауыз қысыңқы ашылады – губы округляются и сильно вытягиваются вперед, рот раскрывается узко). Бұл дыбыс жінішке сөздердің бірінші және ортаңғы буындарында кездеседі. Этот звук встречается в начале и в середине слова, в первых слогах мягкого слова (*кәл – озеро; қол – рука; сөздік – словарь; созық – растянули*).

3) **Ұ** жуан дауысты дыбыс. Твердый губной гласный звук: **ұ** (ерін дөңгеленіп, алға қарай, ал тіл сәл артқа қарай жылжиды да дыбыс тамақтан шыққандай айтылады – губы вытягиваются вперед, язык чуть назад и звук «ф» произносится гортанно). Ол жуан, әрі қысқа айтылады. Оно произносится твердо, кратко. Сөздің алғашқы және ортаңғы буындарында қолданылады. Употребляется в начале и середине слова. Сөздің соңғы буынында кездеспейді. В конце слова не встречается. *Ұя – гнездо; ұл – сын; ұн – мука.*

4) «**Ұ**» дыбысының жінішке нұсқасы – **ү** дауысты дыбысы. Мягкий вариант звука «ф» - **ү** (гласный губной звук). Қысқа әрі жінішке айтылады. Произносится мягко и кратко. Сөз соңында кездеспейді. В конце слова не встречается. *Үш – три; үй – дом; күн – день; түн – ночь.*

5) «**Ы**» жуан езулік дауысты дыбыс. Твердый не губной гласный: **ы** (тез әрі жуан айтылады, бірақ орыс тіліндегі «ы» дыбысымен бірдей айтылмайды – произносится бегло и твердо, но не соответствует русскому звуку «ы»). Айтқан кезде ерін құлаққа қарай тартылып, тілдің алды таңдайға қарай көтеріледі. При произношении губы чуть растягиваются к ушам, а передняя часть языка приподнимается к небу. Сөздің бірінші, ортаңғы және соңғы буындарында да кездесе береді. Встречается во всех позициях: в начале, в середине и в конце слова. *Жыл – год; сабын – мыло, осы – этот*

6) «**І**» жінішке, езулік дауысты дыбыс. Мягкий негубной гласный звук – **і** (тез, әрі қысқа айтылады – произносится бегло, кратко. Орыс тілінің дауысты дыбыстар

жүйесіндегі дыбыстарға сай келмейді. Оны орыс тіліндегі «и» дыбысымен шатастыруға болмайды. Он не имеет соответствия в системе русских гласных, его нельзя смешивать со звуком «и»). Айтқан кезде ерін құлаққа қарай тартылады, тілдің ұшы алға қарай жылжиды. При произношении губы растягиваются, а кончик языка продвигается вперед. Сөздің барлық позицияларында ұшырасады: басында, ортасында, соңында. Встречается во всех позициях слова: в начале, в середине и в конце слова: *іс – дело; есік – дверь; бірінші – первый*

Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстар - Специфические согласные звуки.

1) «э» көмей дауыссыз дыбысы. Гортанный согласный звук – а (айтқан кезде тілдің артқы бөлігі тандайдың артқы бөлігіне қарай жақындайды, бірақ оған жұмыспайды - образуется путем приближения задней части языка к заднему небу, но не смыкается с ним): *баға – оценка; алға – вперед; жазалау – набережная*

2) тіл арты «к» дауыссыз дыбысы - заднеязычный согласный звук – қ (к дыбысының жұпш нұсқасы - твердый вариант звука к): *қар – снег; қала – город; қонақ – гость*

3) мұрындық, тіл арты «ң» дауыссыз дыбысы - носовой, смычный заднеязычный звук – ң (сөздің тек ортаңғы және соңғы буындарында ғана кездеседі - встречается только в середине и в конце слова). «ң» мен «н»-ны шатастыруға болмайды, дұрыс айтылмаған жағдайда сөз мағынасы өзгереді. При неправильном произношении звука «и» и «и» меняется значение слова: *мен – я; мең – родинка*

4) «һ» көмей дауыссыз дыбысы - гортанный согласный звук – һ (орыс тіліндегі «х») дыбысына ұқсас, бірақ бірдей емес - не имеет соответствия согласным русского языка, но ближе к звуку «х»). Ауаны толық шығарған кезде тұйық айтылады. Произносится глухо, обрывается при полном выдохе. Қазақ тілінде «һ» дыбысымен келетін сөздер аз, бірақ бір. Слов со звуком «һ» в казахском языке очень мало (*Ғауһар, жиһаз*), көбінесе одағай сөздерде кездеседі - в основном встречается в междометиях: *ah, oho, oh, uh, eh*. Сөздің ортасында және соңында қолданылады. Употребляется в середине и в конце слова.

1-тапсырма. Төл дыбыстарды тауып астын сызыңыз. *Найдите специфические звуки и подчеркните.*

Жәния, Темірлан, Сәкен, Қаламқас, Жауһар, Әсел, Ескендір, Қаһарман, Лияс, Кәрім.

2-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз. Берілген сөздердің құрамындағы төл дыбыстардың астын сызыңыз. *Познакомьтесь со словами, касающиеся темы занятия. Найдите специфические звуки и подчеркните*

| | | | |
|---------------------|----------------|------------|-------------|
| Сәлем | Привет! | Жақсы | Хорошо |
| Сәлеметсің бе! | Здравствуй! | Жаман | Плохо |
| Сәлеметсіз бе! | Здравствуйте! | Өте жақсы | Отлично |
| Сәлеметсіздер ме! | Здравствуйте! | Онша емес | Не важно |
| Қалың(ыз) қалай? | Как дела? | Жаман емес | Не плохо |
| Қалайсың? | Как ты? | Тамаша | Прекрасно |
| Қалайсыз? | Как Вы? | Керемет | Классно |
| Қалдарың(ыз) қалай? | Как ваши дела? | Өте жаман | Очень плохо |
| Сәлемдес | поздоровайся | Ойдағыдай | По прежнему |
| Сәлемдесу | Приветствие | Бірқалыпты | По прежнему |

| | | | |
|--------------|--------------|----------------------|------------------|
| Қайырлы таң! | Доброе утро | Рақмет! | Спасибо |
| Қайырлы күн! | Добрый день | Сау бол(ыңыз)(дар) | До свидания |
| Қайырлы кеш! | Добрый вечер | Қош бол(ыңыз)(дар) | Прощай(те) |
| Кеш жарық! | Добрый вечер | Қош келдің(із)(дер)! | Добро пожаловать |
| Қайырлы түн! | Доброй ночи | Сау бол(ыңыз)(дар)! | Досвидание |
| Амансың ба! | Здравствуй! | Есенсің бе! | Здравствуй! |

| | | | |
|-----------|------------|----------------|---------------|
| Жағдай | Дела | Күйеу (жолдас) | Муж |
| Көңіл күй | Настроение | Әйел (жұбай) | Жена |
| Денсаулық | Здоровье | Бала | Ребенок |
| Жұмыс | Работа | Балалар | Дети |
| Отбасы | Семья | Өзің қалайсың? | А как сам(а)? |
| | | Бәрі жақсы ма? | Все хорошо? |

3-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздерді пайдаланып, бір-біріңізбен амандасып, хал сұрасыңыздар.

4-тапсырма. Төменде қандай сөздер берілген? Сөздерді ажыратыңыз.
Разграничьте слова

СӘЛЕМЕТСІҢБЕСӘЛЕМСӘЛЕМЕТСІЗБЕ

5-тапсырма. Сөздерді тыңдаңыз және қайталаңыз. *Слушайте и повторяйте слова*

| | | | |
|-------|----------|-----------|-------------------------------------------|
| Мырза | Господин | Қарындас | 1. Младшая сестра; 2. Девушка |
| Ханым | Госпожа | Жігіт(ім) | Парень; молодой человек |
| Ағай | Дядя | Бойжеткен | Девушка |
| Апай | Тетя | Бауыр(ым) | Младший брат; братишка (по отн. к жен.р.) |
| | | Іні(шек) | Младший брат; братишка (по отн. к муж.р.) |

Қоштасу

6-тапсырма. Керекті сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.
Переведите на русский язык слова и словосочетания

- Қош сау болыңыз! -
 Жолыңыз болсын! -
 Қоштасу -
 Кешікпей көріскенше -
 Көріскенше! -
 Мен көп ұзамай ораламын -
 Жайлы жатып жақсы тұрыңыз -
 Бәріне сәлем айтыңыз -
 Қош болыңыз! -
 Сау болыңыз! -
 Гафу етіңіз! -
 Кешіріңіз! -

Жарайды -
 Ренжіме -

7-тапсырма. Жаңа сөздермен танысыңыз.

| | |
|----------------------|----------------------------------|
| Ұл | қазақ – казах, казашка |
| қыз | орыс – русский, русская |
| еркек | ағылшын – англичанин, англичанка |
| әйел | неміс – немец, немка |
| ина | кәріс – кореец, кореянка |
| әке | татар – татарин, татарка |
| досы – его (ее) друг | украин – украинец, украинка |
| құрбы – ее подруга | ұйғыр – уйгур, уйгурка |

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Жіктік жалғау личные окончания

Зат есімдерге жіктік жалғау жалғану кестесі Таблица присоединения личных окончаний именных частей речи

| Жақ лицо/ Жіктеу есімдігі Личное местоимение | Сөздің соңғы дыбысы Конечный звук слова | Жіктік жалғау Личные окончания | |
|-------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--------------------------------|------------------------|
| | | Жекеше түр Ед. ч. | Көпше түр Мн. число |
| I Мен | Гласный или сонорный (р, й, л, у, м, н, ң) | -мын, -мін | -мыз, -міз |
| | Звонкие согласные з, ж Глухой согласный или звонкие б, в, г, д | -бын, -бін | -быз, -біз |
| II Сен Сіз | Независимо от конечного звука слова | -сың, -сің | -сындар, -сіндер |
| | | -сыз, -сіз | -сыздар, -сіздер |
| III | Не имеет личных окончаний | | |


Мысал (пример): I жақ (I лицо)

Мен → ұл+мын
 → қыз+бын
 → Боб+пын

II жақ:

Сен → ұл+сың
 → әке+сің

Сыпайы түрі (вежливая форма)



Адамның мамандығын білдіретін сөздер де, яғни мамандық атаулары да жіктеледі. *Спрягаться могут и слова, обозначающие профессию человека*

Мысалы:

мен менеджер+мін – я менеджер
сен банкир+сің – ты банкир
ол ұшқыш+0 – он летчик.

8-тапсырма. Төмендегі сөздерге жіктік жалғауын жалғаңыз. Вместо много точек вставьте личные окончания.

Ол бала..., сен экономист..., мен дәргер..., сіз тілші..., ол сатушы..., біз жүргізуші..., сіз таныс...

9-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз. Прочитайте диалог

1.- Сәлеметсіз бе, Нұрлан Маратұлы!

- Сәлеметсіз бе, Евгений Борисович!

- Жағдайыңыз қалай?

- Жаман емес. **Өзіңіз** қалайсыз? Отбасыңыз аман ба?

- Отбасым аман, бізде бәрі жақсы. Сізде ше, жұмысыңыз, отбасыңыз қалай?

- Бәрі жақсы.

2. - Сәлеметсіз бе, Мұрат Серікұлы!

- Сәлеметсің бе, Айнұр. Қалың қалай?

- Жаман емес. Өзіңіздің қалыңыз қалай?

- Бәрі жақсы.

- Денсаулығыңыз қалай?

- Рақмет, жақсы. Өз денсаулығың **жақсы** ма?

- Ия, жақсы.

10-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңыз. Дополните диалог

1. - Қайырлы таң, _____

- Сәлеметсіз бе, _____

- Қалыңыз қалай _____ ?

- _____, Сіздің қалыңыз қалай?

- _____.

2. - Қайырлы таң, апай!

- _____!

- Қалыңыз қалай?

- _____ Сіздердің _____ ?

- _____

3. - Қайырлы таң, _____

- Сәлеметсіз бе, _____

- _____, қалыңыз қалай?

- _____ ?

- Сау болыңыз, _____

- _____

4.

1. _____, ханымдар мен мырзалар!

2. _____, ағай!

3. _____, Марина!

4. Апай, _____ ?

5. _____, қарындас!

5.

1. Қал _____ қалай, Марал?

Рақмет, _____.

2. Денсаулығы _____ қалай, ағай?

_____ , рақмет.

3. Көңіл күйі _____ қалай, балалар?

_____.

4. Отбасы _____, Ирина?

Отбасымда бәрі _____.

5. Апай, жұмыс _____ қалай?

Жұмыс _____.

Тірек сөздер: бойжеткен, танысуға рұқсат етіңіз, сәлеметсіз бе, менің ағтым, көңіл күй, жақсы

Тірек сөздер: қонақтар, ханымдар мен мырзалар, көңіл күй, қайырлы кеш, құрметті

Тірек сөздер: сәлем, жұмыс, қалың, достым, кездескенше

11-тапсырма. Жаңа сөздермен танысыңыз. Познакомтесь с новыми словами

Қуаныштымын - рад

Көргеніме қуаныштымын - рад видеть

Бәрі, барлығы - все

Жаңалық - новость

Орынша - по прежнему

Міндетті түрде – непременно

12-тапсырма. Сұхбатты оқып, жаңа сөздердің қолданылуына назар аударыңыз. Прочитайте диалог и обратите внимание на употребление новых слов

- Сәлеметсіз бе, Нұрлан! Жағдайыңыз қалай?

- Сәлеметсіз бе! Менде бәрі жақсы. Өзіңіз қалайсыз?

- Рақмет, жақсы. Сізді көргеніме қуаныштымын.

- Мен де қуаныштымын. Жұмысыңыз, бәрі орынша ма? Не жаңалығыңыз бар?

- Менде ешқандай жаңалық жоқ. Жұмысым орынша, бұрынғы жерде істеп жатырмын.

- Балалар қалай?

- Жақсы. Ұлым университетте үшінші курста оқып жүр.

- А, тамаша. Сәлем айтыңыз.

- Міндетті түрде айтамын. Өзіңіз де үй ішіне сәлем айтыңыз.

- Сау болыңыз.

- Сау болыңыз.

Танысу

13-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз. Познакомтесь со словами касающися темы

| | |
|-------------------------------|-----------------------------|
| Танысып қой(ыңыз) - | познакомься//познакомтесь |
| Танысқанымна қуаныштымын- | рад знакомству |
| Танысып қояйық - | давай знакомиться |
| Бізді таныстырғың келмей ме?- | не хочешь нас познакомиться |
| Біз таныспыз - | мы знакомы |
| Біз бір-бірімізді танимыз - | мы знаем друг-друга |

14-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз. Тәуелдік жалғаулары мен жіктік жалғауын анықтаңыз. Прочитайте диалог. Укажите притежательные и личные окончания.

- Сәлем.

- Сәлем.

- Танысып қояйық, менің атым Әйгерім.

- Менің атым – Зарина.

- Зарина, сен осы мектепте оқисың ба?

- Жоқ, мен де сен сияқты конкурсқа қатысуға келдім.

- А, тамаша, сәттілік.

- Сендердің де командаларына сәттілік тілеймін.

15-тапсырма. Сұхбатты аяқтаңыз. Завершите диалог

- Менің атым – Елдана, ал сенің атың кім?

- Менің атым – Әділ.

- Сенің отбасың үлкен бе?

- Жоқ,

Отбасымда:,,, ... бар.

16-тапсырма. Модельге жаттығыңыз. Тенирируемся по модели.

Сен кім боласың?

Сіз кім боласыз?

- Қайырлы күн!

- Қайырлы күн!

- Сіз кім боласыз?
- Мен - Иванова Элина боламын.
- Сізге кім керек?
- Сергей Иванович.
- Отырыңыз, қазір шақырамын.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Жіктелген зат есімнің болымсыз түрі Отрицательная форма именного спряжения

Жіктелген зат есімнің болымсыз түрі зат есімнен кейін жіктік жалғаулы «емес» сөзі келу арқылы жасалады. Отрицательная форма именного спряжения образуется при помощи отрицательного слова емес, к которому присоединяются личные окончания. *Мысалы:*

- | | |
|--------------------|--------------------|
| Мен бала емеспін | - Я не ребенок |
| Ол бизнесмен емес. | - Он не бизнесмен. |

Салыстырайық (давайте сравним)

- | | |
|---------------------------|----------------------|
| Сен тазквондошы+сың. | - Ты тазквондист. |
| Сен тазквондошы емес+сің. | - Ты не тазквондист. |
| Ол педагог. | - Он(а) педагог. |
| Сен педагог емес+сің. | - Ты не педагог. |

17-тапсырма. Төмендегі сөздерді қолданып, модельге жаттығыңыз.

Тренируйтесь по модели используя название профессии

Қаржыгер, сатушы, жазушы, ақын, мұғалім, суретші, әнші.

Ия, мен есепшімін.

Жоқ, мен есепші емеспін.

Үлгі: - Элина, сіз есепшісіз бе?

- Жоқ, мен есепші емеспін, мен экономистпін.

(Ия, мен есепшімін)

18-тапсырма. Төменде берілген форманы қолданып, өзіңіз жайлы ақпарат беріңіз. Используя заданную форму дайте информацию о себе.

Аты-жөнім: Жанат Төкенқызы (Жанна Төкенқызымын)

Ұлтым: қазақ (қазақпын)

Жынысым: әйел/еркек (әйелмін)

Отбасы жағдайым: тұрмыста//үйленген (тұрмыстамын)

Мамандығым: экономист (экономистпін)

Туған жерім: Қарағанды (қарағандылықпын)

Тұратын жерім: Алматы қаласы (Алматыда тұрамын)

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Қазақ тілінде баяндауыш сөйлемнің қай жерінде тұрады?
2. Қазақ тілінде қандай категориялар жоқ?

3. Қазақ тілінің орыс тілінен ерекшелігі қандай?
4. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
5. Қазақ тілінде «кім?» деген сұрақ қандай сөздерге қойылады?
6. Қазақ тіліндегі сан есім мен зат есімнің тіркесуінде қандай ерекшелік бар?
7. Тәуелдік жалғауына қатысты ерекшелікті атаңыз.
8. Қазақ тіліне тән дауысты дыбыстарды атаңыз.
9. Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстарды атаңыз.
10. Қоштасқанда қазақтар қандай фразаларды қолданады?
11. Зат есімдерге жалғанатын жіктік жалғауларын атаңыз.
12. Жіктелген зат есімнің болымсыз түрі қалай жасалады?

2-модуль: ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Лексикалық тақырып: Мен және менің отбасым. Отбасы – кіші мемлекет. Отбасы мүшелерінің сипаты.

Грамматикалық тақырып: Дыбыстардың жіктелуі. Үндестік заңы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Фонетика – тілдегі дыбыстар жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Фонетика – сфера языкознания исследующая систему звуков того или иного языка. Фонетика (гректің «фоне» – дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған) – тіл дыбыстарының жүйесін, жасалуы мен ерекшеліктерін, дыбыстардың жіктелуін, жазылу емлесін, дыбыстардың заңдылықтарын, үндесуін, буын түрлері мен құрамын, тасымал, екпін, орфография мен орфоэпия жайлы заңдылықтарды зерттейді. Фонетика (от греческого слова «фоне» – звук) – исследует систему звуков, образования и особенности звуков, квалификации звуков, закон сингармонизма, виды и состав слогов, орфографию и орфоэпию.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі – Звуковая система казахского языка. Кириллицаға құрылған әліпби бойынша қазақ тілінде 42 әріп, 36 дыбыс бар. По алфавиту основанной на кириллице в казахском языке 42 букв и 36 звуков. Қазақ тіліндегі дыбыстар дауыс қатынасына қарай үлкен екі топқа бөлінеді: дауысты (гласные) және дауыссыз (согласные) дыбыстар. Қазақ тілінде 11 (а,ә,о,ө,ұ,ү,ы,і,е,и,у) дауысты, 25 (б, п, в, ф, д, т, г, ғ, с, ж, з, ш, ч, ц, н, ң, м, к, қ, л, р, у, х, й, һ) дауыссыз бар.

Дауысты дыбыстар: (Гласные звуки в казахском языке)

| Дауысты дыбыстардың түрлері | | | | | |
|-----------------------------|-------------------|-------------------------|------------------|--------------------------|------------------------------|
| Тілдің қатынасына қарай | | Жақтың қатынасына қарай | | Еріннің қатынасына қарай | |
| По подъему языка | | По положению члности | | По участию губ | |
| жуан твердые | жіңішке мягкие | ашық открытые | қысаң сжатые | еріндік губные | езулік неллабиализованные |
| а, о, ы, ұ, ә, у | ә, ө, і, ү, е, и | а, ә, е, о, ө, э | ы, и, і, у, ұ, ү | о, ө, у, ү | а, ә, е, ә, ы, і, и |

Дауыссыз дыбыстар: (Согласные звуки в казахском языке)

Дауыссыз дыбыстар түрлері Виды согласных звуков

| Үңгір Звонкие | Қатаң Глухие | Үнді Сонорные |
|---------------------|------------------------------------|-----------------------|
| б, в, г, ғ, д, ж, з | к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ | й, р, л, м, н, ң, (у) |

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ – ЗАКОН СИНГАРМОНИЗМА

Қазақ тілі типологиялық және морфологиялық құрылымы жағынан жиіғамалы тілдер тобына жатады. Казахский язык по типологической и морфологической структурам относится к группе агглютинативных языков. Сондықтан да жаңа сөздер мен сөздің түрлі тұлғалары түбірге немесе сөз негізіне сөз тудырушы және тұлға өзгертуші қосымшалар (жұрнақтар мен жалғаулар) жалғану арқылы жасалады. Поэтому новые слова и различные формы слов образуются посредством последовательного присоединения к корню или основе новых различных словообразовательных и формообразующих аффиксов – суффиксы и окончания. Мұндай жағдайда түбір өзгеріссіз қалады және қосымшалар түбірмен үндеседі. Яғни қазақ тілінде сөз тудыруда үндестік заңдылығы басшылыққа алынады. При этом корень остается без изменений, аффиксы гармонируют с корнем, т.е. образованием слов в казахском языке управляет закон сингармонизма – закон созвучия (гармонии) звуков основного слова и аффиксов. Қосымша түбірдегі дауысты дыбыстың жуан, ия жіңішке болуына байланысты жиіғанады. Поэтому особенность казахского словообразования и словоизменения состоит в том, что любые аффиксы прибавляются к любому слову по принципу твердости или мягкости гласного в корне слова.

Қазақ тілінде үндестік заңдылығының екі түрі бар: В казахском языке различают два вида сингармонизма.

а) дауысты дыбыстар үндестігі (гармония гласных звуков);

б) дауыссыз дыбыстар үндестігі (гармония согласных звуков).

Дыбыс үндестігі немесе (ассимиляция) дегеніміз – қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі. Ассимиляция или гармония звуков – это созвучие влияния и двух рядом стоящих звуков. Қазақ тілінде ықпал заңының үш түрі бар: **ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.** В казахском языке существует три вида сингармонизма: прогрессивная (предыдущее влияние) и регрессивная (последовательное влияние) и взаимное влияние звуков.

Прогрессивная и регрессивная ассимиляция

Гармония согласных бывает двух видов: прогрессивная и регрессивная ассимиляция. По прогрессивной ассимиляции (ілгерінді ықпал): Последний звук основа влияет на первый звук окончание.

1. Если последний звук глухой согласный (К, Қ, П, Т, С, Ф, Ш) или звонкий б, в, г, д то начальный звук аффикса будет глухим.

Например:

Студент+тер – студенты

ізденіс+те – в поиске

тап+са - если найдет

кітап+қа – книге

кеш+ке - вечером

2. Если основа (корень) заканчивается на гласный звук или на звонкий (Ж, З) или сонорный (Л, М, Н, Ң, Й, У, Р) согласный, то и аффиксы начинаются со звонкого или сонорного звука.

Например:

Бала+ға - ребенку

көше+де – на улице

біз+дің -- наш

тәж+ді – корону

ұл+да – у мальчика

аң+да – у животных

бүгін+гі күн+де – на сегодняшний день

Өзбекстан+да – в Узбекистане

олар+да – у них

осы ай+да – в этом месяце

тау+да – в горах

Кейінді ықпал дегеніміз – бір сөз көлемінде не екі сөз арасында кейінгі дыбыстың өзінен бұрынғы дыбысқа әсер етіп, ықпал жасауын айтамыз.

Мысалы: *табақ – табағы, көзсіз- құссіз, жазсын – жассын, азса – асса, көкала – көгала* т.б. Регрессивная ассимиляция (кейінді ықпал): Если к корням или основам с конечным глухими согласными к, қ, п озвончиваются в звуки г, г, б. *Например:* қасық + ы - қасығы, доп+ ым - добым.

Образование притяжательной формы от существительных тап (класс), аяқ (нога), жүрек (сердце). **Мысалы:** *жұмысшы табы* (рабочий класс), *үстелдің аяғы* (ножка стола), *жұмыстың аяғы* (конец работы), *адамның жүрегі* (сердце человека) и др.

Үндестік заңы (Закон сингармонизма) дегеніміз – ішіндегі дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, біркелкі болып қолданылуы.

Үндестік заңының 2 түрі бар: дыбыс үндестігі және буын үндестігі.

Буын үндестігі – сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не жіңішке болып үндесуі. **Мысалы:** көршілермен, қой-шы-лар-ы-мыз-дың, қой – ды, ән-ші- лер- ге т.б.

Түбір мен қосымша арасындағы буын үндестігінің мынадай заңдылығы бар.

1. Қазақтың байырғы түбір сөздерінің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Если последний слог основы, корня содержит твердые гласные: А, О, Ұ, Ы, то и в составляющих его аффиксах должны быть именно твердые гласные.

Мысалы: Балықшы балық+шы+ны алыстан таниды – Рыбак рыбака видит издалека. Бала+лар аула+да ойнап жүр – Дети играют во дворе.

2. Түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады. Если последний слог корня имеет мягкие гласные: Ә, Е, Ә, Ү, І, то и в аффиксах должны быть мягкие гласные.

Мысалы:

Етік+ші – сапожник

күзет+ші – сторож

ән+ші+лер – певцы

би+ші+лер – танцовщицы

үй – де – гі – лер – ге

Есте сақтаңыз: Примечание:

Сингармонизм қазақ тілінде ерекше орын алады. Ол сауаттылық пен дұрыс оқуды бір жүйеге түсіреді. Закон сингармонизма в казахском языке занимает особое место. Он регламентирует чтение, грамотность.

Егер де сөз қатаң дауыссыз дыбыстарға немесе ұяң Б, В, Г, Д дыбыстарына аяқталса, оған жалғанатын қосымша қатаң дауыссыз дыбыстардан басталуы керісінше. Если слова заканчивается на звонкие Б, В, Г, Д, окончание должен начаться с глухого согласного

Боб+қа – к Бобу

флаг+ты – флаг

сад+та – в саду

Алиев+ке – Алиеву

Қазақ тілінде сингармонизм заңдылығына бағынбайтын сөздер мен қосымшалар кездеседі. Оларға негізінен кірме сөздер мен кірме қосымшалар жатады. В казахском языке встречаются заимствованные слова и аффиксы которые не подчиняются закону сингармонизма. Бұл // это суффиксы: -ист, -изм, -хана, -хор, -паз, -кеш, -қой, -гер қосымшалары. *Мысалы:* Кітапхана, арбакеш, ақылғөй, өнерпаз

Қазақ тілінде жуан нұсқасы жоқ, сондықтан да сөз түбірін талғамай аяқталғана беретін қосымшалар да бар. Есть в казахском языке и аффиксы которые присоединяются ко всем словам, так как не имеют твердых вариантов. Бұл //это окончания Көмектес септік: -бен, -пен, -мен жалғаулары мен суффиксы принадлежности: -нікі, -дікі, - тікі меншіктілік жұрнақтары.

Мысалы:

Арман+мен сөйлестім – разговаривал с Арман

кітап Арман+дікі – книга Армана

1-тапсырма. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен келген төмендегі сөздермен сөйлем құрастырыңыз. Составьте предложения со словами не подчиняющимися закону сингармонизма.

Үлгі: Мен дәріханаға барадым.

дәрі-хана, Арман-бек, әзіл-қой, адам-мен, сезім -тал,әке-тай,білім-дар.

2-тапсырма. Отбасы мүшелеріне қатысты сөздермен танысыңыз, есіңізге сақтаңыз. Знакомтесь со словами обозначающими членов семьи.

| Әке | Отец | келін | Сноха |
|-------------------|----------------|----------|-----------------------------------|
| Апа (шеше) | Мать | немере | внук (дети сына) |
| Әже | Бабушка | жиен | внук (дети дочери) |
| Ата | Дедушка | сіңлі | младшая сестра (по отн. к жен.р.) |
| Аға | старший брат | қарындас | младшая сестра (по отн. к муж.р.) |
| Әнке | старшая сестра | кенже ұл | младший сын |
| Күйеу// жолдас | Муж | бауыр | младший брат (по отн. к жен.р.) |
| Әйел// Жүбай | Жена | іні | младший брат (по отн. к муж.р.) |

| | | | |
|------------|-----------------------------------------------|--------|-------------------------------------|
| Жезде | муж старшой сестры | нағашы | дядя (родственники со стороны мамы) |
| Күйеу бала | зять (муж младшой сестры, а также муж дочери) | тәте | Тәтя |
| Жиен | дети дочери | внук | Немере |
| | | шөбере | Правнук |

3-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз.




4-тапсырма. Шашыраған сөздерді реттеп сөйлем құрастырыңыз. Приведите слова в порядок чтоб составить предложения.

1. аты, менің атым, Мейіржан, әкемнің, Алуа.
2. оқимын, мен, С. Сейфуллин атындағы, Қазақ агротехникалық, университетте.
3. мектепте, ол, қаласындағы, №15, пәнінің, Астана, биология, мұғалімі.
4. ауылда, зейнеткерлер, әке мен шешем, істейді, ағаларым, жұмыс.
5. жездесі, кісі, Жұлдыздың, бұл.
6. шағын, емес, отбасымыз, үлкен, біздің

5-тапсырма. Төменде берілген туыстық атауларды қазақ тіліне аударып, олармен сөйлемдер құрастырыңыз, дауысты дыбыстарды бір, дауыссыз дыбыстарды екі сызықпен сызыңыз. Төл дыбыстарды қарындашпен қоршап қойыңыз. Переведите на казахский язык слова обозначающие родственные отношения, составьте с ними предложения. Подчеркните согласные звуки двумя, гласные звуки одной чертой.

Дедушка, бабушка, отец, мать, старший брат, дядя, старшая сестра, тәтя, младший брат, братишка, младшая родная или двоюродная сестра, зять, жена старшего брата, сноха, невестка, дитя, мальчик, ребенок, внук, правнук.

6-тапсырма. Өз отбасыңыздың мүшелерінің фото суретін көрсете отырып, отбасыңызбен таныстырыңыз. Показывая фотографии членов своей семьи познакомьте аудиторию со своей семьей.



Үлгі: Арман: Саша, танысып қой. Бұл менің отбасым. Мынау – менің әкем. Оның аты Әмірбек. Бұл – менің анам. Оның аты – Үміт. Бұл менің әпкем. Оның аты – Әлия.

7-тапсырма. Отбасы туралы мақал-мәтел жазып, мағынасын түсіндіріңіз. Тапшыртыпте пословицы и поговорки и раскройте значения.

Үлгі: Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар. Мағынасы: Баласы бар үйде өте көңілді, қызықты, ал баласы жоқ үйде тып-тыныш, көңілсіз, жабырқау.

8-тапсырма. Берілген есімдіктерді пайдаланып сөз тіркесін құраңыз. с личными местоимениями и словами обозначающие родственные отношения составьте словосочетания.

| | |
|------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
| Менің/оның/сенің | Балам, ағасы, әкең, атам, інісі, қарындасы, әжем, әпкесі, баласы, отбасым, аған, досым |
|------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|

Үлгі: менің балам

9-тапсырма. Берілген есімдіктердің орнына басқа жіктеу есімдіктерін қойып өзгертіңіз. Заменяйте личные местоимения с другими личными местоимениями и читайте предложения.

Үлгі: Бұл – менің қарындасым – Бұл – оның қарындасы (сенің, сіздің, білдің, сендердің, олардың)

2. Бұл – менің сіңлім.
3. Бұл – менің әпкем
4. Бұл – менің інім
5. Менің атым - Бексұлтан
6. Менің отбасым бар.
7. Менің ағым – Жомарт

10-тапсырма. Тиісті сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыз. К нужным словам присоединяйте притяжательные окончания и составьте предложения с личными словами.

1. Ақар/менің/ана.
2. әже/Ұлпан/менің.
3. Қайырбек/оның/ата.
4. Әсел/ат/оның.
6. Асқар/менің/ат.
7. Қайрат/оның/іні.
8. Жанар/оның/әпке.

11-тапсырма. Рөлдік ойын: сіз досыңыздың үйіне қонаққа келдіңіз. Досыңыз өз отбасын (ол адам оған кім болып келетінін айтып) тапшыртып жатыр. Әр отбасы мүшесі қысқаша өзі туралы (атын, отбасылық жағдайын) айту тиіс.. Ролевая игра: вы пришли к другу домой, он называя кем выводитс тот или иной человек, знакомит своей семьей. Тот кого называл выходит вперед (делает шаг) и рассказывает о себе (называет имя, семейное положение)

12-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, түсінгеніңізді айтыңыз. Прочитайте текст, перескажите.

Біздің отбасымыз онша үлкен емес, небары үш адам. Ол мен, менің досым мен ұлым. Мен бірінші қалалық аурухананың бас дәрігерімін. Досым – инженер. Ал ұлым биыл Инновациялық Еуразия университетінің

зақ факультетіне түсті. Қазір бірінші курс студенті. Оның болашақ мамандығы зангер.

Біздің отбасымыз өте тату. Кешке бәріміз үстел басында жиналамыз. Күнделікті атқарған ісіміз және кезекті мәселелер жөнінде әңгімелесеміз. Демалыс күндері театрға барамыз, ал кейде жай таза ауада қыдырамыз. Жазда саяжайға бірге барамыз, ойын ойнап көңіл көтереміз, кәуап пісіреміз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Фонетика тіл білімінің қандай саласы?
2. Қазақ тілінде неше әріп, неше дыбыс бар?
3. Қазақ тілінде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыс бар?
4. Жуан дауысты дыбыстарды атаңыз.
5. Жіңішке дауысты дыбыстарды атаңыз.
6. Қатан, ұяң, үнді дауысты дыбыстарды атаңыз.
7. Қазақ тілінде сөз тудыруда не басшылыққа алынады?
8. Қосымша қалай жалғанады?
9. Қазақ тілінде үндестік заңдылығының неше түрі бар?
10. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?
11. Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтарды атаңыз.
12. Қазақ тілінде қандай септіктің сұрағы үндестік заңына бағынбайды және ол қандай жалғаулар?
13. Кейінді ықпал дегеніміз не?
14. Отбасы мүшелеріне қатысты атауларды айтып беріңіз.

3-модуль: АДАМНЫҢ МІНЕЗІ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

Лексикалық тақырып: Менің мінезім, сыртқы келбетім. Достарым және мен
Грамматикалық тақырып: Есім сөздердің қолданылуы. Тәуелдік жалғау

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫ Окончания принадлежности

Қазақ тілінің орыс тілінен айырмашылығы қазақ тілінде тәуелдік жалғау бар. В отличие от русского языка, в казахском языке существуют притяжательные окончания существительных. Зат есімнің тәуелдік жалғаулары заттың кімге тиесілі екендігін білдіреді. Притяжательное окончание показывают принадлежность предмета, явления первому, второму или третьему лицу.

Ол екі түрлі жолмен жасалады: 1) Біреуге (бір нәрсеге) тәуелді болатын сөзге (зат, құбылыс атауына) тәуелдік жалғауы, ал сол затқа, құбылысқа ие болушы атауға (сөзге) ілік септік жалғауы жалғанады. К словам, обозначающим название предмета, явления обладания, прибавляются окончания притяжательной формы, а слова, обозначающие названия обладателя предмета, явления употребляются в ілік септік (родительный падеж). Таким образом выражает отношении одного предмета к другому.

ЕСКЕ САҚТАҢЫЗ!!! ЗАПОМНИТЕ!!!

1. -н дыбысына аяқталатын жіктеу есімдіктеріне (мен, сен) ілік септік жалғауы жалғанғанда бір «н» түсіп қалады. При прибавлении ілік септік к личным

монотониями, которые закончиваются на звук –н, пишется и слышится только один «н». Мысалы: *мен-нің емес, менің; сен-нің емес, сенің.*

2. Ілік септігінде келген сөз өзінен кейін міндетті түрде тәуелдік жалғаулы сөзді қажет етеді. Поэтомуды слова в родительном падеже всегда требует после себя употребления слова в форме притяжательности.

Мысалы:

- Мына кітап Айдардың кітабы. – Эта книга принадлежит Айдару.
- Асан Оразай – фирманың директоры. – Асан Оразай – директор фирмы.
- Қалыбек – Батанның ұлы. – Қалыбек – сын Батана.

Сонымен, тәуелділік категориясы көпше немесе жекеше түрдегі зат есімге тәуелдік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Итaк, категория принадлежности образуется путем прибавления к существительным в единственном и во множественном числе окончаний, выражающего принадлежность (тәуелдік жалғаулары):

Тәуелдік жалғауының жалғану кестесі

Таблица присоединения окончаний притяжательной формы

| Жақ (лицо) | Жекеше түр (ед. ч.) | | Көпше түр (мн. ч.) | | |
|------------------------------------------|-----------------------|-------------------------|-----------------------|--------------------|------|
| | конечный звук гласный | конечный звук согласный | конечный звук гласный | конечный согласный | звук |
| I | -м | -ым, -ім | -мыз, -міз | -ымыз, -іміз | |
| II (простая форма) (исключивая форма) | -ң | -ың, -ің | -ңыз, -ңіз | -ыңыз, -іңіз | -ің |
| III | -сы, -сі | -ы, -і | -сы, -сі | -ы, -і | |

Қалам (ручка), дәптер (тетрадь) – конечный звук основы согласный.

Жекеше түр:

- Менің қалам-ым (моя ручка). Дәптер-ім (моя тетрадь).
- Сенің қалам-ың (твоя ручка). Дәптер-ің (твоя тетрадь).
- Сіздің қалам-ыңыз (ваша ручка). Дәптер-іңіз (ваша тетрадь).
- Оның қалам-ы (его, ее ручка). Дәптер-і (его, ее тетрадь).

Көпше түр:

- Біздің қалам-ымыз (наша ручка). Дәптер-лер-іміз (наши тетради).
- Сендердің қалам-дар-ың (ваша ручка). Дәптер-лер-ің (ваши тетради).
- Сіздердің қалам-дар-ыңыз (ваша ручка). Дәптер-лер-іңіз (вашей тетради).
- Оның қалам-(дар)-ы (его, ее ручка). Дәптер-(лер)-і (их тетрадь).

ПАЗАР АУДАРЫҢЫЗ//ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ: Үшінші жақта тәуелдік жалғаудың жекеше түрде де, көпше түрде де жалғаулары бірдей. В третьем лице окончания индивидуальной и коллективной формы (то есть и в единственном числе и во множественном числе) одни и те же.

Мысалы: оның бөлме-сі (его (ее) комната), олардың бөлме-сі (их комната).

ЕСІҢІЗГЕ САҚТАҢЫЗ (запомните): Көпше жақта сөз тәуелденгенде алдымен көптік жалғауы, сосын тәуелдік жалғауы жалғанады. Для образования слов во множественном числе, обозначающих названия предмета, окончание множественного числа прибавляется к основе, а потом присоединяется окончание принадлежности. Мысалы: *жолдас-тар-ың (ваши товарищи)*, *жолдас-тар-ыңыз (ваши товарищи)*.

Аға – старший брат, *іні* – младший брат – конечный звук основы гласный.

Жекеше түр:

Менің аға-м – мой старший брат
іні-м – мой младший брат
Сенің аға-ң – твой старший брат
іні-ң – твой младший брат
Сіздің аға-ңыз – ваш старший брат
іні-ңіз – ваш младший брат
Оның аға-сы – его (ее) старший брат
іні-сі – его (ее) младший брат

Көпше түр:

Біздің аға-мыз – наш старший брат
іні-міз – наш младший брат
Сендердің аға-ң – ваш старший брат
іні-ң – ваш младший брат
Сіздердің аға-ңыз – ваш старший брат
іні-ңіз – ваш младший брат
Олардың аға-сы – их старший брат
іні-сі – их младший брат

2) Ілік септікті сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің тіркесіп келіп, иелік қатынасты білдіруінен басқа қазақ тілінде иелік қатынасты білдіретін *-ікі, -дікі, -тікі* деген жұрнақтар бар. Кроме окончаний родительного падежа и притяжательной формы в казахском языке существуют еще и суффиксы *-ікі, -дікі, -тікі*, который прибавляются к именным словам и показывают принадлежность предмета или явления тому или иному лицу. Бұл жұрнақтардың жуан нұсқасы жоқ, сондықтан да олар жіңішке сөздерге де, жуан сөздерге де жалғана береді. В казахском языке нет твердых вариантов этих суффиксов, поэтому они присоединяются как к твердым, так и к мягким основам без исключения.

Мысалы:

Әже-ікі (бабушкина, т.е. принадлежит бабушке)
қала-ікі (городской, т.е. принадлежит городу)
мектеп-тікі (школьный, т.е. принадлежит школе)

По значению эти суффиксы соответствуют ілік септік (родительному падежу) и притяжательной форме.

Мысалы:

Мынау менің қаламым. Это моя ручка

Мына қалам менікі. Эта ручка моя. (Эта ручка принадлежит мне)

Мынау Асанның кітабы. Это Асана книга.

Мына кітап Асандікі. Это книга Асана. (Эта книга принадлежит Асану)

Мынау мектептің бағы. Это школьный сад.

Мына бақ мектептікі. Это сад школы.

Сіздің үйіңіз үлкен. У вас большой дом.

Үлкен үй сіздікі. Большой дом ваш.

1-түпсырма. Көп нүктенің орнына есімдіктерді қойыңыз. Вместо многоточия поставьте местоимения

1. Біз ата-ана... 2. Сен ұшқыш... 4. Ол сатушы. 5. Сіз орыс... ба? 6. Сендер студент... 7. Мен оқушы ... 8. Олар бала.

2-түпсырма. Төмендегі сөздерге тәуелдік жалғауын жалғаныз. Вместо много точек поставьте притяжательные окончания.

Оның бала..., сендердің кітаптар..., менің дәптер..., сіздің сөз..., олардың айтқаш..., біздің жүрген..., сіздердің таныстар...

3-түпсырма. Диалогты оқыңыз. Прочитайте диалог.

- Сіздің ат-ыңыз кім? Как Вас зовут?
- Менің ат-ым – Айдар. Меня зовут Айдар.
Зат есімдер білдіретін заттың даралығына және жалпылығына байланысты жалпы зат есім және жалқы зат есімдер болып екіге бөлінеді. Имена существительные по значению делятся на два вида: нарицательное существительное и собственное существительное. Жалқы зат есімдер бір ғана затқа атау болып, оны даралай көрсетеді. Оған адам аттары, географиялық жер-су аттары, үй жануарларының атаулары, газет-журнал, кітап, фильм, көше атаулары жатады. К собственным существительным относятся имена людей и географические названия (названия гор, озер, рек и т.п.), наименования газет и журналов, а также книг, улиц, наименования домашних животных. Мысалы: *Ахмет, Алматы, Қазақстан, Алатау, Қаратау (наименования горы), «Егеменді Қазақстан» (название газеты), Барсик (название кошки), Керей Жәнібек көшесі, т.б.*

Жалқы есімдер бас әріппен жазылады. Қалған атаулардың бәрі жалпы зат есімге жатады және кішкентай әріппен жазылады.

Бір топқа (категорияға) жататын заттардың жалпылай атауларын жалпы зат есім деп атаймыз. Мысалы, *ағаш (шырша, қарағай, қайың т.б.), ас (қуырдақ, мәтін, палау).*

1-типсырма. Берілген сөздердің қайсысы жалқы есім, қайсысы жалпы есімге жататынын айтыңыз.

Қыла, ел, Өзбекстан мемлекеті, Асан дәрігер, Әнел оқушы, Дархан қонақ, «Қиш мен тер» кітабы, адам, Шортанды көлі, Атбасар ауданы, Павлодар облысы, су, Қотыркөл, Ертіс өзені, Каспий теңізі, Қарқаралы таулары, Шалдай орманы, қайың ағашы, тасжол.

2-типсырма. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғап, зат есімнің сұрақтарын қойыңыз.

Гүл, шырша, қарағай, Раушан, «Жұлдыз» журналы, жол, газет, түн, су бабын, орамал, көйлек, апа, әке, ел, өзен.

3-типсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз.

мемлекет - государство
орналасқан – расположен

халық саны – численность населения
ұлттық ақша – национальная валюта
тәуелсіз – независимый
астана – столица

4-тапсырма. Қазақстанның қалаларын атаңыз, олар зат есімнің қандай түріне жататынын айтыңыз.

5-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Қазақстанның астанасы қалай аталады?
3. Қазақстан қайда орналасқан?
4. Қазақстанның ұлттық ақшасы қалай аталады?
5. Қазақстанның халық саны қанша?
6. ҚР тұңғыш Президенті кім?
7. Қазақстанның қазіргі Президенті кім?

6-тапсырма. Сәйкестігін табыңыз.

| | |
|-------------|---------------|
| Елтаңба | независимость |
| Әнұран | город |
| Мемлекет | правительство |
| Заң | герб |
| Үкімет | государство |
| Халық | родина |
| Отан | гимн |
| Астана | граница |
| Шекара | столица |
| Тәуелсіздік | закон |
| Қала | флаг |
| Ту | народ |

7-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз



8-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жазып алыңыз, есіңізге сақтаңыз.

а) Отан оттан да ыстық.

- б) Отынсыз адам - ормансыз бұлбұл.
 в) Өге елде сұлтан болғанша, Өз елінде ұлтан бол.
 г) Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.

9-түпсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз және берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

| | | | |
|----------------------|-------------------------------|---------|---------|
| Қолұлтты - | Многонациональное | көмір - | уголь |
| ұлттардың өкілдері - | представители национальностей | мұнай - | нефть |
| жер көлемі - | площадь земли | алтын - | золото |
| егеменді - | Суверенное | күміс - | серебро |
| пайдалы қазбалар - | полезные ископаемые | темір - | железо |
| қонақжай - | гостепримные | мыс - | медь |
| білімді - | образованные | туз - | соль |
| мәдениетті - | культурные | мырыш - | цинк |

10-түпсырма. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

1. В Казахстане проживают представители разных национальностей.
2. Здесь вы увидите образованных, культурных молодых.
3. Народ Казахстана гостепримные.
4. Земля Казахстана богат полезными ископаемыми.

11-түпсырма. Қазақстан туралы ақпаратты тыңдаңыз, мәтіннен жалқы есім мен жалпы есімдерді табыңыз.

Менің Отаным Қазақстан. Қазақстан – тәуелсіз, егеменді мемлекет. Қазақстанның жер аумағы өте үлкен. Қазақстан жері бес экономикалық аймаққа бөлінеді: Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан.

Еліміздің батысында Каспий теңізі орналасқан. Каспий теңізінде мұнай және газ кеніштері бар. Қазақстанның оңтүстігінде күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім, алма, қарбыз, қауын, әртүрлі дәрілік шөптер мен толып жатқан өсімдіктер көп өседі. Солтүстігінде астық пен көкөністер жақсы өседі. Ал шығыс аймағы түрлі-түсті металға бай. Орталық Қазақстанда көмір шығарылады. Жалпы Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай, жер шарында кездесетін кен байлықтарының бәрі бар.

Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан. Қазақстан халқының саны 18 миллионнан астам.

Қазақ елі Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі.

12-түпсырма. Мәтін бойынша 3-4 сұрақ құрастырыңыз.

13-түпсырма. Өз қалаңызды (еліңізді) сипаттаңыз (табиғаты, ауа-райы, талсы, жастары, жер аумағы).

14-түпсырма. Кестені толтырыңыз.

| Қазақстан ның жер аумағы | Қазақстан ның облыстары | Қазақстанның облыстарына енетін қалалар | Облыстағы таулар, өзен-көлдер | Облы стың халық саны | Ол жерде қандай пайдалы қазбалар бар |
|--------------------------------|-------------------------------|-----------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------|-----------------------------------------------|
| | | | | | |
| | | | | | |

15-тапсырма. Өлеңді жаттап ал.

Отан туралы

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол, оның шырылдаған!

Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен

(М. Мақатаев)

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Зат есім дегеніміз не?
 2. Зат есімнің сұрақтарын атаңыз.
 3. Қандай сөздерге кім? деген сұрақтар қойылады?
 4. Қандай сөздерге не? деген сұрақтар қойылады?
 5. Жалпы зат есімге қандай сөздер жатады?
 6. Жалқы зат есімге қандай сөздер жатады?
 7. Жалқы есімдер қалай жазылады?
 8. Тақырыпқа қатысты қандай сөздермен таныстыңыз?
 9. Қазақстан қайда орналасқан?
 10. Қазақстанның ұлттық ақшасы қалай аталады?
 11. Қазақстанның халық саны қанша?
 12. Қазақстан қандай мемлекет?
 13. Қазақстан қандай мемлекеттермен шектеседі?
 14. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыздар:
- а) Отан ... да ыстық.
б) Отансыз адам - ... бұлбұл.
в) Өзге елде сұлтан болғанша, Өз елінде... бол.
г) Туған жердей жер болмас, Туған... ел болмас.

9-модуль: ОҚУ ОРНЫ

Лексикалық тақырып: Оқу орны: Менің университетім. Біздің топ. Менің курстестарым (ұжымым, әріптестерім)

Грамматикалық тақырып: Зат есімнің жіктелуі, тәуелденуі. Көптік жалғауларының қолданылуы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНКТЕМЕ

Сөзге грамматикалық мағына үстейтін, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны жалғау дейміз. Мысалы: *Туыстарымызға қонаққа келдік.* Мұндағы *туыс* деген сөзге жалғанған «-тар» деген жалғау сөзге көптік мағына берсе, *туыстар* сөзіне жалғанған -мыз қосымшасы сөзге жақтық мағына үстеп тұр, ал *туыстарымыз* сөзіне жалғанған -ға жалғауы мен *қонақ* сөзіне жалғанатын -қа жалғаулары сөз арасын байланыстырып тұр.

Қазақ тілінде 4 түрлі жалғау бар. Ол: көптік, жіктік, септік, тәуелдік жалғаулары. Көптік жалғау зат есімдерге жалғанғанда екі түрлі мағына береді: 1) көптік мағына; 2) әр түрлілік мағына. Мысалы: *қазаздар, орындықтар, кітаптар* (көптік мағынада жұмсалған). Ал егер *шаш, қар, ұн, су* деген сияқты атауларда көптік ұғымды білдіретін сөздерге көптік жалғауы жалғанғанда әртүрлілік мағынаны білдіреді. Мәселен, *қанттар* – әр түрлі қант (рафинанд, күмшекер).

Кісі аттарына және туыстық атауларға жалғанған көптік жалғауы оларға көпшілік мағынасын береді. Мысалы: *Айдарлар, апамдар, жездездер.*

Көптік жалғауы сын есімге, есімшеге жалғанғанда, олар заттық мағынада жұмсалды. Мысалы: *үлкендер, жақсылар, келгендер.*

1-тапсырма. Көптік жалғаулардың астын сызып, түбірін анықтаңыз.

Үлет: мектептер - мектеп; балалар - бала;

Мектептер, балалар, адамдар, әжелер, әкелер, аналар, дәптерлер, перделер, әншілер, әндер, жиендер, суреттер, плакаттар, карталар, шелектер, достар, номерлер, пәтерлер, мамандар, баяндамалар, талдаулар, самсалар, борлар, сөздер, кәсіпкерлер, әйелдер, еркектер.

2-тапсырма. Сөздерді қазақ тіліне аударып, көптік жалғауын жалғаңыз.

Институт, человек, вещь, билет, письмо, урок, голова, школа, студент, мел, дом, друг.

3-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді толықтырыңыз.

Менің әкем ... бітірген. Менің анам ... жылы ... бітірген. Менің ағам ... жылы ... оқыған. Менің досым биыл ... оқуға түсті. Мен ... оқимын. Менің әпкем ... жылы ... бітірді. Менің танысым ... жылдан ... жылға дейін ... оқыды.

Үлгі: Менің танысым 2007 жылы С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университетіне оқуға түсті.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұндаңыз. Мәтінге ат қойыңыз.

Мен университетте бакалавриатурада, екінші курста, туризм мамандығына оқимын. Біздің университет Темирязов көшесінде орналасқан. Университетте бес оқу ғимараты бар. Менің тобымда 25 студент оқиды. Олар Қазақстанның әр жағынан келген. Тобымызда он бес қыз, он жігіт. Біздің кураторымыздың аты-жөні – Сыздықова Гүлсім Маратқызы. Ол өте мейрімді, байсалды адам. Ол бізбен досындай сөйлеседі. Гүлсім Маратқызының жасы қырық екіде, бірақ ол өте жас көрінеді. Біз бас ғимараттың оң жағында орналасқан ғимаратта оқимыз. Оқу корпусы үш қабатты. Аудиториялары кең, әрі жарық. Әр аудиторияда проктор, электронды тақта.

Университетте жастар орталығы, ақпараттық технологиямен оқыту орталығы, 40 компьютерлік класс, 7 студенттік жатақхана, 900 мыңдай кітап қоры бар кітапхана, редакциялық баспа бөлімі, спорт клубы бар. Университеттің спорт клубында 18 секция: қазақша күрес, ауыр атлетика, футбол, баскетбол т.б. жұмыс істейді. Студенттер сонымен қатар әскери дайындықтан өтіп, мотоатқыштар және әскери автомобиль түрлері бойынша лейтенант атағын алады.

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыз.

6-тапсырма. Өз университетіңіз туралы айтып беріңіз.

7-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін қазақ тіліне аударып, сөйлем құрастырыңыз.

Международный университет, национальный университет, бесплатное обучение, Министерство Образования и Науки РК, Центр тестирования, рубежный контроль, летняя сессия, зимняя сессия, национальная библиотека, общественная деятельность, лучший преподаватель, частный ВУЗ, программа «Болашақ», бакалавриат, магистратура, ученая степень, должность, успеваемость студента.

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Таңдаған мамандығыңыз өзіңе ұнайды ма?
2. Сіз оқитын факультетте қандай мамандықтар бар?
3. Университетте тағы қандай мамандықтарға дайындайды?
5. Бұл қалада қандай жоғары оқу орындары бар?

9-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз. Мамандық атауларын тауып, айтыңыз.

Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Жақсы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, ғалым, жазушы, тілші, журналшы, мүсінші, суретші, сәулетші, экономист, есепші, ұшқыш, ғарышкер болу үшін оқу керек. Жақсы жұмысшы, кенші, металлург, жүргізуші, балташы, құрылысшы, тоқымашы, тігінші, болу үшін өндірісте істеу керек. Бақташы, егінші, мал дәрігері, бағбан, сауыншы, мақташы болу үшін ауылда жұмыс істеу керек. Ал

аяк киім жөндеуші, сатушы, шаштараз, сағат шебері, зергер болу үшін тұрмыстық қызмет көрсететін салада істеу керек. Өнер саласына жататын мамандықтар: әнші, биші, музыкант, композитор, режиссер т.б.

10-түпсырма. Суреттердегі мамандық иелерінің қандай істермен айналысатынын жазыңыз.

Үлгі: Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері, бұл өнер түрімен айналысатын адамдарды зергер деп атайды. Зергер – сәндік бұйымдарды беріп, ойшықтап жасаушы шебер, ұста.



11-түпсырма. Төмендегі жұрнақтармен зат есімдер жасаңыз.

–шы/–ші

Зерттеу _____, жазу _____, кен _____, теңіз _____, балта _____, мақта _____, өгір _____, мүсін _____, орман _____, бояу _____, тіл _____, журнал _____, өтін _____, трактор _____, балық _____, сату _____, құрылыс _____, қой _____, жылқы _____, есеп _____, сурет _____, жүргізу _____, жұмыс _____, пошта _____, өп _____, би _____, аударма _____, хат _____, аң _____, әдебиет _____, ем _____, өл _____, кобыз _____, мал _____, өтірік _____.

12-түпсырма. Мамандық атауларының аудармасын сәйкестендіріңіз.

| | |
|--------------|-------------------|
| сатушы | учитель |
| қаржыгер | преподаватель |
| есепші | секретарь |
| іс жүргізуші | врач |
| құрылысшы | юрист |
| дәрігер | методист |
| ғашым | летчик |
| ақын | строитель |
| ұшқыш | архитектор |
| әдіскер | финансис |
| өсулетіні | делопроизводитель |
| әңгер | бухгалтер |
| қатшы | ученый |
| ауғанім | поэт |

13-түпсырма. Әр мамандыққа сәйкес сөзбаларға немен айналысатынын жазыңыз.

| | | | |
|------------------------------|-----------------------------|----------------------------|--------------------------|
| <p>Қаржыгер</p> <p>.....</p> | <p>Оқытушы</p> <p>.....</p> | <p>Есепші</p> <p>.....</p> | <p>Әнші</p> <p>.....</p> |
|------------------------------|-----------------------------|----------------------------|--------------------------|

4 - тапсырма.

14-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз.

мамандық - специальность

өмір - жизнь

жауапты - ответственный

маңызды - важный

кезең - момент

қаржы - финанс

тағдыр - судьба

мақсат - цель

сынақ - испытание

сауатты - грамотный

білікті – квалифицированный, знающий

бәсеке – конкуренция

15-тапсырма. Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мәтінді аяқтаңыз.

Мамандық таңдау - өмірдегі ең жауапты да маңызды кезең. Өйткені мамандық таңдау арқылы болашақ тағдырыңа, мақсатыңа жол ашасың.

Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Осыған орай, олар әр салаға жіктеледі. Мысалы, экономика саласына қаржыгер, есепші, экономист, менеджер т.б. керек болса, құрылыс саласына сәулетші, суретші, дизайнер, инженерлер аса қажет. Ал ауыл шаруашылығы саласына,,, ... керек.

16-тапсырма. Сұхбатты жалғастырыңыз.

- Сен не себептен осы мамандықты таңдадың?
-
- Мамандық таңдауға кім көмектесті?
-
- Сенің мамандығың бойынша танымал адамдар бар ма?
-

17-тапсырма. Ақпаратпен танысыңыз.

Қазақстанда 9 ұлттық университет (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық), 3 халықаралық (Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті,

Сүлеймен Демирал университеті), І автономды (Назарбаев университеті) университет бар.

Біліміңді тексеріңіз:

1. Сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымша қалай аталады?
2. Жалғау не үшін қолданылады?
3. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?
4. Көптік жалғау қандай мағына береді?
5. Кісі аттарына және туыстық атауларға жалғанғанда көптік жалғауы қандай мағынаны білдіреді?
6. Көптік жалғауы сын есімге, есімшеге жалғанғанда қандай мағынаны білдіреді?
7. Бір-бірлеп санауға келмейтін зат атауларына көптік жалғауы жалғанғанда қандай мағынаны білдіреді?
8. Біздің қаламыздағы жоғары оқу орындарды атаңыз.
9. Қазақ тілінде мамандық атаулары көбінесе қандай жұрнақ жалғану арқылы жасалады?
10. Неліктен өмірде мамандық тандау маңызды іс болып табылады?
11. Қазақстанда неше ұлттық, неше халықаралық, неше автономды университет бар?

10-модуль: КІТАПХАНА

Лекциялық тақырып: Қоғамдық орындар: кітапхана

Грамматикалық тақырып: Іс-қимылдың бағытын айта білу. Зат есімнің көптелуі. Септіктердің негізгі мағыналары: Атау септік (қимыл иесін білдіруі). Барыс септік (іс-қимылдың бағытын білдіруі).

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Барыс септік қимылдың, іс-әрекеттің кімге, неге бағытталғанын, кейде мақсатын білдіреді. Барыс септік обозначает направление куда движется человек или предмет (в школу, в школу, к Асель) и соответственно вопросы: КІМГЕ? (кому?), НЕГЕ? (чему?), ҚАЙДА? (куда?). Барыс септіктің жалғаулары: -ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не, -а, -е. Мысалы: *Анасына еркелеп; Мәуеріт керуетке жата кетті. Әсел киетін көйлегіне қарады.* Бұл сөйлемде Мәуеріт (кімге еркеледі?), ол (қайда жата кетті?), Әсел (несіне? (неге) қарады) деген сұрақтар қойылады және бұл сұрақтарға жауап беретін сөздер еркелеу, жату, қарау қимылдарының бағытын білдіріп тұр.

Барыс септікті сөз *дейін, шейін, қарай* деген шылаулармен тіркесіп те пайдаланылады. Мысалы: *үйге қарай, мектепке шейін, университетке дейін.*

Ескерту!!! Заполните

«Мен», «сен», «ол» деген жіктеу есімдігіне барыс септігінің жалғаулары қосылғанда, сөздің түбірі өзгеріске ұшырайды. Личные местоимения «мен», «сен», «ол» при склонении, то есть при принятии окончаний барыс септік, происходит видоизменения. Мысалы: *менің, саян, оған.* Мұндағы -ған барыс септіктің көне формасы, бірақ ти

қазіргі кезде ол тек осы есімдіктерге ғана жалғанады. Бұл қосымша жалғанғанда сөз түбірі үндестік заңдылығына сай өзгеріп түбір құрамындағы «е» жіңішке дауысты дыбысы «а» жуан дыбыспен алмасады. -ған древнетюркская форма барыс септік, которая сохранилась в современном казахском языке. И она употребляется именно при склонении личных местоимении таких как «мен», «сен», «ол».

1-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді жазыңыз, барыс септікті сөздерді тауып астын сызыңыз.

1. Сен ана кітаптарды ал, үстелге қой. 2. Мен ертең ерте кітапханаға барайын. 3. Сәбит университетке барсын, аудиторияны ашсын. 4. Бала мектепке бара жатыр. 5. Диванға отырайық. 6. Марат отырып, қағазға жаза бастады. 7. Сабакқа қатысу керек. 8. Алматыға сайысқа баруымыз керек.

2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сөздерді барыс септігіне қойып жазыңыз.

- Сен (кітапхана) бар.
- (Сен) не керек еді?
- (Мен) М.Әуезовтың «Абай жолы» романы керек.
- Сен оқыдың емес пе, не үшін керек?
- Ия, оқығанмын, бірақ қайта оқып шығайын дегенмін. Келесі аптада «Абай жолы» (пьесасы) барамыз.
- (Театр) ма?
- Ия, Қызылорда драма театры келеді екен.
- Онда (мен) да билет алу керек.

3-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздерді жазып алыңыз, есіңізге сақтаңыз.

| | |
|--------------------|---------------------|
| Оқырман | читатель |
| Кітапханашы | библиотекарь |
| оқу залы | читальный зал |
| оқырман билеті | читательский билет |
| абонементтік бөлім | абонементский отдел |
| электронды оқулық | электронный учебник |

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударып, мәтінді оқыңыз.

Бұл университеттің (библиотека+т.ж. 3ж). Мұндағы (библиотекари) мейрімді, байсалды адамдар. Мұнда (абонементский отдел+т.ж. 3ж.) және (читальный зал+т.ж.3 ж.) бар. (В библиотеке) кітап қоры мол. Онда (электронный учебники) да бар. Студенттер (читательский) билетін көрсетіп, (в библиотеке) жұмыс істей ала алады, немесе (с абонементский отдела) өзіне қажетті көркем шығармаларды ала алады.

5-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерімен танысыңыз.

- Алуға бола ма?
- Алайын деп едім

Бір аптаға
Қызықты кітап екен
Тез оқып шықтым
Үйге алуға бола ма?
Ол үшін не керек?
Тіркеліп пе едіңіз?
Оқырман билеті бар ма?
Тіркелу бөлімі қайда?
Бұрындары келмеген едім
Бірінші рет
Беті жоқ екен
Тексеріп алыңыз
Ұқыпты ұстаңыз

6-түпсірма. Жоғарыда берілген сөз тіркестерін қатыстырып «Кітапханада» тақырыбына сұхбат құрастырыңыз.

7-түпсірма. Мәтінді оқып, таныс емес сөздерді теріп жазып, сөздік арқылы мағынасын анықтаңыз.

Біздің университеттің кітапханасы үлкен. Онда екі оқу залы, көркем әдебиет бөлімі, ғылыми бөлім, мерзімді баспасөз бөлімі, электронды оқу залы бар. Кітапхана іші жарық, әрі таза. Біздің кітапхананың қызметкерлері өте жақсы адамдар. Олар келген оқырманмен сабырлы, сыпайы тілдеседі. Қажетті кітабыңды электронды каталог арқылы іздеп табуыңа көмектеседі. Білім алушылар да өз кезегінде ақырын сөйлеп, басқаға бөгет жасамауға тырысады. Маған кітапханада жұмыс істеген ұнайды.

8-түпсірма. «Кітапхана» тақырыбына сай емес, артық сөзді алып тастаңыз.

1. оқырман, шабарман, кітапхана
2. кітапханашы, оқырман, оқушы
3. кітап, әдебиет, дәптер
4. жазылды, тіркелді, жүгірді
5. тез, ақырын, жыла

9-түпсірма. Өзіңіз оқыған қызықты көркем шығарма туралы айтып беріңіз.

10-түпсірма. Сұхбатты толықтырып, оқыңыз.

1. -Кешіріңіз, маған орталық кітапхана керек еді. Ол қай көшеде орналасқанын айтып жібермейсіз бе?
*
* Ал ол бұл жерден алыс па?
*
* Оған қалай жетуге болады?

2. - Сәлеметсіз бе?! Сіздердің кітапханаларыңызда сирек кітаптар қоры бар ма?

- Маған В.В. Радловтың «Солтүстік түркі тілдері фонетикасы» деп аталатын еңбек керек еді.

- Ал, бұл кітаппен тек осы жерде ғана жұмыс істей аламын ба, әлде үйге алуыма бола ма?

- Жарайды, олай болса, бір апта бойы сіздерден шықпайтын болдым.

11-тапсырма. Досыңызбен кітапханаға бару туралы сұхбат құрастырыңыз.

12-тапсырма. Білім, кітап туралы алты-жеті мақал-мәтел жазыңыз.

13-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын жазыңыз.

Мен ертең кітапхана... барамын. Кітапхана.. досыммен барамын. Кітапхана біздің оқу орны.. алыс емес. Аптаның басы.. кітапхана.. көрме ашылды. Біз өздік жұмысы.. дайындалайық дегенбіз және сол көрмені де көріп қайтқымыз келеді. Кітапхананың қасы... кафе бар. Түскі асты сол жер... ішпекпіз.

Қазіргі кез.. жастардың көбі кітап оқымайды. Алайда «Кітап - білім бұлағы», - деп бекер айтпаған, біз кітаптан көп нәрсе аламыз. Мен кішкентай кезім... кітап оқығанды жақсы көремін. Сабақ... кейін үй тапсырмасын істеп болысымен, мен сүйікті кітаптарымды оқимын. Кейбір кейіпкерлердің өмірінен жақсы қасиеттерді үлгі ретінде алғым келеді, жағымды кейіпкерлер... ұқсағым келеді. Қазіргі кезде көбі компьютер... әңгімелер оқиды, бірақ, менің ойымша, кітапты оқу.. ешнәрсе жетпейді.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Барыс септік нені білдіреді?
2. Барыс септіктің жалғауларын атаңыз.
3. Барыс септікті қандай сұрақтарға жауап береді?
4. Барыс септікті сөз қандай шылаулармен тіркеседі?
5. «Мен», «сен», «ол» деген жіктеу есімдіктеріне барыс септігінің жалғаулары жалғанғанда, сөздің түбірі қандай өзгеріске ұшырайды?
6. Оқу залы, көркем әдебиет бөлімі, ғылыми бөлім, мерзімді баспасөз бөлімі, электронды оқу залы дегендер орыс тіліне қалай аударылады?
7. Шығыс септіктің жалғауларын атаңыз.
8. Жатыс септіктің жалғауларын атаңыз.

II триместр

11-модуль: АЗЫҚ-ТҮЛІК

Лексикалық тақырып: Азық-түлік атаулары

Грамматикалық тақырып: Ілік септігі (меншіктік мағынаны білдіруі) Шығыс септік (іс-қимылдың шығу нүктесін білдіруі)

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Шығыс септігі заттың неден жасалғанын, қимылдың басталған жерін, басталу уақытын білдіреді. Шығыс септік (исходный падеж) обозначает исходный пункт действия, исходное время действия, материал из которого сделан предмет. Шығыс септіктің сұрақтары - вопросы Ш.с.: кімнен? неден? қайдан? қашаннан?

Шығыс септік жалғаулары – окончания Ш.с.:

1) **д**иуысты дыбыстардан және **з, ж, р, л, у, й** дыбыстырынан кейін (после гласных и после звуков **з, ж, р, л, й, у**) –дан, –ден; Мысалы: *балд+дан, қыз+дан, ұл+дан, тәж+ден, су+дан, ай+дан, бір+ден;*

2) **м, н, ң** дыбыстарына аяқталған сөздерден және тәуелдік жалғауының **III** жігітінен кейін (после звуков **м, н, ң** и после притяжательной формы III лица) –нан, –нен; Мысалы: *жәді+нен, Арман+нан, аң+нан*

3) қатан дауыссыз дыбыстардан және **б, в, г** дыбысына аяқталған сөздерден кейін (после глухих согласных и после звуков **б, в, г**) –тан, –тен. Мысалы: *кітап+тан, жидеқ+тен, клуб+тан, Алиев+тен.*

1-түпсырма. Төмендегі сөздерге шығыс септігінің жалғауларын жалғаныз.

Студент, оқытушы, кітапхана, анам, сауда үйі, дүкен, ет бөлімі, тамақ, қыз, ұл, бала.

2-түпсырма. Азық-түлік атауларын есіңізге сақтаңыз.

| | | | |
|---------|--------------|-------------|----------|
| Иш - | хлеб | күріш - | рис |
| іші - | заварка, чай | қарақұмық - | гречка |
| қант - | сахар | жұмыртқа - | яйцо |
| сүт - | молоко | май - | масло |
| айран - | кефир | қаймақ - | сметана |
| тұз - | соль | бұрыш - | перец |
| үні - | мука | жүгері - | кукуруза |

3-түпсырма. Жоғарыда берілген сөздерге шығыс септік жалғауын жалғаныз.

4-түпсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қазақша аударып, шығыс септігінде айтыңыз.

Мен таңғы асты (яйцо) жасадым. (Молоко) айран ұйытылады. Қазақтар (мүк) неше түрлі тағамдар дайындайды. Кешкі асқа (рис) палау әзірледім.

5-тапсырма. Жеміс-жидек атауларымен танысыңыз.

| | | | |
|-----------|-----------|-------------|---------|
| алма - | яблоко | қияр - | огурец |
| алмұрт - | груша | қызанақ - | помидор |
| шиө - | вишня | сәбіз - | морковь |
| қарақат - | смородина | пияз - | лук |
| қарбыз - | арбуз | қызылша - | свекла |
| қауын - | дыня | тәбет - | аппетит |
| жүзім - | виноград | тамақтану - | питание |
| алша - | персик | иісі - | запах |
| ет - | мясо | дәмі - | вкус |

6-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сөздерге тиісті септік жалғауларын жалғап, сұхбатты оқыңыз.

- Сен (дүкен) бармайсың ба?
- (Мен) бару керек пе?
- Ия, (сен) (дүкен) азық-түлік алу керек. Үйде нан және шай жоқ екен.
- Тағы не керек?
- Май, қант, ұн және күріш.
- Онда «Смол» (супермаркеті..) барайын. Онда бәрі бар. (Мен) нан, шай, май, қант, ұн және күріш аламын ғой, ия?
- Ия.
- Жақсы.

7-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздіктерді пайдаланып, «Дүкенде» тақырыбына сұхбат құрастырыңыз.

8-тапсырма. Жақшадағы сөздерді аударып сөйлемдерді оқыңыз.

Кешке біздің (в дом) қонақтар келеді. Анам (с магазина) (фрукты, овощи) сатып алды. Мен жемістерді жуып, жеміс салатын ыдысқа салдым. Анам (из яблок) бәліш пісірмекші. Кеше (из вишни) кампот дайындады.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Ілік септік бір заттың екінші бір затқа қатысты (тәуелді) екендігін білдіреді. Ілік септік обозначает лицо или предмет, которому принадлежит другой предмет. Ілік септік сұрақтары - вопросы: кімнің? ненің? чей? чье? чья?

Ілік септік жалғаулары - окончания:

1) дауысты дыбыстардан және м, н, ң үнді дауыссыз дыбыстарынан кейін (после гласных звуков и после согласных м, н, ң) —НЫҢ, -НІҢ;

2) з, ж ұяң және р, л, й, у үнді дыбыстарынан кейін (после звонких з, ж, после сонорных р, л, й, у) —ДЫҢ, -ДІҢ;

3) қатаң дауыссыздардан және б, в, г, д дыбыстарынан кейін (после глухих согласных и после звуков б, в, г, д) —ТҢ, -ТІҢ.

9-тапсырма. Төменде берілген сөздерге ілік септік жалғауын жалғаңыз.

Студент, ағасы, дос, бала, әжем, оқытушы, ұстаз, ғалым, олар, біз, алма, шис, сүт, нан, күріш, қарақұмық, тұз, қант, маргарин.

10-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріп сөз тіркестерін құрастырыңыз.

| | |
|--------------|--------------|
| Нанды | Ішу |
| алмұртты | Жеймін |
| Нан | жақсы көреді |
| Су | ұнатасын |
| кешті | ұнатпаймын |
| сүтпен шайды | Қаласыз |
| Іншау | Алсын |
| Жүзім | Беріңізші |

11-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқасын жазыңыз.

Мен асханадан (алманың, қуырдақтың, алманың) шырынын іштім. Бұл жақшаның (тағамдарының, топырақтың, судың) дәмі ерекше жақсы. (кофе, шайдың, сорпаның) түсі қызыл. Ана отырған (Әсетнің, Әсеттердің, Әсеттің) жолдасы ма? (тамақтың, асның, тамақтың) қандай түрлерін ұнатасыз?

12-тапсырма. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, ілік септіктегі сөздерді теріп жазыңыз.

Вкус этого яблоки. Фрукты нашего сада. Запах свежего лука. Домашние овощи. Запах персика.

13-тапсырма. Берілген сөздерден көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып сөйлем құраңыздар.

1. Мен/ал./сатып/айран
2. істей.../Сен/жұмыс/дүкен../бе?
3. Әсел/ал/сатып/нан/дүкен...
4. Мен/тағам/ұлттық/көре.../жақсы
5. әже../пісір../бауырсақ/бүгін

14-тапсырма. Әр сөйлемді бірге қоюға болмайтын сөздермен толықтырыңыз.

Үлгі: Алма бірге қойылмайды (қияр, жүзім, алмұрт, киви)
Алма қияр+мен бірге қойылмайды.

1. Балық бірге пісірілмейді (ет, картоп, сәбіз)
2. Қамыр бірге пісірілмейді (күріш, ет, картоп, пияз)
3. Тауық бірге пісірілмейді (балық, қазы, жая)
4. Қой еті бірге пісірілмейді (шошқа еті, краб, шаян)

15-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсінесіздер?

2. Дұрыс тамақтану дегеніміз не?
3. Тамақтанудың негізгі ережелерін атаңыздар?
4. Қандай тағам түрлерін білесіздер?
5. Дұрыс тамақтанбағаннан қандай аурулар пайда болады?

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Заттың неден жасалғанын, қимылдың басталған жерін, басталу уақытын білдіретін сөз табы?
2. Кімнен? неден? қайдан? деген қай септіктің сұрақтары?
3. -тан, -тен, -нан, -нен, -дан, -ден қай септіктің жалғауы және олар қандай дыбысқа аяқталған сөзге жалғанады?
4. -да, -де, -нда, -нде? қай септіктің жалғауы және олар қандай дыбысқа аяқталған сөзге жалғанады?
5. -ға, -ге, -на, -не қай септіктің жалғауы және олар қандай дыбысқа аяқталған сөзге жалғанады?
6. Азық-түлік атауларын атаңыз.
7. Жеміс-жидек атауларын атаңыз.
8. Сусын түрлерін атаңыз.
9. Таңғы асты, түскі ас және кешкі ас дегендер орысша қалай?
10. Көкөніс атауларын атаңыз.
11. Ілік септік жалғауларын атаңыз.
12. Ілік септікті сөзге қандай сұрақ қойылады?

12-модуль: ТАҒАМ

Лексикалық тақырып: Тағам, атаулары, түрлері

Грамматикалық тақырып: Сын, сапа мәнді сөздер

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕЛІ

Сын есім заттың сынын, сапасын білдіріп, қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Имя прилагательное обозначает качество, свойство предмета и отвечает на вопросы какая? какой? какое?

Мысалы: жұмсақ (мягкий), тәтті (сладкий), вкусный (дәмді), қатты (твердый/жесткий), ашты (солёный, пересоленный), қышқыл (кислый), хош иісті (благоухающий)

1-тапсырма. Жакша ішіндегі сөздерді қазақшаға аударып, сөз тіркестерін оқыңыз.

(Мягкое) ет, (сладкое) алмұрт, (вкусная) тамақ, (солёный) қияр, (кислое) алма, (мягкий) нан, (сладкий) шай, (благоухающий) алша.

2-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысып, есіңізге сақтаңыз.

| қазақша | орысша | қазақша | орысша | қазақша | орысша |
|-------------|---------|---------|---------|---------|--------|
| Ет | мясо | шұжық | колбаса | сорпа | бульон |
| орамжапырақ | капуста | балық | рыба | турау | резать |

| | | | | | |
|---------|----------|--------------|-----------|-----------------|-------------|
| күртоп | картошка | тамақ, тағам | еда, пища | ішу | пить |
| Сәбіз | морковь | тамақтану | питание | жеу | кушать |
| пияз | лук | қуыру | жарить | дәмін тату | попробовать |
| жұмытқа | яйцо | пісіру, асу | варить | жүрек жалғау | перекусить |

3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қазақшаға аударыңыз.

Резать мясо, жарить рыбу, варить яйцо, попробовать бульон(+I.c), пить чай, кушать пишу, резать морковь.

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақшадағы сөздерді қойыңыз.

Кешке біздің үйге ... келеді. Анамның дайындаған тамақтары ... ашады. Смайлы қонақтарға, әрине, ... асылады. Піскен соң етті ... қояды

Керекті сөздер: тағамдар, тәбетіңді, ет, турайды, қонақтар, дастарқанға

5-тапсырма. Жақшаның ішіндегі сөздердің дұрыс нұскасын жазыңыз.

Мен асханадан (алманың, қуырдақтың, алманың) шырынын іштім. Бұл асхананың (тағамдарының, топырақтың, судың) дәмі ерекше жақсы. (кофе, шайдың, сорпаның) түсі қызыл. Ана отырған (Әсетнің, Әсеттердің, Әсеттің) жолдасы ма? (тамақтың, асның, тамақтың) қандай түрлерін ұнатасыз?

6-тапсырма. Жатыс септігінің жалғауларын қойыңыз.

Асхана... әртүрлі тағамдар бар. Сорпа... бұрыш бар. Тамақ... тұз бар. Палау... сәбіз көп. Ет... май бар. Шай... қант бар. Мәңгі... асқабақ бар. Үй... дастарқан жаюлы. Үстел тағам... тұр.

7-тапсырма. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, ілік септіктегі сөздерді теріп жазыңыз.

Вкус этого супа. Фрукты нашего сада. Запах свежего лука. Домашняя еда. Вкусные булочки. Вчерашний хлеб. Восточные блюда. Национальные блюда. Есіңізге сақтаңыз!!!

Қазақ тілінде мәнделс сөздер өте көп. Бүгін сабақта солардың кейбіреулерімен танысамыз. В казахском языке очень много синонимов. Сегодня на занятии мы познакомимся некоторыми из них. Олар: жақсы көру, ұнату (нравиться); дайындау, әзірлеу (готовить)

8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мазмұнын ІІІ жақта айтыңыз.

Біздің отбасымыз ет тағамдарын жақсы көреді. Етсіз тамақ сирек жейсаямыз. Анам мәңгі, палау, ораманы жақсы дайындайды, ал әкем пеште тиуықты өте дәмді етіп әзірлейді. Сондай-ақ, балық тағамдарын жақсы дайындайды. Ағам екеуміз қуырдақ пен бәлішті жақсы көреміз. Біз екі күн ішінде сорпа тағамдарын ішеміз. Ол: борщ, кеспе, тұздалған қиярдың

тұздығынан көже, чечевица көжесі, күріш көжесі, қарақұмық көжесі, тары көжесі.

9-тапсырма.Төменде асты сызылған сөздерді шығыс септігіне қойып сөйлемдерді оқыңыз.

Чечевица дайындалған көже іштім. Әкем күріш жасалған көже алды. Мен қарақұмық көже жасауын үйрендім. Асхат тары жасалған көжеге тапсырыс берді.

10-тапсырма. Тақырып бойынша өткен сөздерді пайдаланып, өзіңіз ұнататын тағамның қалай жасалатынын жазыңыз.

11-тапсырма.Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтыңыз.

Кешке біздің үйге қонақ келеді. Біз кешеден бері дайындалып жатырмыз. Анам ұннан жұмсақ тоқаштар, құймақ, печенье пісірді. Мен еттен бәліш дайындау үшін етті жуып, турадым. Қазір картоп аршып жатырмын. Сіңлім жеміс-жидектердік жуып, сүртіп, ыдыстарға салып жатыр. Әкем өзінің сүйікті тамағы балықты әзірлемекші.

12-тапсырма. Тамаққа қатысты мақал-мәтелдермен танысыңыз.

Ас – адамның арқауы.

Ас – иесімен тәтті.

13-тапсырма. Тамаққа қатысты мақал-мәтелдер жазыңыз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Тамаққа қатысты қандай сын есімдерді білесіз?
2. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?
3. Сын есім нені білдіреді?
4. Модуль бойынша қандай тамақ атауларын үйрендік?
5. Осы модульде қандай көкөністердің атын игердік?
6. Тамаққа қатысты етістік сөздерді айтыңыз.
7. Тамаққа қатысты қандай мақал-мәтелдерді білесіз?
8. Сабакта игерілген мәндес сөздерді айтыңыз.

13-МОДУЛЬ: ДЕНСАУЛЫҚ

Лексикалық тақырып: Денсаулық – зор байлық

Грамматикалық тақырып: Көмектес септігі (іс-қимылдың құралы). Керек, қажет сөздерінің қолданысы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Көмектес септік істің немен, кіммен орындалғанын, істі орындауға көмек болатын зат, адам, құралды білдіреді. Көмектес септік обозначает лицо, орудие или

приспособление, при помощи которого осуществляется действие. Көмектес септіктің сұрақтары (вопросы көмектес септік): кіммен? с кем? немен? с чем? Көмектес септіктің жалғаулары (воочвания көмектес септік):

- 1) дауысты және үнді дыбыстардан кейін –мен; Мысалы: баламен, ұлмен;
- 2) з және ж ұяң дауыссыз дыбыстарынан кейін –бен; Мысалы: қызбен, тағзбен;
- 3) қағаң дауыссыз дыбыстардан және б, в, г, д ұяң дыбыстарынан кейін –пен; Мысалы: кітаппен, Болатпен, Бобпен, Алиевпен.

Ескерту! Примечание!

Қазақ тілінде көмектес септіктің жуан нұсқасы жоқ. Сондықтан ол сөздің соңғы дыбысына қарай үндесіп, жуан сөздерге де, жіңішке сөздерге де жалғана береді.

1-тапсырма. Адамның дене мүшелерінің атауымен танысыңыз.

| | | | |
|----------|----------|----------|---------|
| Бас - | голова | бауыр - | печень |
| көз - | глаза | бүйрек - | почки |
| кұлақ - | ухо | жүрек - | сердце |
| бет - | лицо | өкпе - | легкие |
| мұрын - | нос | тамақ - | горло |
| аяқ - | нога | іш - | живот |
| қол - | рука | кеуде - | грудь |
| дене - | туловища | мойын - | шея |
| спусак - | палец | буын - | суставы |

2-тапсырма. Төменде берілген сөздерге көмектес септік жалғауларын жалғаңыз.

Бас, көз, құлақ, ауыз, мұрын, еріні, қол, дене, жүрек, іш, кеуде

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына көмектес және барыс септік жалғауларын қойып мәтінді оқыңыз. Жіктік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз.

Біз отбасымыз... салауатты өмір салтын ұстанамыз. Қызым екеуіміз күнде тиістерге денешынықтыру жаттығуларын жасаймыз. Кешке жақын доп.. ойнаймыз. Мен денсаулығым.. аса көңіл бөлемін. Бақытты болу үшін денсаулық керек. Ауырмаған, ауырмайтын, дені сау, таза адамды дені сау адам деп атаймыз. Арақ, темекі, нашақорлық, өтірік, өсек, ұрлық, күншілдік, ұрыс-керісті қазақ халқы «кесел» дейді. Бұдан басқа, темекі тарту, ішімдік ішу, компьютер алдында көп отыру да денсаулық.. зиянды. Денсаулықтың кепілі – салауатты өмір сүру. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулық... байланысты.

4-тапсырма. Тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен танысыңыз.

Басым аурып тұр – болит голова
қазуы көтерілу – поднятие температуры
тымау – насморк

тұмау - грипп
 суық тиген - простыли
 өлшеу керек – надо измерить
 денсаулық сақтау – здравоохранения
 денсаулықты жақсарту – улучшить здоровье
 жайсыз (нашар) сезіну – плохо чувствовать
 ауыру – болеть
 тұмба – настойка
 жәрдемдеседі – помогает
 әсер ету – действовать, влиять
 қан қысымы – давление


5-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе? Кіруге бола ма?
- Кіріңіз. Отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?
- Менің мазам болмай тұр.
- Қызуыңызды өлшейін. Қызуыңыз жоғары екен. Енді аузыңызды ашып, тіліңізді көрсетіңіз.
- Қай жерім ауыратынын анықтадыңыз ба, дәрігер?
- Шыдай тұрыңыз. Мен сізді тыңдап көрейін. Деміңізді ішке алып, сыртқа шығарыңыз.
- Менің өкпем ауыра ма?
- Иә, сіз өкпеңізге суық тигізіп алғансыз. Мен сізге рентгенге жолдама беремін.

6-тапсырма. Сұхбат бойынша дұрыс жауапты белгілеңіз.

| Сөйлемдер | дұрыс | дұрыс емес |
|---------------------------------------|-------|------------|
| Емделуші дәріханаға келді. | | |
| Оның өкпесі ауырады. | | |
| Оның қан қысымы жоғары. | | |
| Пациент бүйрегіне суық тигізіп алған. | | |
| Дәрігер рентгенге жолдама берді. | | |

7-тапсырма. Берілген бірінші қатардағы сөздерді екінші және үшінші қатардағы сөздермен сәйкестендіріңіз.



8-тапсырма. Сұхбатты оқып, жалғастырыңыз.

- Дәрігер, сәлеметсіз бе? Сізге кіруге бола ма?
- Кіріңіз, отырыңыз. Айта беріңіз, қай жеріңіз ауырады?
- Рақмет. Көзімді тексертейін деп келіп едім.
-

9-тапсырма. Төменде берілген сөздерді реттеп, сөйлемді қалпына келтіріңіз.

1. дәріхана, арзан, сатылады, үйдің жаны, дәрілер.
2. таңертең, әжем, аурухана, жақын, жатқызу.
3. дәріхана, денсаулық министрлігі, орналасқан, қарама-қарсы.
4. түн ішінде, шақырды, көршіміз, жедел жәрдем.
5. апасы, Асқар, жұмыс істейді, емхана, гинекология бөлімі
6. көршіміз, бастығы, 20 жылдан бері, жарақаттану бөлімі.

10-тапсырма. Денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдерді оқыңыз, өзіңіз төрт мақал-мәтел жазыңыз.

1. Денсаулық – зор байлық
2. Бірінші байлық - денсаулық
3. Дені саудың – жаны сау
4. Аурып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде

11-тапсырма. Мәтінді тындап, өзіңізге таныс сөздерді жазып отырыңыз. Мәтінді аударыңыз.

Денсаулық – адам өмірінің негізі, тірегі. Денсаулығы нашар адам қоғамға да, отбасына да жайсыз. Денсаулығы мықты адам алдына қойған мақсаттарына жетеді.



Адам денсаулықты бұзатын темекі тарту, ішу сияқты жаман әдеттер. Адам олардан аулақ болуы керек. Темекі тартатын адам никотин жұтады. Ал никотин жүрек, жүйке жүйелерінің қызметін (жұмысын) бұзады. Содан адам денсаулығы нашарлап, жұмыс

істеу қабілеті төмендейді.

12-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Денсаулықтың бұзылуына не әсер етеді?
2. Денсаулықты қалай жақсартуға болады?
3. Сіз спортпен айналысасыз ба?
4. Сізге спорттың қандай түрлері ұнайды?

13-тапсырма. Сұхбатты жалғастырыңыз.

- Сен дәрігерге жиі барасың ба?
-
- Қыста ауырмау үшін не істеу керек?
-
- Неліктен адам денсаулығына көңіл бөлуі керек?
-

14-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді аударып, жіктік жалғауын жалғаныз.

Мен үнемі (бегать). Сол себепті денемді (закалять). Таңертең сен салқын сумен (умываться). Біз темекі (не курить). Мен қажет болса, (спать). Ол дұрыс (питается). Дене шынықтыру кезінде сен күнде (прыгать). Сіз үнемі (плавать).

15-тапсырма. Суретке қарап шағын әңгіме құрастырыңыз.



16-тапсырма. Мәгінді оқып, түсінгеніңізді айтыңыз.

Адам көп қимылдауы, шамадан тыс тамақ жемеуі, дұрыс демалуы, көңілді жүруі керек. Ол – денсаулықты сақтауға әсер етеді. Адам денсаулығын күтуі керек. Таңертең ерте тұрып, денешынықтыру жаттығуларын жасап, таза ауада серуендеген дұрыс.

Халықтың денсаулығы – мемлекеттің жарқын болашағының кепілі.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Көмектес септіктің сұрақтарын айтыңыз.
2. Көмектес септіктің жалғаулары қандай?
3. Көмектес септік нені білдіреді?
4. Дауысты және үнді дыбыстардан кейін көмектес септігінің қай жалғауы жалғанады?
5. бен қай септіктің жалғауы және ол қандай дыбысқа аяқталған сөздерге жалғанады?
6. Қазақ тілінде көмектес септік жалғауы қандай сөздерге жалғанады?
7. Адамның дене мүшелерінің атауларын атаңыз.

8. Тақырыпқа қатысты қандай жаңа сөздермен таныстыңыз?
9. «У меня температура» дегенді қазақша қалай айтамыз?
10. «Я чувствую себя плохо» деген қазақ тілінде қалай?
11. Денсаулық туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіз?
12. Адам денсаулығын не бұзады?
13. Адам денсаулығын сақтауға не әсер етеді?

14-модуль: КИІМ

Лексикалық тақырып: Киім дүкені, сауда орталықтары
Грамматикалық тақырып: Етістіктің шақ формалары. Нақ осы шақ. Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Қалып етістіктерінің қолданысы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақ тілінде осы шақтың екі түрі бар: 1) нақ осы шақ; 2) ауыспалы осы шақ. В киванском языке есть два вида настоящего времени глагола. Это: точное настоящее время и переходное настоящее время. Нақ осы шақтың өзі екі түрлі жолмен беріледі. Бірінші, төрт қалып етістікке (*тұр, отыр, жатыр, жүр*) жіктік жалғауы жалғану арқылы. Оны **дара шақ осы шақ** дейміз. Настоящее время образуется двумя способами. 1. К четырем глаголам, которые употребляются в каком состоянии находится субъект который совершает тот или иное действие (стоит, сидит, лежит, ходит, то есть тұр, отыр, жатыр, жүр) присоединив личные окончания. Его называем простой формой настоящего времени. Мысалы: (*мен*) *жатыр+мын, (сіз) жүр+сіз.*

Жіктік жалғауының етістіктерге жалғану кестесі. Таблица присоединения личных окончаний к глаголу

| Жақ лицо | Сөздің соңғы дыбысы Конецный звук слова | Жіктік жалғау Личные окончания | |
|----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|--------------------------------------|
| | | Жекеше түр Ед. ч. | Көпше түр Мн. Число |
| I Мен//Біз | Дауысты немесе үнді (р, й, л, у, м, н, ң) | -мын, -мін | -мыз, -міз |
| | з, ж ұяң дауыссыз дыбыс | -бын, -бін | -быз, -біз |
| | Қатаң дауыссыз немесе ұяң б, в, г, д | -пын, -пін | -пыз, -піз |
| II Сен//Сендер Сіз//Сіздер | Сөздің соңғы дыбысына байланысты емес Независимо от конечного звука слова | -сың, -сің -сыз, -сіз | -сындар, -сіңдер -сыздар, -сіздер |
| | III Ол//олар | Жалғауы жоқ Не имеет личных окончаний | |

Дара нақ осы шақты мынадай формула арқылы беруге болады:

№1 формула E4 + ж.ж.

Мұндағы E4 дегеніміз *отыр, жатыр, тұр, жүр* деген төрт қалып етістігі, ж.ж. дегеніміз – жіктік жалғау.

Ескерту: 3 жақта ж.ж. (-)

Модельге жаттығайық

| | |
|--------------|---------------------|
| Мен отыр+мын | Біз отыр+мыз |
| Сен отыр+сың | Сендер отыр+сың+дар |
| Сіз отыр+сыз | Сіздер отыр+сыз+дар |

| | |
|---------|-----------|
| Ол отыр | Олар отыр |
|---------|-----------|

1-тапсырма. Зат есімдерге жатыс септіктің жалғауын және етістіктерге жіктік жалғауын жалғап, төменде берілген сөйлемдерді оқыңыз.

1. Мен кітапхана+Ж.с отыр+ж.ж. 2. Сен бірінші кабат+Ж.с тұр+ж.ж. 3. Сіздер дала+Ж.с жүр+ж.ж. 4. Біз кино+Ж.с. отыр+ж.ж. 5. Ол холл+Ж.с. жүр+ж.ж. 6. Сендер аудитория+Ж.с. отыр+ж.ж.

2-тапсырма.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Қазақ тілінде етістіктер жеке дара келгенде көбінесе тұйық етістік формасында тұрады. Оны қандай да бір тұлғаға өзгерту үшін тұйық райдың – у жұрнағының орнына қоямыз. В казахском языке глагол обычно стоит в неопределенной форме глагола, чтобы изменить его нужно вместо суффикса – у, которое обозначает неопределенную форму глагола, вставить нужный аффикс. Мысалы: бару – бар+ған; бару – бар+атын; бару – бар+ыпты.

2. Нақ осы шақтың берілуінің екінші жолы. Бар, кел, апар, әкел деген етістіктерден басқа кез келген етістіктің негізіне көсемшенің –ып, –іп, –п жұрнағы жалғануы және оның жіктік жалғаулы төрт қалып етістікпен (тұр, отыр, жатыр, жүр) тіркесіп келуі арқылы жасалады. Оны біз күрделі нақ осы шақ дейміз. Бұл жағдайда бірінші тұратын етістік негізгі қимылды білдіреді және ол негізгі етістік болып саналады да, төрт қалып етістігі көмекші етістік рөліне көшеді. Второй способ образования настоящего времени. К любому глаголу кроме бар, кел, апар, әкел присоединяется суффиксов дееспричастия –ып, –іп, –п и этот основной глагол сочетается с четырьмя глаголами (тұр, отыр, жатыр, жүр) с личными окончаниями. Его называем сложной формой настоящего времени. Мысалы: оқы+n отыр+мын, көр+іп жатыр+сыз (бұл жерде: оқу, көру деген етістіктердің құрамындағы тұйық етістіктің –у жұрнағының орнына сөздің жуан//жіңішке болуына орай –ып//–іп жұрнағын қойдық). В этом случае основным глаголом будет считаться первый глагол, 4 қалып етістік принимает второстепенную роль, то есть будет вспомогательным глаголом. Мұны төмендегідей формула арқылы белгілейміз:

№2 формула E + -ып, -іп E(4) + ж.ж. 3 ж (-)

-п

Қай кезде төрт қалып етістіктің қайсысын қолданамыз деген логикалық сұрақ туындауы мүмкін. Егер іс-қимыл отырып орындалып жатса, «отыр» сөзі қолданылады, іс-қимыл тұрып орындалатын болса, «тұр» етістігі қолданылады. Сәйкесінше, жатыр, жүр де дәл солай. Возникает вопрос: когда употребить какой вспомогательный глагол (из отыр, жатыр, жүр, тұр). Если действие проходит сидя, то употребляется отыр. Если стоя, то тұр. Алайда, жатыр және жүр етістіктері тек қана адамның жатқан немесе жүрген қалпын ғана көрсетіп қоймайды, бұл екі етістік созылыңқылық үрдісін, үздіксіздігін де білдіреді. Яғни істің әлі орындалып жатқанын, оның үнемі солай болатынын. Однако, глаголы жатыр и жүр не только указывает, что действие проходит при ходьбе или же лежа, но и указывает, на продолжительность, на непрерывность действия. Түсінікті болу үшін мысал келтірейік: *Мен бұл шығарманы оқып жатырмын – Я это произведение читаю* (здесь действие еще не завершено, а которое идет, продолжиться действие). *Ол университетте оқып жүр - Он учится в университете* (то есть он не закончил, а учиться сейчас, в данный момент).

Модельге жаттығайық

| | |
|---------------------|---------------------------|
| Мен жаз+ып отыр+мын | Біз жаз+ып отыр+мыз |
| Сен жаз+ып отыр+сың | Сендер жаз+ып отыр+сыңдар |
| Сіз жаз+ып отыр+сыз | Сіздер жаз+ып отыр+сыздар |
| Ол жаз+ып отыр | Олар жаз+ып отыр |

2-тапсырма.

Сіз ол+Б.с. бәрін түсіндір+№2 ф.. Олар біз+Б.с. айт+№2 ф.. Мен анам+Б.с. бер+№2 ф.. Сен кітапты Айгүл+Ш.с. ал+№2 ф. ба? Сіздер СӨЖ+Б.с. шийындал+№2 ф..

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Ескерту!!! Исключение:

Қазақ тілінде *бар (идти туда), кел (идти сюда), апар (отнести туда), әкел (принести, то есть нести сюда)* деген етістіктерге көсемшенің –ып, –іп, –п жұрнақтары жалғанбайды. Сондықтан да оларға көсемшенің –а, е жұрнақтары жинағанады (оны біз формулада Е₄ деп белгілейміз) және бұл сөздер нақ осы шакты білдіру үшін тек жіктік жалғаулы жатыр сөзімен ғана тіркеседі. Оны төмендегідей формуламен белгілейміз.

№3 формула Е₄ + -а,-е жатыр+ж.ж

Модельге жаттығыңыз

| | |
|----------------------|----------------------------|
| Мен апар+а жатыр+мын | Біз апар+а жатыр+мыз |
| Сен апар+а жатыр+сың | Сендер апар+а жатыр+сыңдар |
| Сіз апар+а жатыр+сыз | Сіздер апар+а жатыр+сыздар |
| Ол апар+а жатыр | Олар апар+а жатыр |

3-тапсырма. Тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді оқыңыз.

1. Біз гүлдерді мектеп+Б.с. апар+... жатыр+... . 2. Біз+І.с. үй+Б.с. дүкен+Ш.с. жиһаз әкел+... жатыр. 3. Сен университет+Б.с. бар+... жатыр+... ба? 4. Әкем жұмыс+Ш.с. кел+... жатыр. 5. Сіз дүкен+Ш.с. нан мен сүт әкел+... жатыр+... ба? 6. Сендер театр+Б.с. бар+... жатыр+... ғой, ия.

4-тапсырма. Төмендегі асты сызылған сөздер мен жақша ішіндегі сөздерді тіркестіріп, сөйлемдерді нақ осы шақта айтыңыз.

Мен жүгіру (жүр). Сен кеңсеге бару (жатыр) ба? Біз дүкеннен азық-түлік алып алу (тұр). Олардың балалары далада ойнау (жүр). Сіздер тест жазу (отыр). Сендер көлде шомылу (жатыр). Ол теледидар көру (отыр).

5-тапсырма. Киім атауларымен танысыңыз.

| | | | |
|------------|---------|----------|---------|
| белдемше - | юбка | жемпір - | джерпер |
| көйлек - | платье | күрте - | куртка |
| жейде - | рубашка | тон - | шуба |
| шалбар - | брюки | етік - | сапоги |

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.

Красная юбка, черное платье, белая куртка, красивые сапоги, брюки большие, синяя рубашка, коричневая шуба

7-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз

| | | | |
|--------------|--------------------|-------------|-----------------|
| өлшем - | размер | кең - | широкий |
| ұзын - | длинный | тар - | узкий |
| қысқа - | короткий | кішкентай - | маленький |
| келеді - | (здесь:) подходит | үлкен - | большой |
| жарасады - | подходит, идет | өлшеу - | примерять |
| жараспайды - | неподходит, неидет | кию - | надеть, одевать |

8-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе.
- Сәлеметсіз бе.
- Маған 42 өлшемдегі көйлек керек еді.
- Қандай көйлек: той көйлегі ме, күнделікті киюге ме?
- Күнделікті киюге, бірақ әдемі болсын.
- Сізге қандай түстер ұнайды?
- Мен ашық түстерді ұнатамын.
- О, онда мен білемін, сізге не керек екенін. Мына көйлекке қараңыз, қалай?
- Ой, қандай әдемі! Маған ұнады. Тек жарасса болғаны.
- Жарасады деп ойлаймын, киіп көріңіз. Бұл көйлекті күнделікті киюге де, тойға киюге де болады.
- Ия, солай сияқты. Мен аламын.
- Сізден 9990 теңге.
- Мінекей, алыңыз.
- Игілігіңізге киіңіз!
- Рахмет.

9-тапсырма. Сатушы мен сатып алушының ролінде «Киім дүкенінде» тақырыбына сұхбат құрастырыңыз.**10-тапсырма. Жакша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударып, сөйлемдерді оқыңыз.**

Менің гардеробымда (15 платье) бар. Олар әр түрлі түсті: (красный, голубой, светло зеленый, черный, темно зеленый). (5 платьев) (длиные), бес

койлегім тізеден төмен. Бес көйлек – (короткий). Сондай-ақ, мен (брюки) кигенді жақсы көрем. Көптеген (брюки черного) түсті. Менде төрт (короткие юбки), екі (длинные юбки) бар. (Обуви) менің (одеждам) сәйкес: (сапоги), туфли, кроссовки әртүрлі түсті.

11-тапсырма. Өз гардеробыңыздағы киімдерді сипаттап беріңіз.

12-тапсырма. Өз топтастарыңыздың ішінде кімге не, қандай түс жарасатынын айтып беріңіз.

13-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз қандай түсті киімдерді ұнатасыз?
2. Сізге ұлттық киімдер ұнай ма, не себепті?
3. Сіз қандай қазақстандық стилист-дизайнерлерді білесіз (киімге қатысты)?
4. Сіз киімді қалай тандайсыз?

14-тапсырма. Төменде берілген сөздермен танысыңыз. Және әр қайсымен нақ осы шақта тұратындай етіп бір-бір сөйлемен құрастырыңыз.

Сұрау – спрашивать

Түсіндіру – объяснять

Сату – продавать

Сатып алу – покупать

Қою – поставить

Салу – класть, положить//рисовать

Төлеу – заплатить

Алу – брать, взять

Беру – дать, отдавать

Қарау – смотреть

Көру – видеть

Киіну – одеваться

Шешіну – раздеваться (+ жатыр)

Біліміңізді тексеріңіз:

1. №1 формуланы айтып беріңіз.
2. Осы шақтың неше түрі бар?
3. Нақ осы шақ қандай жолдармен жасалды?
4. Дара нақ осы шақтың жасалу жолын айтыңыз.
5. №2 формуланы айтыңыз.
6. Тұйық етістік формасында келген сөзді қалай өзгертуге болады?
7. Күрделі нақ осы шақ қалай жасалады?
8. Бар, кел, апар, әкел деген етістіктермен нақ осы шақта қолданыңыз.
9. Іс-қимылдың созылықлығын, үздіксіздігін білдіретін етістіктерді атаңыз.
10. Киім атауларын атаңыз.
11. «Принести» сөзінің қазақша аудармасы:

12. № 3 формуланы айтып беріңіз.
13. Тақырыпқа қатысты қандай жаңа сөздерді меңгердіңіз?
14. Қазақстандық стилист-дизайнерлерді атаңыз.

15-модуль: МЕРЕКЕЛЕР

Лексикалық тақырып: Мерекелер. Отбасылық дәстүрлі мерекелер
Грамматикалық тақырып: Табыс септігі. Құттықтау кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Табыс септік (винительный падеж) іс-әрекет бағытталған затты, объектіні білдіреді. Табыс септік обозначает предмет, на который направлено действие. Табыс септіктің сұрақтары - вопросы табыс септік: кімді? нені?

Табыс септік жалғаулары – окончания табыс септік.

1) дауысты дыбыстардан кейін (после гласных звуков) -ны, -ні; Мысалы: баланы, әжесі;

2) з, ж ұяң дауыссыз және үнді дауыссыз дыбыстардан кейін (после звонких з, ж и после сонорных звуков) -ды, -ді; Мысалы: қызды, айды, ұлды;

3) қатаң дауыссыз дыбыстардың кейін (после глухих звуков) -ты, -ті; Мысалы: сабақты, мектепті, клубты;

4) тәуелдік жалғауының 3 жағынан кейін (после притяжательной формы 3 лица) -н. Мысалы: анасын, әкесін.

1-тапсырма. Берілген сөздерге табыс септігінің жалғауларын жалғаңыз

Кітап, қалам, дәптер, қағаз; көйлек, жейде, шалбар, тон, етік, аяқ киім, бас киім; сүт, нан, тұз, су, алма, алмұрт, шие; күз, қыс, көктем; екеу, бір, жеті, бесеу; бас, қол, аяқ, дене, мұрын, ауыз.

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына табыс септік жалғауларын қойып, сөз тіркестерін оқыңыз.

Терезе... жу. Мата... кес. Тәрелке... апар. Перде... іл. Дала... сыпыр. Алма... же. Қабырға... тес. Қала... арала. Ботқа... пісір. Жарнама... бер. Мақала... жаз.

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қазақ тіліне аударып, зат есім сөздерді табыс септігіне айналдырыңыз.

1. Прочти задание. 2. Вымой тарелку. 3. Отнеси ребенка. 4. Укрась стол. 5. Повесь картину. 6. Свари кашу. 7. Подай ручку. 8. Открой дверь. 9. Положи карандаш. 10. Съешь яблоко.

4-тапсырма. Сөздерге а) тобына тәуелдік жалғауының 3 жақ жалғауын және табыс септік жалғауларын ә) тобына табыс септік жалғауларын жалғаңыз.

а) дала, терезе, тәрелке, кеме, әке-шеше, бала, айна, кофе, қала, алма, немере, оқытушы, жатақхана, әже, нағаша, оқушы, перде, дәрісхана.

ә) Сәуле, Әлима, Сара, Алуа, Сәния, Қадиша, Қалима, Алма, Айна, Әлия, Бәтима, Ләйлә, Наташа, Татьяна, Володя, Валера.

5-тапсырма. Қазақ тіліне аударып, зат есімдерді табыс септігінде оқыңыз.

1.Вымой казан. 2.Делай зарядку. 3.Прочти журнал. 4.Напиши упражнение.
5.Повесь ковер. 6.Отнеси мел. 7.Поддай тетрадь. 8.Посмотри телевизор.
9.Подмети пол. 10.Съешь хлеб. 11.Дай ручку. 12.Спой песню. 12.Отправь бумагу.

6-тапсырма. Қай мереке қай күні тойланады? Кестені толтырыңыз.

| | |
|--------------|--|
| 1 қаңтар | |
| 22 наурыз | |
| 1 мамыр | |
| 9 мамыр | |
| 10 тамыз | |
| 16 желтоқсан | |
| 8 наурыз | |

7-тапсырма. Қазақстан Республикасында аталып өтетін мереке күндерін мына топтарға бөліңіз.

| мемлекеттік | ТМД елдеріне ортақ | діни | Халықаралық |
|-------------|--------------------|------|-------------|
| | | | |

8-тапсырма. Сұхбатты оқып, жалғастырыңыз.

Нұрлан: Наурызкөжені қалай әзірлейсің?

Азамат: Наурызкөжені қазақ жеті санын киелі деп есептеп, жеті түрлі ас түрінен істеуді ғұрыпқа айналдырған. Біздің наурызкөжеміз қандай жеті түрлі тағамнан тұрады?

Майра: 1. Алдымен таза ақ көңілмен тайқазанға су құяды.

2. Тілек тілеп, тұз саламын.

3. Тоқтық тілеп, соғым басы – ет саламын.

4. «Ақ мол болсын!» деп, сүт құямын.

5. «Егін мол болсын!» деп, бидай қосамын.

6. «Ел берекелі болсын!» деп, айран қосамын.

7. «Ел бай болсын!» деп, май саламын.

Наурызкөженің құрамы осындай жеті түрлі тағамнан тұрады. «Наурызкөжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар.

9-тапсырма. Берілген сөздерге ассоциация құрыңыз.

| | |
|------------|--|
| Мереке | |
| Наурызкөже | |

| | |
|--------|--|
| Достық | |
| Су | |
| Тойлау | |

10-тапсырма. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс жазыңыз.

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 1. Наурыз ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын – Достық көп мерекесі. | |
| 2. Он бір тал кессен, тал ек. | |
| 3. Жақсылық ұмытып ұлыстың ұлы адамдар бір-біріне деген күні өзіне, өзгеге де ренішін тілеген. | |

11-тапсырма. Құттықтау сөздерін жаттап алыңыз.

Құттықтаймын - поздравляю

бақыт - счастье

денсаулық - здоровье

сәттілік - удачи

жетістік - достижения

табыс - успехов

бар жақсылықты - всего хорошего

тілеймін - желаю

шын жүректен - от всего сердца

12-тапсырма. Жоғарыдағы сөздерді пайдаланып, досыңызға (анаңызға) құттықтау жазыңыз.

13-тапсырма. Берілген жоспар бойынша эссе жазыңыз.

Жоспар:

1. Мейрамға дайындық.

2. Берекелі дастарқан.

3. Мерекелік құттықтау.

14-тапсырма. Сізге қандай мереке ұнайды? Әңгімелеп беріңіз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. 7 мамыр қандай мереке?

2. Табыс септік нені білдіреді?

3. Табыс септік жалғауларын атаңыз.

4. Табыс септікті сөзге қандай сұрақтар қойылады?

5. Дауысты дыбысқа аяқталған сөзге табыс септіктің қай жалғауы жалғанады?

6. Тәуелдік жалғауының 3 жағынан кейін келетін табыс септік жалғауын айтыңыз.

7. Мерекенің қандай түрлері бар?

8. Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелерін атаңыз.
9. 1 мамыр қандай мереке?
10. Халықаралық мерекелерді атаңыз.
11. Діни мерекелерді атаңыз.
12. Наурызкөже қалай әзірленеді?

16-модуль: ТАҒАМ

Лексикалық тақырып: Тағам. Ұлттық тағамдар

Грамматикалық тақырып: Жатыс септігі (іс-қимылдың мекені). -шы, -ші жұрнағымен келетін өтініш мәнді сөйлемдер

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақ тілінде өтініш мәнді сөйлем жіктік жалғаулы етістікке -шы, -ші жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Чтоб попросить о чем то, в казахском языке к сказуемому выраженный глаголом присоединяется суффикс -шы, -ші после личных окончаний. Мысалы: *кітапты оқы+шы, маған айтыңыз+шы, кілтті берейін+ші*

1-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін өтініш мәнін беретіндей етіңіз.

Киноға барсын..., азық-түлік сатып алыңыз..., гүлге су құй..., анаңа хат жаз..., маған балмұздақ алып беріндер..., сізге сөмкеңізді көтерісейін...

2-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін айтуға жолтағыңыз.

тамақтану – питаться

адам ағзасы – организм человека

ұлттық тағам – национальная еда

күш-қуат – мощь, сила

дұрыс тамақтану – правильное питание

пайдалы – полезна

ағза – организм

уақытылы тамақтану – режим питания

тағам өнімдері – пищевые продукты

жеміс-жидектер – овощи и фрукты

дорумендер – витамины

3-тапсырма. Мәтінді оқып, бес сұрақ құрастырыңыз.

Қазақ – өте қонақжай халық. Қазақ халқы асты (тағамды) өте жоғары бағалайды. Қазақ халқы еттен түрлі ұлттық тағамдар жасайды. Бұл: *шұжық, түйемеш, шымж-мыж, бұжы, сырбаз, сүр ет, қуырдақ, сырбаз-қуырдақ, созым қуырдағы, т.б.*

Ұлттық тағамдарды сүттен де жасайды. Сүт тағамдарын «ақ» деп атайды. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ, айран, уыз

сияқты тағамдар жасайды. Сүт тағамдарының қоректік қасиеті мол, әрі денсаулыққа пайдалы.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Орыс халқында «Лучше голодать, чем что попало есть», «Лучше быть одной, чем вместе с кем попало» деген мақал бар. Әрине, қарның аш болса, бәрін де житін шығарсың, бірақ бүгінгі баршылық заманда кез келген тамақты жеуге болмайды. Қазіргі кезде көптеген тамақ түрлері бар, фаст-фудтар көбейіп кетті. Кейбір тамақтар адамға зиян келтіреді. Колла, энержи сияқты адам ағзасына зиян келтіретін сусындар мен пайдасыз тамақтарды жемегенің дұрыс болар.

Төмендегі мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз.

1. «Ас – адамның арқауы»
2. «Жаман ауруға – жақсы ас»
3. «Ас қадірін білмеген аштан өледі, ат қадірін білмеген жаяу қалады».

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсінесіз?
2. Дұрыс тамақтану дегеніміз не?
3. Тамақтанудың негізгі ережелерін атаңыз?
4. Қандай тағам түрлерін білесіз?
5. Дұрыс тамақтанбағаннан қандай аурулар пайда болады?

6-тапсырма. Сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Вкус этого супа. Фрукты нашего сада. Запах свежего лука. Домашняя еда. Вкусные булочки. Вчерашний хлеб. Восточные блюда. Национальные блюда.

7-тапсырма. Жатыс септігінің жалғауларын қойыңыз.

Асхана... тағамдар бар, сорпа... бұрыш бар, тамақ... тұз бар, палау... сәбіз көп, ет... май бар, шай... қант бар, мәңгі... асқабақ бар, үй... дастарқан жаюлы, тағам...

8-тапсырма. Өзіңіз ұнататын ұлттық тағам туралы айтып беріңіз, мүмкін болса, оның жасалу жолын.

9- тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құраңыздар.

1. Мен/ал/сатып/айран
2. істе/Сен/жұмыс/дүкенде
3. Әсел/ал/сатып/нан
- 4.Мен/тағам/ұлттық/көр/жақсы
- 5.әже/пісір/бауырсақ/бүгін
- 6.сен/пісір/ал/палау

10-тапсырма. Әр сөйлемді бірге қоюға болмайтын сөздермен толықтырыңыз.

Үмі: Алма бірге қойылмайды (қияр, жүзім, алмұрт, киви)

Алма қияр+мен бірге қойылмайды.

1. Балық бірге пісірілмейді (ет, картоп, сәбіз)
2. Қамыр бірге пісірілмейді (күріш, ет, картоп, пияз)
3. Тауық бірге пісірілмейді (балық, қазы, жая)
4. Қой еті бірге пісірілмейді (шошқа еті, краб, шаян)

Ыліміңізді тексеріңіз:

1. Қазақ тілінде өтініш мәнді сөйлем қалай жасалады?
2. Етістікке -шы, -ші жұрнағы жалғанғанда қандай мағына туындайды?
3. Қазақ халқының еттен жасалатын қандай ұлттық тағамдарын білесіз?
4. Қазақ халқының сүттен жасалатын қандай ұлттық тағамдарын білесіз?
5. Сүт тағамдарының пайдасы қандай?
6. «Ас – адамның арқауы» дегенді қалай түсінесіз?
7. Дұрыс тамақтану дегеніміз не?
8. Тамақтанудың негізгі ережелерін атаңыз?
9. Қандай тағам түрлерін білесіз?
10. Дұрыс тамақтанбағаннан қандай аурулар пайда болады?
11. Қандай тағамдарды бірге пісіруге болмайды?

17-модуль: ТЕАТР

Лексикалық тақырып: Қазақ театрларымен танысу

Грамматикалық тақырып: Етістіктің шақтары.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Етістіктің осы шақтан басқа тағы екі түрі бар. Ол: келер шақ және өткен шақ. **Келер шақ** іс-қимыл, амалдың сөйлеп тұрған уақыттан кейін істелетінін көрсетеді. Етістіктің келер шағы – Будущее время глагола – выражает действие, которое происходит после момента речи.

Оның үш түрі бар. Есть три вида в келер шақ: ауыспалы келер шақ (переходно-будущее время), болжамды келер шақ (предположительно-будущее время), мақсатты келер шақ (будущее время цели).

1. Ауыспалы келер шақ етістікке көсемшенің -а, -е, й жұрнақтары (және оған жіктік жалғаулары) жалғану арқылы жасалады. Ауыспалы келер шақ называется переходным, так как может употребляться как в настоящем, так и в будущем времени. Образуется с помощью суффиксов деспричастия: -а, -е, -й и личных окончаний. Мысалы: *Мен ертең сабаққа бар+а+мын. Сен оны таңертең көр+е+сің. Ол – кешке теледидардан сөйле+й+ді.*

2. Болжамды келер шақ істің орындалуын болжаммен айтады. Ол етістік түбіріне есімшенің -ар, -ер, -р жұрнақтары жалғануы арқылы жасалады. Предположительно-будущее время (может быть) образуется путем присоединения суффиксов причастия -ар, -ер, -р к корню глагола и дает значение предполагаемости действия, то есть возможно сделает, Например, он

может быть придет. Мысалы: *Асан ертең кел+ер. Келесі айда Алматыға бар+ар+мын.*

3. Мақсатты келер шақ істі орындауға, істеуге мақсат қойып отырғанын білдіреді. Ол етістікке –мақ, –мек, –бақ, –бек, –пақ, –пек жұрнақтары арқылы жасалады. Мақсатты келер шақ образуется при помощи присоединения суффиксов: -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек к корню глагола и личных окончаний (по общему закону сингармонизма и ассимиляции). Мысалы: *Мен жазда Дубайға бар+мақ+пын - Я летом намерен поехать в Дубай. Келесі аптада олар бізге қонаққа кел+мек.* Мақсатты келер шаққа көбінесе –шы, –ші жұрнақтары жалғанып та қолданылады. Мысалы: *Сіз теледидардан сөйле+мек+ші+сіз бе?*

1-тапсырма. Төменде берілген осы шақтағы сөйлемдерді ауыспалы келер шаққа, мақсаты келер шаққа, болжамды келер шаққа айналдырыңыз.

Үлгі: *Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнап отыр.*

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнайды.

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнамақ.

Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнар.

1. Мына бөлмеде інілерім шахмат ойнап отыр. 2. Болат жұмыстан үйге жаяу бара жатыр. 3. Студенттер шығарма жазып отыр. 4. Сен Астанаға пойызбен саяхат жасап отырсың. 5. Біз кітапханадан кітап іздеп жүрміз. 6. Балалар балабақшада ойнап жүр. 7. Ермек ауруханада жұмыс істеп жүр. 8. Жаңбыр қатты жауып тұр.

2-тапсырма. Төмендегі етістіктерден ауыспалы осы келер шақ (переходное настоящее-будущее время) жасап, орыс тіліне аударыңыз.

Үлгі: *жазу – жазамын – тишу- напишу (буду писать);*

Жазу, келу, жүзу, жету, тосу, айту, сұрту, сыпыру, күту, жату, отыру, тұру, жүру, бару, сөйлесу, кешігу, қатынасу, танысу, қалу, жырту, көну, аудару, ұнату, үйрену, пісіру, жіберу, беру, тындау, билеу, құлау, мейрамдау, сөйлеу, байлау, қалау, есептеу, ойлау, тоқтау, сайлау, құттықтау.

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына етістіктің ауыспалы және болжалды келер шақ жасайтын жұрнақтарды қойыңыз.

алу

1. Мен кітапханадан кітап 2. Сендер дүкеннен нан, май, қант 3. Базарға барасың, үйге алма, картоп сатып 4. Біз үстелдің үстіне дәптерлерді 5. Сіз мына қораптың ішінен бор 6. Олар дастарқаннан тамақ 7. Сіздер көрмеден көп әсер

беру

1. Ол маған көп көмек 2. Мен университетте қазақ тілінен сабақ 3. Біз саған керек затынды 4. Сіз маған көп білім 5. Сендер дәптерлеріңді қашан ... ? 6. Олар қонақтарға дәмді тамақ 7. Сіздер сұрақтарға дұрыс жауап

4-тапсырма. Тақырыпқа қатысты сөздермен танысыңыз.

| Қазақ тілінде | Орыс тілінде |
|------------------|----------------------|
| қойылым | постановка |
| шымылдық | занавес |
| эргіс | артист |
| танымал шеберлер | известные мастера |
| дарынды режиссер | талантливый режиссер |
| ұлттық театр | национальный театр |
| марапатталды | награжден |
| ұйымдасу | организовать |
| қоныс аударды | переехали |
| негізін қалаушы | основоположник |
| ойын-сауық | развлечение |

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Театр деген не? Театрда нелер өтеді?
2. Нұр-Сұлтан қаласында қандай театрлар бар?
3. Қазақ театры қайда орналасқан?
4. Сіз қандай қойылымдарды, спектакльдерді көрдіңіз?
5. Өзіңіз көрген қойылым не жайында, сізге ұнады ма?


6-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтыңыз.

Ертең Қазақ театрында «Қыз Жібек» спектаклі болады. Біз анам екеуміз сол спектакльге бармақшымыз. Жаңа барып билет алдым. Біздің орнымыз төртінші қатар, он бірінші, он екінші орындар. Қазақ театрына бару үшін тоғызыншы не жиырма екінші автобусқа отырып, №1 қалалық емханадан түсу керек. Театр сол емхананың артында орналасқан. Театр үлкен емес, шағын екі қабатты ғимаратта орналасқан. Репертуарлары әр айдың жиырмамынан кейін жаңартылып отырады.

7-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, мұғалымымен анықтаңыз.

- Сәлеметсіз бе.
- Сәлеметсіз бе.
- Маған «Айман-Шолпан» қойылымына үш билет керек еді.
- Жаксы. «Айман-Шолпан» қойылымы сағат 15.00-де және 19.00-де болады. Сізге қай уақытқа берейін?
- Кешкі сеанс дұрыс болады.
- Жаксы. Егер үшеуіңіз қатар отырғыларыңыз келсе, 6, 9, 15 қатарларда бос орындар бар. Қай қатарды қалайсыздар?
- Маған мүмкін болса, 6 қатардың орта шенінен беріңізші.
- Жаксы... Міне, ала қойыңыз, алты мың алты жүз теңге.
- Рахмет. Міне, ала қойыңыз. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

8-тапсырма. Суретте кімдер бейнеленгенін айтыңыз және олар туралы не білесіз?



9-тапсырма. Мәтінді оқып, қазақ театр жұлдыздарымен танысыңыз.

Қазақстан – Р. Бағланова, Е. Серкебаев, Б.Төлегенова, Ә.Дінішев, Р.Рымбаева, Г.Есімова, Ж.Әубәкірова, А.Мұсаходжаева, сияқты халықаралық деңгейдегі орындаушылар отаны.

Қазақтың музыка өнерінде дирижер, композитор, домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің орны ерекше. Нұрғиса Тілендиев «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрін құрған. Оркестрде музыка ежелгі музыкалық аспаптармен орындалатын.

10-тапсырма. Төмендегі мәтінді аударып, түсінгеніңізді қысқаша баяндаңыз.

Қазақтың кәсіби балет өнері XX ғасырдың 30-жылдарында Абай атындағы Қазақ академиялық театрында, опера және балет театрында болған «Айман-Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қамбар-Назым» т.б. қойылымдарынан басталды. Мемлекеттік би театрының бағдарламасында классикалық балет үлгілері «Шопениана», «Кармен-сюита», «Болеро», «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Шыңғысхан», «Қыз Жібек» сияқты әлемдік хореографиялық бір әктілі балеттер болды.

11-тапсырма. Досыңызбен театр тақырыбына сұхбаттасыңыз.

12-тапсырма. Өзіңіздің қалаңыздағы театрларды сипаттап беріңіз.

13-тапсырма. Сұхбатты толықтырып, көршіңізбен сөйлесіңіз.

• Бүгін сабақта «қазақтың өнері» деген тақырыпты өттік. Өнердің түрлері көп. Сен, өнердің қандай түрлерін білесің?

• Дұрыс айтасың. Ал, сен халық әндерін кімдер таратқанын білесің бе?

• Қазіргі ақын, әншілерден кімдерді білесің?

• Отандық әншілерден кімдерді сүйіп тындайсың? Ол саған несімен ұнайды?

• Жастардың көбі жеңіл музыканы ұнатады: поп, рок, диско, рэп, техно және т.б. Орта жастағы өнерсүйгіштер көбіне джаз, классикалық музыканы ұнатады. Айтшы, рок музыкасының негізін салушылар кімдер?

• Қазақстанда эстрада жұлдыздары көп. Оларға кімдерді жатқызамыз?

• Өнер, мәдениет дегенде мәдени орындарды еске түсіреміз. Өзің білетін Қазақстандағы ірі театр, мәдени орындарды атап берші.

• Музыка өнерінің дамуына үлес қосатын оқу орындары туралы не білесің?

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Етістіктің шақ категориясы туралы не айта аласыз?
2. Келер шақ нені білдіреді?
3. Келер шақтың неше түрі бар?
4. Ауыспалы келер шақ қалай жасалады және нені білдіреді?
5. Болжалды келер шақ қалай жасалады және нені білдіреді?
6. Мақсатты келер шақ қалай жасалады және нені білдіреді?
7. Модальді өту барысында театр тақырыбына қатысты қандай сөздермен таныстық?
8. Театр деген не? Театр не үшін керек?
9. Нұр-Сұлтан қаласында қандай театрлар бар?
10. Қазақ театры қайда орналасқан?
11. Қазақстанның халықаралық деңгейдегі орындаушылары кімдер?
12. Нұрғиса Тілендиев деген кім?
13. «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрін кім құрған?
14. «Отырар сазы» фольклорлы-этнографиялық оркестрі қандай аспаптарда өнер көрсетеді?
15. Қазақтың кәсіби балет өнерінің негізі қашан қаланды?

18-модуль: МҰРАЖАЙ

Лексикалық тақырып: Қазақстан мұражайлары

Грамматикалық тақырып: Бұрынғы өткен шақта ақпаратты түсіндіру

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақ тілінде іс-әрекеттің, қимылдың мезгілге, уақытқа байланыстылығын көрсететін етістікке тән категорияны етістіктің шақтары дейміз және ол етістікке көсемше және есімше жұрнақтары, одан кейін жіктік жалғау жалғануы арқылы жасалады. В казахском языке формы времени глагола образуются путем присоединения к причастиям и деепричастиям личных окончаний и выражают отношение действия к моменту речи.

Қазақ тілінде етістіктің үш шағы болады: өткен шақ, келер шақ, осы шақ. В казахском языке глагол имеет три времени: осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время), өткен шақ (прошедшее время).

Өткен шақтың екі түрі болады: жедел өткен шақ және бұрынғы өткен шақ. Прошедшее время имеет два вида: недавно прошедшее время и давно прошедшее время.

Жедел өткен шақ етістікке –ды, –ді, –ты, –ті жұрнақтары (одан кейін жіктік жалғауы) жалғануы арқылы жасалады да, іс-әрекеттің жуырда, жақын арада орындалғанын білдіреді. Прошедшее время образуется с помощью присоединения суффиксов –ды, –ді, –ты, –ті к глаголу и указывает на недавно прошедшее действие. Мысалы: *Біз киноға бардық. Олар кітапханада болды.*

Бұрынғы өткен шақ етістікке көсемшенің –ып, –іп, –п және есімшенің –ған, –ген, –қан, –кен жұрнақтары жалғануы арқылы жасалады. Давно прошедшее время образуется путем присоединения суффиксов деепричастия –ып, –іп, –п и причастие –ған, –ген, –қан, –кен. Мысалы: *көріпін, көргенмін (видел).* В первом случае (если присоединяются суффиксы –ып, –іп, –п) глагол обозначает действие, которого говорящий подзабыл, во втором случае (если присоединяются суффиксы –ған, –ген, –қан, –кен) глагол обозначает действие, которого он наверняка помнит.

1-тапсырма. «Оқы» етістігімен келетін сөйлемдерге көп нүктенің орнына етістіктің жедел өткен шақ түрін, «ойна» етістігімен келетін сөйлемдерге бұрынғы өткен шақтың –ып, –іп жұрнағын, «бар» етістігімен келетін сөйлемдерге –ған, –ген жұрнағын жалғап, сөйлемдерді оқыңыз.

оқы

1. Қызық кітап 2. Студенттер кітапханада журнал және газет 3. Ол тез және дұрыс 4. Сендер бүгін газет ... ма? 5. Біз бүгін газет

ойна

1. Кәрім гитарада жақсы 2. Студенттер пианонода ... және өлең айтыпты. 3. Сен кеше домбырада жақсы 4. Менің әкем домбырада тамаша 5. Бала кезімізде бәріміз далада футбол ...

бар

1. Әсия концертке 2. Декан жиналысқа 3. Сендер дүкенге 4. Мен сабаққа 5. Сіздер театрға

2-тапсырма. Мына етістіктерді өткен шаққа қойыңыз.

Үлгі: айту - айт-ыпты; айт-қан "сказал"

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну, ішу, деу, салу, танысу, басу, көшіру, есептеу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу, кету, тойлау, жату, көру, отыру, ұнату, үйрету, үйрену, өшіру, қуану, жану, орналасу.

3-тапсырма. Сөздікті еске сақтаңыз.

| | |
|------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| мұражай – музей | археологиялық - археологический |
| мұрахат – архив | антропологиялық - антропологический |
| ұлттық – национальный | этнографиялық - этнографический |
| этномәдени – этнокультурный | геологиялық – геологический |
| тарихи – исторический | кешенді мемориалды – комплексно-мемориальный |
| амтақты адамдар – известные люди | өлкетану - краеведческий |
| тарихи көркемөнер – художественно исторический | |

4-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстанның қандай мұражайларын білесіз?
2. Қазіргі кезде Нұр-Сұлтанда неше мұражай бар?
3. Мұражайдың қандай түрлері бар?
4. Қандай атақты адамдарға мұражайлар арналған?

5-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді айтыңыз. Өткен шақта тұрған егістіктерді тауып, орыс тіліне аударыңыз.

2005 жылы Есіл қаласында Господарь Анатолий Юрьевичке арналған мұражай ашылған. Ол – Қазақстан Республикасына өз еңбегін сіңірген ұстаз, шебер. Анатолий Юрьевич 1938 жылы 11 маусымда Украинаның Нелепино ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, Львов қаласындағы шеберлік училищесінде оқиды. 14 маманға ие болып, 1956 жылы комсомол жолдауымен Қазақстан жеріне келеді. Ол тың жерін игереді. 1966 жылдан бастап мектепте дене шынықтыру мұғалімі, сонан соң тарих мұғалімі болып жұмыс істейді. 1971 жылы Семей қаласындағы Крупская атындағы педагогикалық институтта оқыған. Оқуды бітірген соң Торғай облысына көшіп келіпті. Есіл қаласында Макаренко орта мектебінде жұмысын жалғастырыпты.

6-тапсырма. Мұражай түрлерін еске сақтаңыздар.

тарихи көркемөнер жаратылыстану техникалық кешенді мемориалды

тарихи көркемөнер

жыпы тарих көркемөнер

археологиялық мүсін

антропологиялық қолөнер

этнографиялық театр, музыка

жаратылыстану техникалық

биологиялық авиация

зоологиялық автокөлік

геологиялық кеме жасау

өнеркәсіп

өндіріс өкілдері

кешенді мемориалды

шаруашылық мемлекетке

жаратылыстану өнерге

өлкетану әдебиетке
ғылымға еңбегі сіңген белгілі
адамдардың жеке өмірі мен қызметіне арналған

7-тапсырма. Өз қалаңыздағы мұражайлар туралы қысқаша айтып беріңіз.

8-тапсырма. Сұхбатты оқыңыз.

3. Сәлеметсіз бе.
4. Сәлеметсіз бе.
5. Кешіріңіз, Қазақстан Ұлттық мұражайына қалай баруға болаитынын айтып жібермейсіз бе.
6. Ия, айтайын. Ол үшін сізге он тоғызынша автобуска отырып, Ұлттық мұражай аялдамасынан түсу керек. Аялдамадан түскенде тура алдыңызда Қазақстан Ұлттық мұражайы тұрады.
7. А, рақмет.
8. Жолыңыз болсын!

9-тапсырма. http://massaget.kz/mangilik_el/befkeustar/52048 және <http://bilim-all.kz/article/1941> сайтынан Қазақстан мұражайлары туралы мәліметті оқып, қысқа әңгіме құраңыз.

10-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Павлодар «Өлкетану мұражайында» «Жыл құстары» экспозициясы бар. Сондай-ақ ол мұражайдан сіз мамонттардың, динозаврлардың қаңқасын және жұмыртқаларын көре аласыз. Мұражайда сол өлкеде өсетін өсімдіктер мен аң құстар жайлы көп ақпарат алуға болады.

11-тапсырма. Карлаг және «АЛЖИР» кешенді мемориалды мұражайлары туралы мәлімет жинап, достарыңызға олар жайлы қасқаша баяндап беріңіз.

Дескриптор:

- Мәтін 10-15 сөйлемнен кем болмауы керек;
- Мәтінде мұражайдың ашылу мақсаты, себебі көрсетілуі тиіс;
- Ол лагерьлерде болған қазақстандық атақты азаматтар жайында қысқаша айтылуы қажет;
- Ол лагерьлерде болған шетелдік азаматтар жайында ақпарат болуы керек;
- Қазіргі кезде олардың ұрпақтарымен қандай байланыс бар екендігі айтылса жақсы болар еді.

Білімніңізді тексеріңіз:

1. Қазақ тілінде іс-әрекеттің, қимылдың мезгілге, уақытқа байланыстылығын көрсететін етістік категориясы қалай аталады?
2. Етістіктің шақтарын атаңыз.
3. Өткен шақтың неше түрі бар және қандай ?

4. Жедел өткен шақ қалай жасалады?
5. Жедел өткен шақ нені білдіреді?
6. Бұрынғы өткен шақ дегеніміз не?
7. Бұрынғы өткен шақ қалай жасалады?
8. Көсемшенің –ып, -іп, -п жұрнағы арқылы жасалған бұрынғы өткен шақ нені білдіреді?
9. Есімшенің –ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтары жалғануы арқылы жасалған бұрынғы өткен шақ нені білдіреді?
10. Мұражайдың қандай түрлері болады?
11. Біздің елімізде қандай мұражайлар бар?
12. Нұр-Сұлтан қаласында неше және қандай мұражайлар бар?
13. Елімізде атакты адамдарға арналған мұражайлар бар ма? Бар болса атап беріңіз.

19-модуль: КӨЛІК

Лексикалық тақырып: Көлікте. Көлік түрлері

Грамматикалық тақырып: Бұйрық рай формасының қолданылуы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Біреуге қандай да бір істі істетуді мақсат етіп, бұйыра тапсыруға негіз болатын форманы бұйрық рай деп атаймыз. Қазақ тілінде бұйрық рай жіктік жалғаулар арқылы беріледі. Бұйрық райдың жасалу жолдары:

| Жақ | Жекеше Түр | Қосымшасы | Көпше түр | Қосымшасы |
|----------|------------|-----------------------------------|------------------|------------------------------------------------------------------------|
| I жақ: | Мен | -айын,-ейін, -йын,-йін | Біз | -айық, -ейік, -йық, -йік |
| II жақ: | Сен Сіз | -0 -ңыз, -ніз - ыңыз,-іңіз, | Сендер Сіздер | -ындар, -індер, -ндар, -ндер -ыңыздар,-іңіздер, -ңыздар, -ңіздер |
| III жақ: | Ол | -сын,-сін | Олар | -сын, -сін |

I тапсырма. Берілген етістіктерді әр жақта болатындай етіп бұйрық райында жіктеңіз.

I жақ жекеше түр: ал, бер

II жақ жекеше түр: көр, жаз

III жақ жекеше түр: оқы, айт

I жақ көпше түр: тыңда, жүр


II жақ көпше түр: отыр, жатыр

III жақ көпше түр: қара, бар

2 тапсырма. Көп нүктенің орнына бұйрық райының тиісті жіктік жалғауларын қойыңыз.

Асқар қазір кітапханға бар... . Сен ертең біздің үйге кел.... Мен сіздерге айт..., сіздер тында..... Біз олармен бірге кел..... Сендер әкелеріңе бәрін айт..... Ал сіздер оны сұра.... . Олар білімімен мақтан....

3-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз.



4-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді толықтырыңыз.

Өмірде көліктің түрлері өте көп. Оларды жер үсті көлігі, әуе көлігі, теміржол көлігі, жер асты көлігі, су жолы көлігі, су асты көлігі деп топтастыруға болады. Жер үсті көліктеріне:,,,,, көліктері жатады. Жер асты көлігіне ... жатса, су асты көлігіне ... жатады. Ал әуе көліктеріне, ... және ... жатады. Сондай-ақ теміржол көліктері де бар. Бұлардың әрқайсының өз қызметі бар. Мәселен ұшақ үшін керек. Ал пойыз мен ауыр ... ел ішінде алыс жерлерге тасымалдау үшін қажет.

Арнайы көліктердің рөлі мен маңызы өте зор. Арнайы көліктерге,, ... жатады.

5-тапсырма. Сөздікті еске сақтаңыз.

| | |
|----------------------------------|---------------------------------------|
| Көлік – транспорт | Жанар-жағармай тау – перевозка |
| Тасымал-перевозка, | нефтепродуктов |
| транспортировка | Қала іші көлігі – городской транспорт |
| Спорттық көлік – спортивный | Бағыт – маршрут |
| транспорт | Жолаушы – пассажир |
| Автокөлік – автотранспорт | Тікұшақ – вертолет |
| Жүргізуші – водитель | Ұшақ – самолет |
| Теміржол – железная дорога | Аялдама – остановка |
| Жүк тасу – перевозка груза | әуежай – аэропорт |
| Жүк көлігі – грузовой транспорт | вокзал - бекет |
| Жеңіл көлік – легковой транспорт | станция – ыстансы |

6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және әр бөлігі бойынша екі-үш сұрақ құрастырыңыз.

Ұшақ

Қазақстанның облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларының барлығында дерлік әуежай бар. Республикалық сонымен қатар

жергілікті әуе тасымалдаушы компаниялар осы қалалар арасында ұшақ кигынастарын қамтамасыз етеді.

Ұшақ билеттерін интернет жүйесін пайдалану арқылы онлайн немесе Қазақстанның туристік агенттіктерінен сатып алуға болады. Жергілікті шағын әуе тасымалдаушы компаниялардың да қызметіне жүгінуге болады.

Пойыз

Қазақстан халқы пойызбен жол жүргенді ұнатады, себебі, біріншіден, пойыз билетінің бағасы ұшақ және автобус билеттеріне қарағанда төменірек. Сондай-ақ теміржол желілері әуе жолдарына қарағанда көбірек дамыған, яғни әуесжайы жоқ кішігірім қалаларға пойызбен жетуге болады. Алайда, Қазақстан жері өте кең болғандықтан, бір облыстағы қаладан екінші облысқа пойызбен жету үшін 10-20 сағат не одан да көп уақыт кетуі мүмкін. Дегенмен, бұл адам өміріндегі қауіпсіз көліктердің бірі болып саналады.

Автобус

Автобус та қалалар арасында жол жүру үшін кеңінен пайдаланылады, және автобус арқылы Қазақстанның кез келген аумағына жетуге болады. Жергілікті жердегі автобекеттерде автобус маршруттары және билет бағалары жөнінде ақпарат алуға болады. Автобус, сондай-ақ, қала ішінде халықты тасымалдаушы қоғамдық көлік болып саналады.

Автокөлік

Автомобиль, жол жүру үшін ең тиімді әрі ыңғайлы көлік болып келеді. Өз жеке автомобиліңіз болмаған жағдайда, арнайы қалааралық, ауданаралық тиксиге тапсырыс беруге болады, немесе оны сайт арқылы автокөлік жалдауға болады. Бұл үшін сілтеме арқылы өтіп, тапсырыс беру формасын толтыру керек, содан кейін автокөлік жалға беретін сәйкес агенттік сізбен хабарласады. Немесе ұялы телефоннан индрайвер қосымшасын жүктеп алып көлікке тапсырыс беруге болады. Бұл өте ыңғайлы, себебі ол сізді кез келген жерден өзі келіп алып кетеді.

Қалалардағы қоғамдық көлік

Қалалардығы негізгі қоғамдық көлік түрлері – автобус және микроавтобустар. Сондай-ақ кейбір қалаларда троллейбустар мен трамвайлар әрекет етеді. Алматы қаласында метро арықылы да жүруге болады және ол жер үсті көліктеріне қарағанда тез жүреді.

Автокөлік

Автокөлік түрлеріне келетін болсақ, олар алуан түрлі. Негізгілеріне сипаттама беріп кетейік: жеңіл автокөлік - жүргізушіден басқа 7 адамға дейін отыра алатын көлік түрі. Жүк тасымалдайтын автокөлік өз атынан белгілі болып тұрғандай - цистерна не фургонның көмегімен алыс-жақын аймақтарға жүк тасиды. Автобус болса, қала ішінде немесе қалалар, тіпті мемлекет арасында бірден 50-70 адамға дейін тасымалдай алатын автокөлік түрі. Спорттық немесе жарыс автокөлігі - бұл жарысқа қатысуына байланысты құрылысында өзгерістері бар көлік түрі.

7-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңізді қысқаша баяндап беріңіз.

8-тапсырма. Рөлге бөлініп, сұхбатты оқыңыздар.

1.

- Сапаржайға (вокзалға) қалай баруға болады?// Осы арадан вокзалға дейін қандай транспортпен баруға болады?
- Сапаржайға төртінші, бесінші, алтыншы, он төртінші троллейбустар жүреді.
- Сапаржайда таяу жерде такси тоқтайтын жер бар ма?
- Ия, бар.

2.

- Сіз мені сапаржайға (вокзалға) жеткізіп тастай аласыз ба?
- Жарайды. Отырыңыз. Сізге қай сапаржай керек?
- Теміржол вокзалы.
- Отыз минуттай жүреміз. ... Келдік. Сізден 500 теңге.
- Рахмет.
- Жолыңыз болсын!

3.

- Анықтама бюросының қайда екенін айтып жіберіңізші.
- Анықтама бюросы вокзал үйінде.
- Пойыздардың жүру кестесін қай жерден қарауға болады? Шымкентке (Жамбылға, Семейге, Петропавлға, Қостанайға, Свердловскіге) қандай пойыздар жүретінін білейін деп едім.
- Залдың оң жағында жоғарғы жақта, электронды табло бар.
- Рахмет. Ал, билет кассалары қай жерде? Мәскеуге күні бұрын билет алып қояйын деп едім, маған алдын ала сату кассасы керек.
- Касса екінші залда, оған бару үшін оң жаққа жүруіңіз керек, тунель арқылы екінші залға шығасыз. Алдын ала сату кассасы сол жерде.
- Рахмет. Көп жасаңыз.

4.

- Пойыз Қарағандыға (Свердловскіге, Новосибирскіге, Мәскеуге) сағат нешеде жүреді?
- Жолаушылар пойызы Мәскеуге 19 сағат 15 минутта жүреді. Сіздің жүрдек пойызбен баруыңызға болады.
- Қостанайға (Мәскеуге, Ташкентке т.б.) баратын пойыз қанша уақыт жолда болады?
- Пойыз жолда 48 сағат болады.
- Бұл – тіке қатынайтын пойыз ба?
- Ия, одан басқа пойыз жоқ.

9-тапсырма. Рөлдік ойын. Рөлге бөлініп, сұхбатты оқыңыздар (төмендегі фразаларды пайдалана отырып, сатушы және әр түрлі адамдардың ролінде сұхбат жүргізіңіздер).

- Алматыға пойыз сағат нешеде келеді?
- Пойыз Алматыға сағат сегізде келеді.

- Новосибирскиге келесі пойыз қашан жүреді?
- Келесі пойыз алты сағаттан кейін жүреді.
- Пойыз қандай тораптық станцияларды басып өтеді?

- Пойыз Ташкентке қай күндері жүреді?
- Пойыз Ташкентке дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері (күн сайын, жұп күндері, тақ күндері, аптасына екі рет) жүреді.

- Сізге билет керек?
- вагонның билеті қанша тұрады?
- Онда маған вагонға ... екі билет беріңіз.

10-тапсырма. Жолсерік пен жолаушы арасындағы және жүк сақтайтын жердегі сұхбатты оқыңыз.

- Қостанайға пойыз қай платформадан жүреді?
- Екінші платформадан.
- Сәлеметсіз бе, жолсерік.
- Сәлеметсіз бе, билетіңіз бен құжаттарыңызды көрсете қойыңыз.
- Міне.
- Жақсы, бесінші купе, 18-19 орындар.
- Жолсерік, пойыздың жүруіне қанша уақыт қалды? Мен газет сатып алуға үлгерем бе?
- Пойыздың жүруіне бес минут бар.

Жүк сақтайтын жер.

- Мен заттарымды алсам деп едім. Менде бір чемодан (екі чемодан) мен бір сумка.
- Квитанция алыңыз.
- Мен өзіммен қанша килограмм жүк алып жүруіме болады? 30 кг. Ал сізде 35 кг. көрсетіп тұр.
- Жүктің артық салмағы үшін қанша төлеу керек?
- Әр артық салмаққа 150 теңгеден.

11-тапсырма. Өзіңіздің соңғы жол жүруіңіз туралы айтып беріңіз.

12-тапсырма. Сізге ұнайтын көлік жайлы және оның себебі жайлы айтып беріңіз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Нені бұйрық рай деп атаймыз?
2. Бұйрық рай қалай жасалады?
3. I жақ бұйрық рай жекеше және көпше түр жалғауын айтыңыз.
4. II жақ бұйрық рай жекеше және көпше түр жалғауын айтыңыз.

5. III жақ бұйрық рай жекеше және көпше түр жалғауын айтыңыз.
6. Көліктің қандай түрлері болады?
7. Жер үсті көліктерін атаңыз.
8. Жер асты және су асты көліктерін атаңыз.
9. Әуе көліктерін атаңыз.
10. Темір жол көліктерін атаңыз.
11. Арнайы көліктерге қандай көліктер жатады.
12. Ұшақтың рөлі:
13. Пойыздың қандай көлік? Адамдар неге пойызбен жол жүргенді ұнатады?
14. Автобус туралы не айта аласыз?
15. Көлік адам өмірінде қандай қызмет атқарады?

20-модуль: САЯХАТ

Лексикалық тақырып: Қазақстанға саяхат жасасам

Грамматикалық тақырып: Етістіктің +са, -се формасы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Етістіктің жақ категориясынан басқа рай категориясы да бар. Етістіктің райлары сөйлеушінің, істі орындаушының іс-әрекетке деген көзқарасын, ниетін білдіреді. В казахском языке у глагола есть категория наклонений, которые обозначают (показывают) взгляд, мнение говорящего к происходящему действию. Қазақ тілінде етістіктің *ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай* деген түрлері бар. Это ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай.

Шартты рай іс-әрекеттің болу, болмау шартын білдіреді. Ол етістіктің түбіріне *-са, -се* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Әдетте, шартты райлы етістікке жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: *мен бар+са+м, сіз кел+се+ңіз, ол жырт+са, біз ек+се+к, сендер төк+се+ңдер*. Шартты рай образуется путем присоединения к корню глагола суффиксов *-са, -се* и личной окончаний.

Жіктік жалғауының шартты райлы етістікке жалғану кестесі:

| Жақ// жекеше түр | Шартты рай | Жіктік жалғау | Жақ // көпше түр | Шартты рай | Жіктік жалғау |
|-----------------------|------------|--------------------|---------------------|------------|----------------------------------|
| I Мен бар //кел | -са -се | - м | I Біз | -са -се | -қ//-к |
| II Сен бар Сіз кел | -са -се | - ң - ңыз, -ңіз | II Сендер Сіздер | -са -се | -ндар, -ндер -ңыздар, -ніздер |
| III Ол бар //кел | -са -се | | III Олар | -са -се | |

1-тапсырма. Шартты рай *-са, -се* жұрнағы мен жіктік жалғауын жалғаңыз.

Мен көру, сен жабу, сіз тігу, ол шығу, біз сөйлеу, сендер сыпыру, сіздер іздеу, олар ұйықтау, ол оқу; сен келу, біз шығу, сіз бару, олар кету, мен тамашалау, сендер көру, сіздер айту.

2- жаттығу. Сөйлемдерді үлгі бойынша аяқтаңыз.

Үлгі: Мен күлсем, ол ... - Мен күлсем, ол да күледі.

1. Мен күлсем, ол 2. Біз ойнасақ, сендер 3. Сендер теледидар көрсендер, біз 4. Ол ұйықтамаса, сен 5. Олар дүкенге барса, ол 6. Сіздер таксиге мінсеңіздер, мен 7. Сен жүгірсең, олар

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Шартты райлы сөз қатысқан сөйлем, көбінесе шарттылық мәнін білдіреді. Және шартты сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемінің (бірінші компонентінің) баяндауышының қызметін атқарады. Ондай жағдайда екінші компоненттің баяндауышы ауыспалы келер шақта тұрады. Глагол с условным наклонением в основном присутствует в сложном подчиненном предложении со значением условий в роли главного первого компонента (первого предложения), в таких случаях сказуемое выражено глаголом второго компонента в переходном будущем времени. Мысалы: *Әкем жіберсе, мен достарыммен киноға бардым. Ол бермесе, мен беремін.*

3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

а) 1. Оспан келсе, 2. Жомарт айтпаса, 3. Мен тұрсам, 4. Сендер жазсаңдар, 5. Олар жүгірсе, 6. Біз кетсек, 7. Сіз телефон соқсаңыз, 8. Данияр емделсе,

ә) 1. ..., мен барамын. 2. ..., сен де ал. 3. ..., олар да жазсын. 4. ..., біз демаламыз. 5. ..., жазыламыз. 6. ..., көреміз. 7. ..., айтындар. 8. ..., шай ішеміз.

4-тапсырма. Төмендегі сөздерді шартты райға айналдырып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Айту, келу, жабу, шығу, сөйлеу, ішу, ұйықтау, босау, жену.

5-тапсырма. Шағын мәтінді аударып, жаңа сөздермен жұмыс жасаңыз.

Мен бос уақытымды қала сыртындағы саяжайда өткіземін. Саяжайдың пұлсы таза, көл жағасында орналасқан. Мұнда мен пайдалы дене еңбегімен айналысамын, жаттығулар жасаймын. Саяжайда көл жағасында отырып, балық аулаймын. Жалаң аяқ жүргенді ұнатамын. Ол денсаулыққа өте пайдалы. Табиғат аясында кітап, газет-журнал оқыған да қызықты, әрі өте пайдалы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Шартты райлы етістік ол жай сөйлемнің құрамында да кездесуі мүмкін. Мысалы: *Келесі аптада әжсеме барсам деп едім (на следующей неделе хотела пойти к бабушке). Ол біздің үйге келсе зой (хоть бы он пришел к нам домой). Күн жылы болса игі еді (лишь бы день был теплым).* Бұл сөйлемдерде шартты райлы етістіктен кейін «деп еді», «ғой», «игі еді» деген көмекші етістіктер қолданылып, тілек, қалау мәнін білдіріп тұр. Однако глагол с условным наклонением может встречаться и в простом предложении, как показано на примере. В таких случаях, как мы заметили основной глагол (с суффиксом условного наклонения) сочетается с вспомогательными глаголами «деп еді», «ғой», «игі еді» и дает значение желаний говорящего.

6-тапсырма. Төмендегі сөздерді қалау, тілек мәнін білдіретіндей етіп өзгертіңіз.

Алу, бару, көру, айту, келу, шығу, жүзу, демалу, шаршамау, тамашалау, көшу, беру, білдіру.

7-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

| | |
|---------|--------|
| Орман | дала |
| Тау | теңіз |
| Саябақ | саяжай |
| Шипажай | бақша |
| Көл | жайлау |

8-тапсырма. Сіз досыңызды демалуға саяжайға шақырғыңыз келді. Қалай сұхбаттасар едіңіз?

9-тапсырма. Тірек сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Бурабай, Алатау, Сарыағаш, Балқаш, Алакөл, Қара теңіз.


| | | |
|-------|--------|----------|
| Небо | земля | солнце |
| Лес | вода | трава |
| Гора | степь | растения |
| Цветы | сосны | береза |
| Клен | кусты | тополь |
| Сад | дерево | дуб |

10-тапсырма. Жағдаятқа ойланыңыз.

1. Сіз саяхатқа баруды жоспарладыңыз. Досыңызбен ақылдасыңыз.
2. Саяхатқа шығу үшін әуежайдан ұшаққа билет алу керек болды. Қазақша қалай сұхбаттасар едіңіз?


11-тапсырма. Берілген сұраққа сөз тіркестерін қатыстырып жауап беріңіз.

Сен бос уақытта не істер едің?



дем алу
кітап алу
концертке бару
досымен кездесу
ата-анаға көмектесу

Сені не қызықтырады?



шахмат ойнау
саяхатқа бару
сурет салу
спортпен айналасу
бассейнге бару
балық аулау

12-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінің шартты райда оқыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

дем алу –
концертке бару –
шихмат ойнау –
спяхатқа шығу –
сурет салу –
спортпен айналысу –
блессейнге бару –
билық аулау –
бос уақыты тиімді пайдалану –

13-тапсырма. Берілген сөйлемдерден сан есімді тауып, мағыналық жағынан ажыратыңыз.

Біз экономика мамандығында 102 топта оқимыз. Біздің топ ұйымшыл. Топта 2 мемлекеттік грант иегері бар. Топтың үштен бірі қыз балалар. Топ басшысының есімі – Данияр. Оның жасы он сегіздерде. Сабақта біз екі-скіден отырамыз. Ертең сағат 3-те қазақ тілі курсына қатысамыз. Күнде 7-8 жаңа сөз үйреніп қайтамыз. Топтың тең жартысы қазақша еркін сөйлей алады.

14-тапсырма. Төмендегі сөздердің аудармасына назар аударыңыз.

рухани - духовный
жүйке – нерв
қуаты - сила
қызығушылық – интерес, забава
мәдени орындар – культурные места
жапыңызға - душе
жылылық - тепло

15-тапсырма. Өзіңіз қайда саяхатқа барғыңыз келетінін және неліктен ол жерді таңдағаныңызды айтып беріңіз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Етістіктің рай категориясы нені білдіреді?
2. Шартты рай қандай мағыналарды білдіреді?
3. Шартты райдың жұрнақтары қандай?
4. Шартты райлы етістікке жалғанатын жіктік жалғауларын атаңыз.
5. Шартты райлы сөз қатысқан сөйлем қандай мағынаны білдіреді?
6. Құрмалас сөйлемнің құрамында келгенде екінші компоненттің баяндауышы қандай тұлғада тұрады?
7. Шартты райлы етістік ол жай сөйлемнің құрамында келгенде қандай сөздермен тіркеседі және қандай мағына береді?
8. «Саяхат» тақырыбына байланысты қандай жаңа сөздерді игердіңіз?
9. Адам саяхаттағанда қандай сезімдерге ие болады?
10. Бос уақытта не істеуге болатынын айтыңыз.
11. Өзіңіздің қызығушылығыңыз туралы айтып көріңіз.

III триместр

21-модуль: МЕНІҢ ЕЛІМ

Лексикалық тақырып: Мен еліммен мақтанамын

Грамматикалық тақырып: Етістік + ғы (-гі, -кі, -қы) + тәуелдік жалғауы келу формасының шақ, жақ бойынша түрленіп жасалуы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Етістік райларының бірі қалау рай. Етістіктің қалау райы етістік түбіріне + ғы, -гі, -кі, -қы жұрнағы одан кейін тәуелдік жалғауы жалғану және «кел» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Ондай сөйлем құрамындағы «кел» көмекші етістігі істің орындалу уақытына қарай өткен шақта – келді, келер шақта – келеді, осы шақта – келіп тұр немесе келіп отыр түрінде жұмсалады. Желательное наклонение глагола образуется путем присоединения суффиксов + ғы, -гі, -кі, -қы, а затем притяжательных окончаний к корню глагола и сочетанием вспомогательного глагола «кел». Мысалы: *барғым келеді, айтқысы келді, көргіміз келеді.*

1-тапсырма. Берілген етістіктерді қалау райлы түрге айналдырыңыз.

Осы шақта, жекеше түрде: айт (I ж. т.ж), көр (II ж. т.ж), қара (I ж. т.ж. сыпайы түр), сөйле (III ж. т.ж);

Келер шақта, көпше түрде: бар (I ж. т.ж), ойна (II ж. т.ж), шық (II ж. т.ж. сыпайы түр), бер (III ж. т.ж);

Өткен шақ, жекеше түр: сұра (I ж. т.ж), кет (II ж. т.ж), сурет сал (II ж. т.ж. сыпайы түр), айғайла (III ж. т.ж);

2-тапсырма. Жоғарыда өзгеріске түсірген сөз тіркестерімен сол шақтарда келетіндей етіп сөйлем құрастырыңыз.

3-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдердегі етістіктерге+ ғы (-гі, -кі, -қы) + тәуелдік жалғауын жалғаңыз.

Үлгі: Мен жазда «Баянауыл» ұлттық паркіне барғым келеді.

Мен жазда «Баянауыл» ұлттық паркіне бар... келеді. Әкем де сол жерді көр... келеді. Ол «Екінші Швейцария» атанған Көкшетауға да бар... келетінін айтты. Қазақстанның көрікті жерлерін арала... келеді. Олар туралы барлығына айт... келеді. Тамаша жерімізбен мақтан... келеді.

4-тапсырма. Төменде берілген күрделі етістіктерді II, III жақта тәуелдеңіз.

Барғым келеді, айтқым келеді, көргім келеді, оқығым келеді, жазғым келеді.

5-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- Біздің еліміз қалай аталады?
- Қазақстан қандай мемлекет?
- ҚР тұңғыш Президенті кім?
- Қазақстанның қандай қалаларын білесіз?

6-тапсырма. Берілген мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

Моя Родина – Казахстан. Это страна, которая находится в центре Евразии. Казахстан – удивительно красивая земля. Казахстан – это земля, на которой мирно живут много представителей разных народов. Наша страна богат редкими красивыми животными, и растениями, а также полезными ископаемыми. В Казахстане есть такие прекрасные города, которые по красоте не уступают городам Азии и Европы: это Нур-Султан, Алматы, Караганда и др. Я очень люблю мой Казахстан.

7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып сұхбат құрыңыздар.

- Сен Қазақстанның қандай қалаларында болдың?
- Ол жер саған несімен ұнады?
- Қазақстанда саяхаттауға болатын қандай жерлер бар?
- Демалу орындарында болдың ба?

8-тапсырма. Мәтіннен түсінгеніңізді баяндаңыз.

Мен еліммен мақтанамын. Өйткені Қазақстанда көрікті жерлер өте көп, пайдалы қазбалары мол. Көрікті жерлердің бірі – Бұқтырма. Бұқтырма – Шығыс Қазақстан облысында орналасқан су қоймасы. Су көлемі жағынан әлемде төртінші орын алады. Бұқтырманың бойындағы демалыс базалары Өскемен қаласынан 80-150 шақырым жерде, су қоймасының оң жақ және сол жақ жағалауларында орналасқан.

9-тапсырма. Кесте бойынша Нұр-Сұлтан қаласының көрікті орындарына сипаттама беріңіз.

- А) «Атамекен» Қазақстан картасы
- Ә) «Ханшатыр» сауда және ойын-сауық орталығы
- Б) «Думан» ойын-сауық орталығы

| Көрікті орын атауы | Ғимараттың, нысанның сыртқы келбеті | Ішкі құрылымы | Түсі мен формасы | Безендірілуі |
|--------------------|-------------------------------------|---------------|------------------|--------------|
| | | | | |

10-тапсырма. Өзің туып-өскен жердің табиғатын сипаттап беріңіз.

11-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, «Саяхат. Мен еліммен мақтанамын» тақырыбына шағын әңгіме құрастырыңыз. Мәтінде қалау райлы етістіктерді қолданыңыз.


1. Сіз Қазақстанның қандай көрікті орындарында болдыңыз?
2. Ол жерлердің табиғаты қандай?
3. Сіз барған жер орманды ма, әлде таулы жер ме?
4. Ол жерде қандай жануарлар мекендейді?

5. Онда қандай ағаштар өседі?
6. Ол жерге қандай көлікпен барған қолайлы?
7. Сіз барған жер несімен ұнады?

12-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті жалғауларды қойып, сөйлемдерді оқыңыз.

1. Мен Қазақстанның азаматы.... 2. Менің ұлт ... – орыс. 3. Қазақстан Республикасы... мемлекеттік тілі - қазақ тілі. 4. Қазақстан ... тұратын әр азамат мемлекеттік тілді білуі керек. 5. Мен қазақ тілі курс ... қатысып жүр.... 6. Дмитрий, Олег, Светлана қазақ тілі... еркін сөйлейді. 7. Мен де солардың қатар... қосыл... келеді. 8. Мемлекеттік тілді білу арқылы мен Қазақстан халқы... деген құрметімді білдір.... кел... .

13-тапсырма. Жаттығудан дұрыс қолданылмаған тәуелдік жалғауын тауып, қатесін түзетіңіз.



Біздің елім тәуелсіздікке қол жеткізді. Мемлекет адамдардың өмірің жақсы болуын қалайды. Біздің елтаңбаңыз бар. Тудың түсің көк. Әр ұлттың өкілі Қазақтан мемлекетіміңнің дамуына үлес қосады. Сіздің үлесің де бар. Біздің өз валютасы бар. Ол – теңге. Мен өз еліңді мақтан етемін.

14-тапсырма. «Менің Қазақстаным» тақырыбына шағын мәтін жазыңыз.

15-тапсырма. Жағдаятқа ойланып, жауап беріңіз.

Сіз шетелге дем алуға бардыңыз. Мұнда Қазақстан мемлекеті туралы жақсы біледі. Қазақстан туралы сізден тағы біраз жайды сұрағысы келеді. Сізге төмендегідей сұрақтар қойылды, қазақша қалай жауап бересіз?

- Маған Қазақстан туралы айтып беріңізші?
- «Родина» сөзі қазақша қалай айтылады?
- Қазақстанның қай аймағына барғаным дұрыс?
- Сіздерде көлік жалға алуыма бола ма?
- Бір қала мен екінші қаланың арасы алшақ орналасқан дейді, рас па?

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Қалау райының жұрнақтарын атаңыз.
2. Қалау райы қалай жасалады?
3. Қалау, тілек мәні қандай жолдармен беріледі?
4. Қалау, тілек мәнді сөйлемдердің құрамында келетін «кел» көмекші етістігі істің орындалу уақытына қарай қандай тұлғаларда жұмсалады?
5. «Баянауыл» ұлттық паркі еліміздің қай аймағында?
6. Еліміздің қай жері «Екінші Швейцария» атанған және неліктен?
7. Қазақстан қандай мемлекет?

8. Елбасы кім және ол туралы не айтар едіңіз?
9. Қазақстанның қазіргі Президенті кім?
10. Қазақстанның қалаларын атаңыз.
11. Қазақстан қайда орналасқан?
12. Қазақстан несімен көрікті?
13. Қазақстанда нелер бар?
14. Қазақстан халқы қандай?
15. Бұқтырма деген не және ол қайда орналасқан?

22-модуль: ТУҒАН ЖЕР БАЙЛЫҒЫ

Лексикалық тақырып: Жері байдың – елі бай

Грамматикалық тақырып: Себебі, өйткені жалғаулықтарының қолданысы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Себеп мәнді сөйлем құрау үшін қазақ тілінде *себебі, сол себепті, өйткені, сондықтан* деген жалғаулық шылаулар қолданылады. Ондай сөйлемдер не ойдың себебін, не істің салдарын білдіреді. Бұл жалғаулықтар қазақ тілінде себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыруға да негіз болады. Ондай сөйлемдерде себепті білдіретін сыңарында (компонентінде) *себебі, өйткені* жалғаулықтары қолданылса, нәтижесін білдіретін сыңарында *сондықтан, сол себепті* деген жалғаулық шылаулар қолданылады. Чтобы выразить причину действия в казахском языке употребляются союзы: *себебі/өйткені* (потому что); *сол себепті/сондықтан* (поэтому). Такие союзы обычно употребляются в составе причинно-следственных подчиненных предложениях. Если первым мы хотим сказать причину действия тогда употребляем союз *себебі* или же *өйткені*, если хотим сказать о последствиях, то употребляем *сондықтан* или же *сол себепті*. **Мысалы:** *Менің қарным ашты, сондықтан ботқа жеп алдым. Елтихан тапсыру керек екенін білеміз, сол себепті еске сақтауға тырысамыз. Дүкенге бардым, өйткені нан алу керек болды.*

1-тапсырма. Берілген сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Мен дәріханаға бардым, себебі.....
2. Ол жұмысқа ерте кетті, өйткені ...
3., сондықтан кітаптарды кітапханаға тапсырдым. 4., сол себепті сабаққа дыйындала алмадым.

2-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Мен ата-анама ризамын. Себебі
2. Мен өз қаламды жақсы көремін. Себебі
3. Мен өз еліммен мақтанамын. Өйткені
4. Мен өз елімді сүйемін. Өйткені.....

3-тапсырма. Берілген сөйлемнен тәуелдік жалғауларын табыңыз.

1. Менің Отаным – Тәуелсіз Қазақстан.
2. Мен Қазақстан азаматымын.
3. Тәуелсіз Қазақстанның өз Ата Заңы бар.
4. Біздің Мемлекеттік Елтаңбамыз, Туымыз және Әнұранымыз бар.
5. Мен Отанымды қорғауға әрқашан

дайынмын. 6. Қазақстан жері кең-байтақ. Ол жерінің үлкендігі жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы орында тұр.

4-тапсырма. Төмендегі сөздермен танысыңыз.

тәуелсіздік - независимость
дейін - до
одағы - союз
ел - страна
бір-бірімен - друг с другом
тығыз- тесно
байланысты – связано
қайта құру – перестройка
өміріне – в жизнь
өзгеріс – изменение
егемендігі туралы – о независимость
саяси – политический
қуаныш – радость
жеке ел – независимая страна
төте – прямой
терезесі тең – равноправно
ұйым – организация

5-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз, атаулы жылдарды болған оқиғасымен дәптеріңізге жазып алыңыз.



Қазақстан Республикасы 1990 жылы 25 қазанда егемендігін, ал 1991 жылы 16 желтоқсанда мемлекеттік тәуелсіздігін алды.

1991 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы деп аталды.

Тәуелсіздік алған соң, Қазақстан мемлекеті әлемдегі мемлекеттермен араласуға, олармен тығыз қатынас жасауға, дүниежүзілік ұйымдарға мүше болуға қол жеткізді. Енді біздің өз елтаңбамыз, туымыз, әнұранымыз, ұлттық валютамыз бар. Қазақстанның

мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

6-тапсырма. Мәтін бойынша төрт сұрақ құрастырыңыз.

7-тапсырма. Жоғарыдағы мәтіннен етістіктерді теріп жазып, қандай түлғада тұрғанын айтыңыз.

8-тапсырма. Сұхбатты жалғастырыңыз.

- Қазақстан қандай мемлекет?

- Мемлекетіміз өз егемендігін алғанға дейін елтаңбасы, туы және

әнұраны болды ма?

.....
- Елтаңбада және мемлекет туында не бейнеленген?

.....
- Ал әнұранымызды айтып бере аласың ба?

.....
- Ол қашаннан бастап Қазақстан Республикасы деп аталды?

.....
- Тәуелсіздік күні деп қай күн белгіленген?

9-тапсырма. Берілген сөйлемді үлгі бойынша қайта өңдеп айтыңыз.

Үлгі: Ол мектепті 2016 жылы бітірді. Қазір 2019 жыл // Ол мектепті 3 жыл бұрын бітірді. Ол мектепке 2017 жылдан бері бармайды.

1. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы алды.

.....
2. Ұлттық валюта 1993 жылдың қараша айынан бастап айналысқа енгізілді.

.....
3. 1 теңгеде - әлемдік философияның атасы Әбу Насыр әл-Фараби бейнесі салынған болатын.

.....
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы қабылданды.

.....
5. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

10-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, түсінгеніңізді айтыңыз.

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша тоғызыншы орында. Қазақстан жері бай. Онда орман да, өзен-көлдер де, таулар да, тіпті теңіз де бар. Қазақстан жер кендігі жағынан бес аймаққа бөлінеді. Ол: Орталық Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан. Әр аймақтың климаты әр басқа. Жалпы Қазақстан климаты - шұғыл континенталды. Жері өсімдіктер мен жануарларға бай. Бұнда ағаштардың бірнеше түрі өседі: қайың, терек, қарағай, шырша, емен ағаштары. Қазақстанның өз «Қызыл кітабы» бар.

Қазақстан пайдалы қазбаларға да бай.

11-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін бойынша бес сұрақ құрастырыңыз.

12-тапсырма. Өзіңіздің туған жеріңіздің табиғатын сипаттап, қандай байлыққа ие екенін айтыңыз.

13-тапсырма. Тақырыпқа қатысты екі-үш себеп мәнді сөйлем жазыңыз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Себеп мәнді сөйлем құрау үшін қандай жалғаулықтар қолданылады?
2. *Себебі, сол себепті, өйткені, сондықтан* жалғаулықтары қазақ тілінде қандай сөйлемдердің құрамында қолданылады?
3. *Сондықтан, сол себепті* деген жалғаулық шылаулар қай жағдайда қолданылады?
4. *Себебі, өйткені* деген жалғаулық шылаулар қай жағдайда қолданылады?
5. Қазақстан Республикасы егемендігін қашан алды?
6. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қашан алды?
7. Қашаннан бастап Қазақ КСР-і Қазақстан Республикасы деп аталды?
8. Бүгінде Қазақстан нелерге жеткізді?
9. Қазақстан несімен мақтана алады?
10. Қазақстанның мемлекеттік тілі қай тіл?
11. Елтаңбада және мемлекет туында не бейнеленген?

23-модуль: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

Лексикалы тақырып: Өсем өлке

Грамматикалық тақырып: Қалау рай формасының қолданылуы, қалау мәнді сөйлемдердің берілуі

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНКТЕМЕ

Етістіктің райлары сөйлеушінің, істі орындаушының іс-әрекетке деген көзқарасын, ниетін білдіреді. Етістіктің *ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай* сияқты рай категориясы бар.

Желательное наклонение (қалау рай) выражает желание, намерение говорящего и образуется путем прибавления к корню глагола суффиксов *-ғы, -гі, -қы, -кі* затем следуют личные окончания глагола и вспомогательные глаголы *келеді* для будущего переходного времени, *келді* для прошедшего времени и *келіп отыр* для настоящего времени. *Мысалы:*

Мен театрға барғым келеді. "Мне хочется пойти в театр (жалпы айтылған)".

Менің театрға барғым келіп отыр. "Мне хочется пойти в театр (қазір айтылған)".

Менің театрға барғаым келеді. "Мне хотелось пойти в театр"

Спряжение глагола *жазу* в желательном наклонении

| Жекеше түрі | Көпше түрі |
|-------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
| I. Менің хат <i>жаз-ғы-м</i> келеді. | I. Біздің хат <i>жаз-ғы-мыз</i> келеді. |
| II. Сенің хат <i>жаз-ғы-ң</i> келеді. Сіздің хат <i>жаз-ғы-ңыз</i> келеді. | II. Сендердің хат <i>жаз-ғы-ң</i> келеді. Сіздердің хат <i>жаз-ғы-ңыз</i> келеді. |
| III. Оның хат <i>жаз-ғы-сы</i> келеді. | III. Олардың хат <i>жаз-ғы-сы</i> келеді. |

1-тапсырма. Мына етістіктерді тиісті рай формасына қойыңыз (шартты, қалау, бұйрық рай).

1. Егер мен базарға (бару), мен көкөніс сатып аламын.

2. Ол Лингвистикалық колледжде оқиды, өйткені оның аудармашы (болу) келеді.

3. Сендер кітапханаға барып, кітап (әкелу)!

4. Ертең күн суық (болу), мен жылы киінемін.

5. Жүріндер, киноға (бару).

2-тапсырма. Мына етістіктерге қалау рай жұрнақтарын қосып жазыңыз.

Оқу, үйрену, шығу, алу, сөйлесу, апару, әкелу, ілу, әңгімелеу, өсу, бару, жөндеу, көну, салу, білу, танысу, басу, көшіру, есептеу, дайындалу, егу, жабу, шерттеу, кету, тойлау, жату, көру, үйлену, сезу, кіру, отыру, билеу, қалу, қарау, сағыну, шөлдеу, ұялу, жағу, іздеу, беру, істеу, тексеру, ұялу.

3-тапсырма. Мына сөйлемдерді оқыңыз. Орыс тіліне аударыңыз. Қалау райдың жасалуына назар аударыңыз. Көпше түрде де осылай сөйлем құрастырыңыз.

1. Мен үйде жатқым келеді. Сенің диванда жатқың келеді. Сіздің төсекте жатқыңыз келеді. Оның жерде жатқысы келеді. 2. Менің шай ішкім келеді. Сенің шырын ішкің келеді. Сіздің су ішкіңіз келеді. Оның кофе ішкісі келеді. 3. Менің театрға барғым келіп отыр. Сенің үйге барғың келіп отыр. Сенің тауға барғыңыз келіп отыр. Оның спорт кешеніне барғысы келіп отыр.

4-тапсырма. Төмендегі етістіктерден қалау рай жұрнақтарын жалғап сөйлем құраныз.

Отыру, тұру, жіберу, қарау, сөйлеу, демалу, ән салу, жату, кету, оқу.

5-тапсырма. Шартты рай тұлғасына қойыңыз.

Оқы, кел, шық, бар, кет, тамаша, көр, айту, көру, жабу, тігу, шығу, сөйлеу, сыпыру, іздеу, ұйықтау.

6-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

а) 1. Оспан келгісі келсе, 2. Жомарт айтқысы келсе, 3. Мен тұрғым келсе, 4. Сендер жазғыларың келсе, 5. Олар жүгіргісі келсе, 6. Біз кеткіміз келсе, 7. Сіз телефон соққыңыз келсе, 8. Данияр емделгісі келсе,

ә) 1. ..., мен барамын. 2. ..., сен де ал. 3. ..., олар да жазғсы келеді. 4. ..., біз демаламыз. 5. ..., жазыламыз. 6. ..., көреміз. 7. ..., айтындар. 8. ..., шай ішеміз.

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Айдос, сен демалыс күні Бурабайға барғың келе ме?
2. Бурабайдың табиғатын бұрын көрдің бе?
3. Биші қайындар қай жерде көп кездеседі?
4. Сұлу Көкше туралы поэманы кім жазған?

8-тапсырма. Берілген сөздердің қазақша аудармасын жазыңыз.

Земной рай - ...

Необычная природа - ...

Танцующие березы - ...

Оздоровительные центры - ...

Прекрасное Кокше

9-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді аударып, оқыңыз.

Бурабай – (вторая Швейцария) деп аталады. Тамыз айында біз Бурабайға (поедем отдыхать). Демалушылар Бурабайға (приезжают из зарубежа). Бурабай, Зеренді, Шалқар жерлерінің (удивительная природа). Ғажайып табиғат баурайында (оздоровительные центры) орналасқан. Жолдың екі жағында биік қарағайлар (выстроились в ряд) Көкшетау жерінде (восемьдесят озер) бар.

10-тапсырма. Мына сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

табиғат- природа

таңғажайып – удивительный, изумительный

ауа - воздух

керемет - прекрасно

бейнелі – образный

сұлулық - красота

тарихи - исторический

шындары - вершины

саяхатшы - путешественник, турист

11-тапсырма. Мәтінді тыңдап, орыс тіліне аударыңыз.

Бурабай табиғаты

Біздің республикамызда табиғаты таңғажайып жерлер өте көп. Соның бірі – Көкшетаудағы Бурабай мекені. Бұл жердің табиғаты жылдың төрт мезгілінде де керемет көрінісімен қызықтырады. Бой сергітер таза ауасы дертке дауа. Бурабайдың таза ауасын, әдемілігін Швейцария табиғатымен салыстырады. Бүгінде бұл аймақты «Қазақстанның Швейцариясы» деп атау орын алған.

Бурабайда сан ғасырлық тарихы бар «Жұмбақтас», «Оқжетпес» шындары орналасқан. Бұл шындарды қызықтаған адам таудың әр қырынан әр түрлі бейнені көре алады. Бурабайға саяхатшылар, дем алушы Қазақстан, шетел азаматтары үнемі барады. Осындай тарихи жерді келешек ұрпаққа жеткізу үшін, қорғай білуіміз керек.

12-тапсырма. Сұхбатты жалғастырып, ауызша сөйлесіңіз.

- Достым, мен жазда саяхатқа барғанды ұнатамын.

Жанына шипа болар көрікті жерлерді көп адам шетелдерден іздейді. Мен Қазақстанда саяхаттауды ұнатамын. Мысалы: «Бурабай», «Шортанды», «Оқжетпес» басқа да орындар. Сенің ойың қандай?

- ...

• Сен көрген жерлердің ерекше табиғаты туралы айтып берші?

• Ол жерде ауа-райы қандай екен?

• Қазақстанда табиғат ана сыйлаған қаншама демалатын орындар бар? Осы табиғи орындарды атап бере аласың ба?

13-тапсырма. Есімдіктерді пайдалана отырып, сөйлемдерді аяқтандар.

1. ... табиғаты өте көркем. 2. ... – қазақтың Швейцариясы атанған өлке.
3. ... Бурабайда мұражайға бардым. 4. Орманда негізінен ... ағаштар өседі?
5. Ол ... өлке? 6. Көкше таулары мен жартастары берік гранит ... құралған. 6. ... жездің, судың, ыстық-суықтың әсерінен мыңдаған жылдар қирап, сынып, мүжіліп, әр алуан мүсіндегі сұлу шынға, жартастарға айналған. 7. ... шөгіп жатқан атанға, ұйықтаған батырға, арыстанға, қоянға, пілге ұқсайды. 8. ... санаторий мен профилакториялар, туристік базалар жұмыс істейді.

14-тапсырма. Сұхбаттың мазмұнын түсініп, көршіңізбен сөйлесіп көріңіз.

- Сәлем, Сәкен!

- Сәлем, Асхат!

- Сен қайдан келесің ?

- Мен «Бурабай» демалыс орнынан келе жатырмын. Ол жерді білесің бе?

-Әрине, Бурабайды тек біз ғана емес, шетел азаматтары да жақсы біледі ғой.

- Өзің Бурабайда дем алып көрдің бе?

- Жок, өкінішке орай, әлі ол жерде болмаппын. Қалай дем алдың?

- Өте жақсы. Бурабай Қазақстанның ең таза, ең әсем, сұлу жері ғой. Онда тарихи жерлер көп.

- Таулы өлкенің табиғаты қалай екен?

- Бурабайда айналаң жасыл желекке орап тастағандай. Өзен сулары мөлдір де таза. Ауасы таза болғандықтан, табиғат аясында көп серуендедік.

- Сенің жақсы дем алғаның көрініп тұр. Таза ауа адамға осынша әсер стеді екен. Мен де Бурабайға баруды армандап тұрмын.

- Дұрыс, ауасы таза жер денсаулығыңды жақсартады. Сергітеді. Міндетті түрде бар.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. *сы, -сі, -қы, -кі* жұрнағы ненің жұрнағы?

2. *сы, -сі, -қы, -кі* жұрнағымен келген етістік қандай сөздермен тіркесе алады?

3. Істі істеуші кім екенін білдіру үшін етістікке қандай жалғау жалғанады?

4. „Сіздің хат жазғыңыз келеді“ деген сөйлем мағыналық жақтан қандай сөйлем түріне жатады?

5. «барғым келеді» деген баяндауышы бар жекеше түрде үш жақтан келетіндей етіп сөйлем құрастырыңыз (баратын жерлер әр түрлі болсын).

6. Шартты рай тұлғасында келетіндей екі сөйлем құрастырыңыз.
7. Бұйрық рай тұлғасында келетіндей етіп екі сөйлем құрастырыңыз.
8. Бурабай еліміздің қай өлкесінде орналасқан және оның табиғаты қандай?
9. Баянауылдың табиғаты қандай?
10. Қазақстанның көрікті жерлерін атаңыз.
11. Өз өлкеңіздің сұлулығын суреттеңіз.

24-модуль: ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

Лексикалық тақырып: Қазақстандағы ірі қалалар

Грамматикалық тақырып: Мекен үстеулері. Көмекші есімдер, тілде қолданылуы.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Үстеу дегеніміз іс-қимылдың мезгілін, мекенін, мақсатын, сынын, себебін білдіретін сөз табы. Үстеудің сегіз мағыналық тобы бар. Олар:

1. Мекен үстеулер
2. Мезгіл үстеулер
3. Мөлшер үстеулері
4. Сын (я бейне) үстеулері
5. Күшейту (я ұлғайту) үстеулері
6. Мақсат үстеулері
7. Себеп-салдар үстеулері
8. Топтау (я бөлу) үстеулері

1. **Мекен үстеу** – іс-қимылдың орындалатын мекенін, орнын білдіріп қайда? қайдан? қалай қарай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *төмен қарай кетті; кейін шегінді; жоғарыға ұшты; алға қарай жүрді т.с.с.*

| Үстеу | Сұрақтары | Мекен үстеулерге жататын сөздер |
|-----------------|-------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мекен үстеулері | Қайда? Қайдан? Қай жерде? Қалай қарай? | Алға "вперед", артқа "назад", арттан "сзади", кейін "позади, назад", төмен "вниз", алды-артынан "спереди -сзади", ілгері "вперед-впереди", сонда "там", осында "здесь", кері "назад", әрмен "дальше", бермен "ближе", ешқайда "нигде, куда", осында "здесь", мұнда "здесь", анда "там", жол-жәнекей "по-пути", іште "внутри", жолшыбай "по дороге", сырттан " снаружи", іштен "изнутри", әлдеқайда "откуда -то", әлдеқайда "где-то", жоғарыдан "сверху", жоғары "вверх" |

1-тапсырма. Төменде берілген мекен үстеулерді пайдаланып сөз тіркесін құрастырыңыз.

Алға, артқа, ілгері, сонда, осында, ешқайда, іште, сырттан, іштен, әлдеқайда, жоғары.

2-тапсырма. Төменде берілген мекен үстеулерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Арттан, кейін, төмен, алды-артынан, кері, әрмен, бермен, осында, мұнда, шіде, жол-жөнекей, жолшыбай, әлдеқайда, жоғарыдан.

3-тапсырма. Қазақстан туралы қысқаша мәліметтерді еске сақтаңыз.

Ресми атауы: Қазақстан Республикасы

Астанасы: Нұр-Сұлтан қаласы

Ірі қалалары: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Ақтөбе, Тараз, Павлодар.

Тілі: мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

(ресми тіл: орыс тілі, халықаралық қатынас тілі: ағылшын тілі).

Валютасы: Ұлттық валюта – Теңге (KZT).

(АҚШ долларларын, Еуро және басқа шетел валюталарын банктер мен валюта айырбастау пункттерінде айырбастауға болады).

Ауа райы: шұғыл континенталды.

(Қазақстанда серуендер мен саяхатқа шығу үшін ең қолайлы кезең наурыздан – қазанға дейінгі айлар).

Сағаттық белдеулер: Қазақстан екі сағаттық белдеуде орналасқан:

UTC +5 және UTC +6. Астана және Алматы қалалары UTC +6 белдеуінде.

Мемлекет жазда уақытын ауыстырмайды.

4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы. Ресейдің еуропа бөлігінің ортасында, Мәскеу өзенінің жағасында орналасқан. Жер аумағы 1000 км². Климаты қоңыржай континенттік. Орташа температура қаңтарда –10,2⁰ С, шілдеде 18,1⁰ С; жылдық жауын-шашын мөлшері 600 мм-ге жуық. Мәскеу – дүние жүзіндегі ең ірі қалалардың бірі. Халқы 11,5 млн (2011).

Егер Мәскеуге баруды жоспарласаңыз, онда көптеген көрікті жерлер бар екенін білгеніңіз жөн. Бұл: Кремль, Третьяков галереясы, Спасск мұнарасы, скриптерге арналған ескерткіш, полюстегі бидің әсем қызының әсем мүсіні және т.б.

5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтін бойынша төрт-бес сұрақ құрастырыңыз.

6-тапсырма. Қазақстан астанасы туралы шағын әңгіме дайындаңыз.

7-тапсырма. Қазақстанның ірі қалалары туралы ақпарат беріңіз.

8-тапсырма. «Асқақтай бер, Елім!» әнін тындап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бұл ән не туралы?
- Бұл әнде қай қалаға деген ерекше сүйіспеншілік бар?
- Бұл әнде Қазақстанның қандай ірі қалалары туралы айтылған?
- Сіз қай қалаға барғыңыз келеді?

9-тапсырма. Картамен жұмыс.

1. Батыс, Шығыс Қазақстанның ірі қалаларын картадан көрсетіңіз.
2. Оңтүстік Қазақстанның ірі қалаларын картадан көрсетіңіз.
3. Солтүстік Қазақстанның ірі қалаларын картадан көрсетіңіз.

10-тапсырма. Үш тілдік сөздікті жазып алыңыз, есіңізге сақтаңыз.

кала - город - city
 астана- столица -capital
 көше - улица -street

11-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Монокала – бұл ірі қала емес, өнеркәсібі бар шағын қала. Монокала тұрғындарының саны – 10 мыңнан 200 мыңға дейін жетеді. 100 мыңнан асатын 4 қала –Теміртау, Рудный, Жанаөзен, Екібастұз. Қазақстанда жалпы 27 монокала бар. Қарағанды облысында – 8 монокала, Шығыс Қазақстан облысында – 4 монокала; Қостанайда – 4 монокала; Жамбылда – 2 монокала; Павлодарда – 2 монокала, қалғандарында 1 монокаладан бар.

12-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақстан Республикасының бас қаласы қай қала?
2. Қазақстанда қанша қала бар?
3. Алматы қандай орталыққа жатады?
4. Алматы қай таудың баурайында орналасқан?
5. Семей қай өзеннің жағалауында орналасқан?
6. Шымкент қаласында қандай кәсіпорындар бар?
7. Атырау қай теңіздің жағасында орналасқан?
8. Байқоңыр қаласында не орналасқан?
9. Ақтауда не қызмет етеді?

13-тапсырма. Керекті сөздерді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.

Қазақстанда 184 қала және 193 қала тектес мекендер-----
 Алматы Республиканың ірі ғылыми, мәдени-қаржы-----
 Ертіс өзені арқылы аспалы көпір-----
 Атырауда мұнай мен газ-----
 Тараз – Республикадағы ең көне-----

Керекті сөздер: орталығы, бар, өндіріледі, салынған, қала.

Біліміңді тексеріңіз:

1. Үстеу қандай сөз табы?

2. Үстеудің қандай мағыналық топтары бар?
3. Мекен үстеу нені білдіреді?
4. Мекен үстеудің сұрақтарын атаңыз.
5. Мекен үстеулерге қандай сөздер жатады?
6. Қазақстанның ауа райы қандай?
7. Қазақстанның ұлттық валютасы қашан қабылданды?
8. Қазақстан қандай сағаттық белдеуде орналасқан?
9. Қазақстан астанасы туралы не айта аласыз?
10. Шығыс Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
11. Батыс Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
12. Оңтүстік Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
13. Солтүстік Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?
14. Орталық Қазақстанда қандай ірі қалалар бар?

25-модуль: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ

Лексикалық тақырып: Наурыз мейрамы

Грамматикалық тақырып: Мезгіл үстеулер және жатыс септік арқылы берілуі, мезгіл мәнді сөйлемдердің құрылуы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНКТЕМЕ

Мезгіл үстеу – іс-әрекеттің, қимылдың орындалу мерзімін, мезгілін, уақытын білдіріп қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *жуырда, енді, кешке, бұрын*. Мезгіл үстеуі басқа үстеулер сияқты етістікпен байланысты қолданылады. Мысалы: *бүгін апарды, ертең келеді, күні бойы күтті*. Мезгіл үстеулері мезгіл мәнді сөйлемді құруға негіз болады.

Мезгіл мәнді сөйлемді құрастыруда жатыс септігінің де өзіндік рөлі бар. –ған, -ген, -қан, -кен есімше тұлғалы етістікке жатыс септігінің –да, -де, -нда, -нде жалғаулары жалғанғанда қашан? деген сұраққа жауап беріп мезгілдік мән үстеледі. Мысалы: *Есікті ашқанда оны көрдім – Оны қашан көрдім? – есікті ашқанда. Жұмыстан келгенде айтамын – Қашан айтамын? – жұмыстан келгенде.*

1-тапсырма. Төмендегі сөздерді қолданып жеті сөйлем құрастырыңыз.

Қыста, ертеңнен арғы күні, бүрсігүні, жуырда, ерте, кеш, таңертең, жеті түнде

2-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, шағын ертегі құрастырыңыз.

Баяғыда, күндіз, төмен, кенеттен, кезде, жорта, жоғары.

3-тапсырма. Сөйлемдерден мезгіл үстеуін тауып, астын сызыңыз.

Анаммен бүгін киноға барамыз. Осында әрең келдік. Бұл кітапты ертең оқимын. Біз орыс тілінен қазақ тіліне мәтіндерді тез аударамыз. Бала күнді ұйықтайды. Әдетте олар босқа жүрмейді. Мен кешке шахмат ойнаймын. Сен ертең жол жүресің бе? Мен өтінішті таңертең жазамын. Біз бірталай істі орындаймыз. Мен құжаттарды қазір беремін. Біз сабаққа үнемі дайындаламыз.

4-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, түсінгеніңізді айтыңыз.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге бай, қонақжай халық. Олардың бар өмірі той сияқты. Өйткені бала өмірге келгенде шілдеhana, бесік тойын жасап, азан шақырып ат қойса, бала алғашқа қадамын басқанда тұсау кесер тойын жасайды. Ал мектепке алғаш барғанда тілашар тойын өткізеді.

Қазақ халқы өздерінің дәстүрлеріне берік. Сонау заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген салт-дәстүрлер әлі де жалғасын тауып келеді. Әсіресе үйленумен байланысты көп салт-дәстүр, жоралғылар бар. Мысалы, атастыру, сырға салу, қыз көрімдік, қоржын той, қыз ұзату, т.с.с.

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сарқыт дегеніміз не?
2. Сүйіншіні не үшін береді?
3. Көрімдік деген не?
4. Байғазы деген не?
5. Ат тергеу деген не?

6-тапсырма. Сыни тұрғыдан ойлана отырып, «Көктемнің ауа райы», - «Көктемгі еңбек», «Көктемде» тақырыптарының біріне әңгіме не постер құрастырыңыз.

7-тапсырма. Көп нүктелердің орнын тиісті үстеулерді қойып, сөйлемдерді оқыңыз.

Күн (қашан?) жылынады. Қар (қалай?) ериді. Сен (қалай?) жүреді. Сен (қашан?) жүреді. Құстар (қашан?) ұшып келеді.

Керекті сөздер: былтыр тез биыл енді ерте кенет ерте

8-тапсырма. Қарсы мәнді сөздерді (антонимдерін) көрсетіңіз.

- Кеше -
- кеш -
- қазір -
- жазғытұрым -
- түнде -
- биыл -
- жылдам -
- жақсы -

9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Жаңа туған баланы бесікке салу қазақ халқы үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы жасы үлкен елдің сыйлы, өнегелі әжелеріне немесе әйелдеріне тапсырылады. Ол баланы бесікке бөлегенде оған «бесікке салар» мәдәлі сый беріледі. Жиналғандар «Бесік жырын» айтады.

Бесік ағаштан, негізінде, талдан иіп жасалатын экологиялық таза өнім. Бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Бесіктегі сәбидің бойы, қол-аяғы түзу, ширақ болады. Сондай-ақ бесік баланы кездейсоқ құлаған нәтижесінде, суық пен ыстықтан қорғайды. Пәле-жаладан сақтасын деп ырымдап, оған тұмар не үкі тағып қояды.

(«Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан)

10-тапсырма. Наурыз мерекесінің тойлануы жайлы айтып беріңіз.

11-тапсырма. Наурызға дайындалатын ұлттық тағамдар туралы айтып беріңіз.

12-тапсырма. Сіз мерекені қалай ұйымдастырар едіңіз?

Біліміңізді тексеріңіз:

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мезгіл үстеу нені білдіреді?

- А) Қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін
- Ә) Іс-әрекеттің болған орнын, бағытын
- Б) Іс-әрекеттің амалын, тәсілін, бейнесін
- В) Қимылдың мекенін

2. Мезгіл үстеудің сұрағын көрсетіңіз:

- А) Қалай?
- Ә) Қайда?
- Б) Қашан?
- В) Қайтты?

3. Мезгіл үстеумен келген сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Бүрсігүні аттанды.
- Ә) Ілгері жүрді.
- Б) Қаннен-қаперсіз ұйықтады.
- В) Қыруар жұмыс істедік.

4. Мезгіл үстеуі сөйлемде қай сөз табымен байланысады?

- А) зат есіммен
- Ә) сан есіммен
- Б) етістікпен
- В) сын есіммен

26-модуль: Қазақ халқының өнері

Лексикалық тақырып: Қазақ халқының музыкалық аспаптары, атаулары
Грамматикалық тақырып: Көңіл-күй одағайлары

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Одағай адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін сөз табы. Олар эмоцияны білдіретіндіктен ерекше әуезділікпен айтылады. Одағайлар, негізінен, түрленбейтін, қосымшаларды көп қабылдай бермейтін сөздер. Одағайлар сөйлем ішінде, әсіресе, диалогты сөйлемдерде етістіктермен тіркесіп қолданылады. Одағайлар өз ішінен мынандай топтарға бөлінеді:

*Көңіл-күй одағайлары;

*Жекіру одағайлары;

*Шақыру одағайлары;

*Ишарат одағайлары.

Көңіл-күй одағайлары - адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіретіндіктен іштей: а) жағымды көңіл-күйді білдіретіндер одағайлар (*Алақай! Паһ-паһ! Бәрекелді!* т.б.); ә) жағымсыз эмоцияны білдіретіндер (*Әттең! Әттеген-ай! Қап!* т.б.); б) әрі жағымды, әрі жағымсыз көңіл- күйді білдіретіндер (*Пай-пай, шіркін* деген одағайлар болып бөлінеді. Мысалы: *Уау, жігіттер-ау, бұл қалай болғаны? Тұу, қандай қатты еді.*

Жекіру одағайларына ренішті білдіреті, тыйып тастау, жақтырмау күйін білдіретін: *жә, тәйт, тек* деген сияқты сөздер жатады.

Шақыру одағайларына төрт түлік мал, ит, мысық сияқты үй жануарларын шақыруға байланысты айтылатын сөздер жатады. Мысалы: *түйеге: көс, көс! қош-қош!*; *қой мен ешкіге: шөре-шөре!*; *жылқыға: құрау, құрау!* *итке: кә, кә!*; *мысыққа: кіс-кіс!* деген одағайлар қолданылады.

1-тапсырма. Төменде берілген одағайлармен «өнер» тақырыбына жеті сөйлем құрастырыңыз.

Oh, паһ, шіркін, ойбай, әттеген-ай, қап, бәрекелді, пай-пай.

2-тапсырма. Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен танысыңыз.

Шертер – қазақ халқының шертпелі музыкалық аспабы. Ол көнеден келе жатқан ішекті музыкалық аспап. Сырт келбеті қобызға ұқсайды, көлемі жағынан домбырадан кішкентай. Шертер аспабы ағаштан ойылып, шанағы ешкі терісінен қапалады. Ішегіне аттың қылы тағылады. Ойнау тәсілі домбыра тартқанға ұқсайды.

Қылқобыз – қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көне аспап. 9-10 ғасырларда өмір сүрген Қорқыт ата дәуірінен бері қылқобыздың үні үзілмей келеді. Қылқобыз – екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап. Бұл ұлттық аспаптардың ішіндегі үнге бай, киелі, қасиетті аспап болып саналады. Оның ішегі мен ысқышы жылқының қылынан жасалады. Оның қылқобыз аталуы да сондықтан. Қылқобыздың ішіндегі ең үлкен түрі – «нар қобыз».

Жетіген – (жеті ішекті) көп ішекті шертіп ойналатын музыкалық аспап. Формасы ұзынша, жәшік тәріздес, бетіне жұқа тақтайдан қақпақ жабылып, үн беретін ойықтары бар. Жетіген аспабының жасалуы да, ойнау әдісі де өте күрделі. Ертеректе ел арасында сақталған көне жетігеннің ішегі аттың қылынан тиізіліп, тиектің орнына асықтар пайдаланылатын болған. Аспаптың құлақ күйі осы асықтарды әрлі-берлі жылжыту арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу болғандықтан, аспап жетіген аталған.

3-тапсырма. Мәтін бойынша аспаптың әр түріне үш сұрақтан құрастырыңыз.

4-тапсырма. Төменде берілген ұлттық музыкалық аспаптар туралы інқпарат беріңіз.

Адырна, сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз, тұяқтас, асатаяқ, ұран, дабыл, данғара, кепшік, сақпан,

5-тапсырма. Сөздерді орыс тіліне аударып, бұл сөздермен тақырыпқа сай шағын әңгіме құрастырыңыз.

өнер –

мәдениет –

әнші –

күйші –

ақын –

домбырашы –

тарихи –

жетекші –

мәтін –

бірлікте –

халық композиторлары –

қазақтың жазба әдебиеті –

ертеден –

дәстүрлі –

отбасы-тұрмыстық –

әлеуметтік –

музыкалық аспаптар –

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өнер қандай түрлерге бөлінеді?

2. Қазақтың қандай өнерпаздарын білесіз?

3. Өнердің қандай түрін ұнатасыз?

4. Қазіргі Қазақстанның танымал классик әншілері жайлы не айта аласыз?

7-тапсырма. Диаграмманы толтырыңыз:



8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз да, ондағы негізгі мағынаны беретіндей етіп жоспар құрыңыз.

Қай халықтың болса да мәдениеті музыка өнерімен тығыз байланысты. Қазақ халқы музыкалық шығармаларының негізгі түрлері – ән мен күй. Алғашқыда жеке ән салу болатын болса, қазіргі кезде ол екі дауыспен ән салу, топпен (трио, квартет) және хор деңгейіне жеткен. Қазақта жиырмадан аса әр түрлі музыкалық аспаптары болған. Олар: *шертер, жетіген, саз сырнай, шаңқобыз, даңғыра, асатаяқ және тағы басқа*. Қазіргі кезде көптеп қолданылатыны – *домбыра, қобыз, қылқобыз, сыбызғы, дауылпаз*. Олар ұлттық аспап оркестрін құруға негіз болып отыр.

Қазақтың музыкалық туындылар мазмұны мен құрылымы жағынан *эпикалық, еңбек, отбасы-тұрмыстық, лирикалық, тарихи, әлеуметтік әндер* деп бөлінеді.

9-тапсырма. Төменде берілген өнерге байланысты сөздерді жаттап алыңыз.

Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсен, менше сүй.

(Абай)

Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді.

(Г.Потанин)

Жігітке өнер де өнер, өлең де өнер.

(Халық даналығы)

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денен

(Абай)

Ақылың болса, жыр тыңда.

Халық даналығы


Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар

Оның тәтті оралған мәні оятар

(Абай)

10-тапсырма. Орыс ұлттық аспаптарын атаңыз және олардың ішінде қазақ ұлттық аспаптарымен ұқсастары бар ма екенін айтыңыз.

11-тапсырма. Суретте қандай аспаптар берілгенін айтыңыз. Әрқайсына қысқаша түсініктеме беріңіз.



Біліміңізді тексеріңіз:

1. Одағай қандай сөз табы?
2. Одағайлар өз ішінен қандай топтарға бөлінеді?
3. Көңіл-күй одағайлары нені білдіреді және қандай түрлерге бөлінеді?
4. Жекіру одағайлары нені білдіреді және оған қандай сөздер жағады?
5. Шақыру одағайларын атаңыз.
6. Шерттер қандай формада болады?
7. Қылқобыз неден жасалады?
8. Жетіген қандай музыкалық аспап?
9. Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарын атаңыз.
10. Өнер қандай түрлерге бөлінеді?
11. Қазақтың қандай өнерпаздарын білесіз?
12. Абай Құнанбайұлының өнерге байланысты қандай өлендері бар?

27-модуль: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМАЛ ТҮЛҒАЛАРЫ

Лексикалық тақырып: Мен білетін тұлға

Грамматикалық тақырып: Етістіктің өткен шақ формаларының қолданылуы, айырмашылығы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Іс-әрекеттің, қимылдың мезгілге, уақытқа байланыстылығын көрсететін етістікке тән категорияны етістіктің шақтары дейміз. Етістікте үш шақ болады: өткен шақ, келер шақ, осы шақ. В казахском языке формы времени глагола образуются путем присоединения к причастиям и деепричастиям личных окончаний и выражают отношение действия к моменту речи. В казахском языке глагол имеет три времени: осы шақ (настоящее время), келер шақ (будущее время), өткен шақ (прошедшее время).

Өткен шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған уақытқа дейін орындалғанын білдіреді. Оның үш түрі бар: жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ.

Ауыспалы өткен шақ іс-әрекеттің бірнеше рет үнемі болып өткенін білдіреді. Ол етістікке есімшенің -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтарын жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *Біз мұғалімді ұйыт тыңдайтынбыз. Мектепке бара жатқанда ылғи сені көретінмін.*

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына етістіктің өткен шақ түрін қойыңыз.

1. Ол үнемі қызық кітаптарды тауып алып оқу... . 2. Студенттер университеттің кітапханасына жиі бар 3. Біз жазда гүл тер... . 4. Сендер біздің үйге қонаққа кел... . 5. Әр дүйсенбіде оған тамақ әкеліп тұр... . 6. Әсия жиі бойы жұмыс істе

2-тапсырма. Мына етістіктерді ауыспалы өткен шаққа қойыңыз.

Үлгі: *айту - айт-атын*

Айту, алу, сөйлесу, апару, ашу, әкелу, әңгімелеу, бару, билеу, жөндеу, болу, көну

3-тапсырма. Мына етістіктерді ауыспалы өткен шаққа қойып, сөз тіркесін құрастырыңыз.

Ішу, деу, салу, танысу, басу, көшіру, есептеу, дайындалу, егу, жазу, жабу, жағу, жуыну, зерттеу.

4-тапсырма. Мына етістіктерді ауыспалы өткен шаққа қойып, сөйлем құрастырыңыз.

кету, тойлау, жату, көру, отыру, ұнату, үйрету, үйрену, өшіру, қуану, жану, орналасу.

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті етістікті қойып жазыңыз.

Менің ағам үнемі шетелге Сенің анаң осы әнді Ол әр жексенбі сайын достарыме Көктемде сіздер үйге Біз қазақ тілін тез арада Мұрат суық суға түскенді Біз сабаққа кешікпей Сіз оның сөзіне ...

6-тапсырма. Төмендегі етістіктерді нақ осы шаққа қойып, сөйлем құраңыз.

Демалу, ойнау, ұйықтау, сөйлесу, көру, қыдыру, әңгімелесу, есел шығару, жер қазу, билеу, күту, жуу, жаттығу орындау, шығарып салу, емтиханға дайындалу, сыпыру, мәтінді аудару, іздеу, үй салу.

7-тапсырма. Төмендегі етістіктерді ауыспалы осы шаққа қойып, сөйлем құраңыз.

Шаңғы тебу, көйлек тігу, сурет салу, үйді жинау, кір үгіктеу, тамақ пісіру, теледидар көру, келу, бару, сатып алу, үйрену, жаттау, жұмыс істеу, отыру, беру, алу, оқу, терезе жуу, тындау, жазу

8-тапсырма. Төмендегі етістіктерден ауыспалы келер шақ жасап, орыс тіліне аударыңыз.

Үлгі: *жазу – жазып отырмын- жазамын;*

Жазу, келу, жүзу, жету, тосу, айту, сұрту, сыпыру, күту, жату, отыру, тұру, жүру, бару, сөйлесу, кешігу, қатынасу, танысу, қалу, жырту, көну, аудару, ұнату, үйрену, пісіру, жіберу, беру, тындау, билеу, құлау, мейрамдау, сөйлеу, байлау, қалау, есептеу, ойлау, тоқтау, сайлау, құттықтау.

9-тапсырма. Қазақ тіліне аударыңыз, сөйлем құрастырыңыз.

- великий -
- знаменитый -
- известный -
- мудрый -
- гениальный -
- ученый -
- любовная -

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақтан шыққан қандай атақты ғалымдарды білесіз?
2. Сіздің мамандығыңыз бойынша әлемдік жаңалық ашқан қандай ғалымдар бар?
3. Шапық Шокин деген кім?
4. Қаныш Сәтбаев туралы не білесіз?

11-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Оның шын аты Мұхамедханафия. Оны Шоқан деп еркелетіп атап кеткен анасы Зейнеп Шорманқызы еді. Шоканның ата-бабалары атақты адамдар болған. Оның арғы бабасы - Абылай хан. Атасы Уәли – патша үкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы. Әкесі Шыңғыс – Омбы әскери училищесін бітірген, Көкшетау сыртқы округының аға сұлтаны болған. Шоканның анасы жағынан туыстары, яғни нағашылары да атақты болған. Нағашы атасы Мұса Шорманов орыс армиясының полковнигі, белгілі қазақ биі, Баянауыл сыртқы округының аға сұлтаны болған.

Шоқан 12 жасқа дейін Құсмұрындағы мектепте оқыды. Бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды. Ол сурет салуды да ерте үйренді.

Шоқан жас кезінен халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне ерекше ден қойды. Ол бала кезінің өзінде «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Ер Көкше» сияқты басқа да дастандардың бірнеше нұсқасын жазып алды.

12-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды негізге ала отырып, кестемен жұмыс істеңіз.

| <i>Сөйлем</i> | <i>шын</i> | <i>жалған</i> | <i>Дұрысы</i> |
|------------------------------------------------------------------------------------|------------|---------------|---------------|
| Шоқан Уәлиханов 1836 жылы Сырымбет бекінісінде дүниеге келген. | | | |
| Шоканның атасы Уәли патша үкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы болған. | | | |
| Мұхамедханафия | | | |

| | | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
| Уалихановты Шоқан деп еркелетіп атап кеткен нағашы атасы Мұса Шорманов. | | | |
| Шоқанның әкесі Шыңғыс Көкшетау сыртқы округының аға сұлтаны болған. | | | |
| Шоқан 12 жасына дейін Сырымбет мектебінде орысша оқыған. | | | |
| Анасы Айғаным Шоқанға ежелгі қазақ аңыз-әнгімелерін, мақал-мәтелдерін, даналық сөздерін жиі айтып отырған. | | | |

13-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңыз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылында туып-өскен. Мектепті аяқтағаннан кейін Днепродзержинск техникалық училищесіне түсіп, оны 1960 жылы аяқтайды. Осы жылдан бастап еңбек жолына түседі. 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатына қатардағы жұмысшы ретінде кіріп, домна пешінің аға газдаушысына дейін көтеріледі. 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинатының жоғары техникалық оқу орынын, ал 1976 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетінің Жоғары партия мектебін аяқтайды.

1969 жылдан бастап комсомол және партия жұмысында істеді. 1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болды. 1984-1989 ж. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1990-1991 ж. Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, 1990 жылдың ақпан-сәуір айлары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды. 1990 жылы 24 сәуірде Н.Ә.Назарбаев Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының ең алғашқы Президенті етіп сайланды.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Етістіктің шақтары дегеніміз не?
2. Шақтың неше және қандай түрі бар?
3. Өткен шақ нені білдіреді?
4. Ауыспалы өткен шақ қалай жасалады?
5. Ауыспалы өткен шақ қандай істі білдіреді?
6. Қазақтан шыққан қандай атақты ғалымдарды білесіз?

7. Сіздің мамандығыңыз бойынша әлемдік жаңалық ашқан қандай ғалымдар бар?
8. Шапық Шокин деген кім?
9. Қаныш Сәтбаев туралы не білесіз?
10. Шоқан Уәлиханов туралы не білесіз?
11. Н.Ә. Назарбаевтың өмірдеректерінен қысқаша айтып беріңіз.

28-модуль: ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

Лексикалық тақырып: Білімді болғым келеді

Грамматикалық тақырып: Сын есімнің шырайлары, салыстыру мәннің берілуі

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Сын есім (имя прилагательное) қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беріп, заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін білдіретін сөз табы. Сын есімнің өз категориялары бар. Соның бірі шырай категориясы (степени имени прилагательного). Сын есімнің шырайлары іштей: жай шырай, салыстырмалы шырай, асырмалы шырай деп бөлінеді.

1. Жай шырай - басқа шырай түрлеріне негіз болатын сапалық сын есімдер, яғни түбір сын есімдер. Мысалы: *биік, ұзын, өткір, сұлу, үлкен, көк т.б.*

2. Салыстырмалы шырай (степени сравнения) сын есімге -рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -дау, -деу, -лау, -леу жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *үлкенірек, кішірек, жақсырақ, көгірек, үлкендеу, жеңілдеу, жылылау, т.б.*

3. Асырмалы шырай (превосходная степень) сын есімге өте, тым, аса, ең сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы, *аса үлкен, тым күшті. өте сұлу, ең күрделі, т.б.*

1-тапсырма. Берілген сын есімдерден асырмалы сын есім жасаныз.

Нәзік, қызыл, өткір, жақсы, үлкен, ұзын, нашар, білгіш, сирек, қысқа, сары, қатты

2-тапсырма. Төменде берілген сын есімдерді салыстырмалы шырай тұлғасына айналдырыңыз.

Ойлы, қызыл, ақ, жаман, жақсы, кішкентай, тар, кең, ауыр, жеңіл, кір, таза, сары, көк.

3-тапсырма. Мына сөйлемдерден сын есімдерді тауып, тұлғасына қарай ажыратыңыз.

1. Абай үшін бұл жыл жемісті, шабытты жыл болып келеді.
2. Ауылдас қазақтар Омарды орысшаға жетік деп білетін болды.
3. Шайдың өзінің дәмі тартымды да жағымды еді.

4. Бүгін бір қызық әңгіме басталып кетті.
5. Сұлу Көкшенің әсем табиғаты көз тартады.
6. Ол кең маңдайлы, тік қарайтын кісі екен.

4-тапсырма. Мына мақал-мәтелдердегі сын есімдерді тауып, турлеріне қарай ажыратыңыз.

1. Әдепті бала - арлы бала, Әдепсіз бала - сорлы бала.
2. Жақсы әйел - жігітке біткен бақ,
Жақсы жер, жайлы қоныс - алтын тақ.
3. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті.
4. Ел - елдің бәрі жақсы, Өз елің бәрінен жақсы.

5-тапсырма. Сын есімдерді тауып, турлеріне қарай ажыратыңыз.

1. Асан шұбар ала атпен шаба жөнелді.
2. Әсем қаламыз күннен күнге көркейіп келеді.
3. Ауыл шетіне жақындағанда, ұзын бойлы кісі аттан түсті.
4. Қалалық ауруханаға дейін он шақырымдай жер қалды.
5. Көгілдір аспанды енді ғана сұр бұлт торлағандай.

6-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жаттап алыңыз.

| | |
|----------------------------|-------------------------|
| Білім басы – бейнет, | Білімдіге дүние жарық. |
| соңы – зейнет. | Білімсіздің күні кәріп. |
| Оқу – білім азығы, | Жердің сәні – егін, |
| Білім – ырыс қазығы. | Адам сәні – білім. |
| Өнер – ағып жатқан бұлақ, | Ғылым – теңіз, |
| Ілім – жанып тұрған шырақ. | Білім – қайық. |
| Көзі жоқ, құлағы саудың | Білімді өлсе, |
| Ақылы толады. | Қағазда аты қалар. |
| Құлағы жоқ, көзі саудың | Ұста өлсе, |
| Ақылы солады. | Істеген заты қалар |
| Көп жасаған білмейді, | Тіліңмен жүгірме, |
| Көп көрген біледі. | Біліммен жүгір. |
| Кітап – алтын қазына. | Алтын алма, білім ал. |

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, мәтінді оқыңыз.

Қазіргі кез.. жастар... көбі кітап оқымайды. Алайда «Кітап – білім бұлағы», - деп бекер айтпаған, біз кітаптан көп нәрсе аламыз. Мен кішкентай кезімнен кітап оқыған... жақсы көремін. Сабақ.. кейін үй тапсырмасын істеп болысы..., мен сүйікті кітаптарым.. оқимын. Кейбір кейіпкерлер.. өмірінен жақсы қасиеттер.. үлгі ретінде алғым келеді, жағымды кейіпкерлер... ұқсағым келеді. Қазіргі кезде көбі компьютерден әңгімелер.. оқиды, бірақ, менің ойымша, кітапты оқуға еш нәрсе жетпейді.

8-тапсырма. Мәтін мазмұнын айтыңыз және оған ат қойыңыз.

9-тапсырма. Мәтінді оқып, сұхбат құраныз.

Білім – адам үшін ең бағалы іс. Сол білімді тарататын құралдың бірі – көркем әдебиет. Әрбір мәдениетті адам, алдымен, әдебиетті жақсы білуі керек. Әдеби шығармаларды оқу арқылы біз көркемдікті, жақсы мен жаманды түсінеміз. Кітапты түсініп оқу керек. Мазмұнын жазып немесе біреуге айтып беретін болу керек. Сонда ол сіздің есіңізде жақсы сақталады. Біз көркем шығармаларды көп оқып, кітапты бағалай білуге тиістіміз.

10-тапсырма. Өлеңді жатқа айтыңыз.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойлап босқа күлуге,
Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз,
Оған қайғы жесеңіз,
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой.

(Абай).

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін білдіретін сөз табы қалай деп аталады?
2. Сын есімнің қандай шырайлары бар?
3. Салыстырмалы шырай дегеніміз не және ол қалай жасалады?
4. Асырмалы шырай қалай жасалады және ол нені білдіреді?
5. Білімді болу үшін не істеу керек?
6. Біз кітаптан не аламыз?
7. Білім туралы төрт мақал айтыңыз.
8. Кітап туралы төрт мақал айтыңыз.
9. Еңбек туралы төрт мақал айтыңыз.
10. Неге «Кітап – білім бұлағы», - дейміз?
11. Адам үшін ең бағалы іс не?

29-модуль: АҚПАРАТ

Лексикалық тақырып: Ғаламтор және әлеуметтік желілер

Грамматикалық тақырып: Бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да жалғаулықтарының қолданысы

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Қазақ тілінде қарсылықты мән тудырушы жалғаулық шылаулар бар. Олардың қатарына *бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да* деген жалғаулықтар жатады. Бұл жалғаулықтар іс-әрекеттің орындалуына сөйлеушінің қарсы көзқараста екенін білдіру үшін қолданылады. Және мұндай жалғаулықтар көбіне-көп қарсылықты салалас сөйлемнің екінші жай сөйлемінің (екінші компонентінің) басында тұрады. В казахском языке есть союзы, которые дают значение противоположности, такие как: *бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да*. Эти союзы, обычно встречаются в начале второго компонента сложного сочиненного предложения и обозначает противостоящий взгляд говорящего тому или иному действию. Мысалы: *Бәрін түсінемін, бірақ олай етуге болмайды – Я все понимаю, но так делать нельзя. Атырауға мен де барайын деп едім, алайда жұмыстар шығып қалды – Я тоже поехать в Атырау, однако возникли не отложные дела. хотел. Жаңбыр жауатынын білді, сонда да көл басына кетті – Знал, что будет дождь, однако все равно пошел в сторону озера..*

Немесе мәтін ішінде жаңа сөйлемнің басында ұшырасады. Иногда эти союзы встречаются в начале нового предложения в тексте и тоже дают значение взгляда против. Мысалы: *Дегенмен, баруға тура келді – Однако пришлось пойти. Десе де, отырғандардың көбі келісті – Все таки многие согласились.*

1-тапсырма. Берілген сөздердің алдына қарсылықты жалғаулықтарын қойып сөз тіркесін жасаңыз.

Келді, айтты, барды, көрді, шығарып салды, сөз сөйледі, келісті, жазып берді.

2-тапсырма. Төменде берілген екі сөйлемнен қарсылықты мағыналы бір сөйлем жасаңыз.

1. Әкесі рұқсат берген жоқ. Азамат достарымен кетіп қалды.
2. Бәрін көрді. Ешкімге ештеңе айтпады.
3. Көргісі келді. Сезімін білдірмеді.
4. Компьютерді жақсы көреді. Қатаң тәртіп сақтап, көп отырмайды.
5. Қарны ашты. Кешке дейін шыдады.

3-тапсырма. Тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен танысыңыз.

| | | | |
|------------------|------------------------|---------|------------|
| дербес компьютер | персональный компьютер | Ақпарат | информация |
| жүйе | система | Мәлімет | сведения |

| желі | сеть | Құрылғы | устройство |
|-------------|---------------------|-----------|--------------|
| батырма | кнопка | Құрал | средство |
| экран | экран | Жабдық | оборудование |
| тышқан | мышка | Аспап | инструмент |
| пернетақта | клавиатура | жылдамдық | скорость |
| меңзер | курсор | Көлем | объем |
| көп пернелі | многофункциональный | Басқару | управлять |


4-тапсырма. Жоғарыда берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

5-тапсырма. Мағынасына сәйкес сөзді тұсына жазыңыз және сол сөзбен сөйлем құраңыз.

Үлгі: баспа құрылғысы – принтер: Принтер қағаз шығаруға арналған.

| | |
|---------------------------|--------------|
| баспа құрылғысы | Монитор |
| көп пернелі құрылғы | Сканер |
| компьютер теледидары | Принтер |
| жүйені басқарушы | Пернетақта |
| экран нүктелерін аралағыш | Меңзер |
| үлкен темір жәшік | Процессор |
| аз батырмалы құрылғы | жүйелік блок |
| оқығыш құрылғы | Тышқан |

6-тапсырма. Төмендегі диаграмманы толтырыңыз.



7-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұндаңыз.


Компьютер – ақпаратты қабылдау, қайта өңдеу, сақтау және нәтиже шығаруға арналған машина. Еі басында компьютердің негізгі қызметі - есептеу деп саналған. Қазіргі кезде оның негізгі қызметі – басқару болып табылады. Компьютер – ақпараттық үрдістерді жүзеге асыратын құрал. Бұл күндері ұялы телефон, факс, электронды пошта, ғаламтор (интернет) пайда болды. Интернеттің тарихы өткен ғасырдың 60-жылдарынан басталады. Компьютер, ғаламтор арқылы көптеген қажетті ақпараттарды алуға және оны жүйелі сақтану қоюға, алыс жерлермен байланыс орнатуға болады.

8-тапсырма. Мәтінді негізге ала отырып сұхбат құрастырыңыз.

9-тапсырма. Етістіктерді орыс тіліне аударыңыз.

Дайындау, жинау, өңдеу, жеткізу, жинақтау, түрлендіру, өсу, безендіру, сақтау, табу, тарату, даму, пайдалану, алу, қолдану, толықтыру, ақпараттандыру, қайта құру, құрастыру, ұйымдастыру, үйрену, танысу, оқып үйрену автоматтандыру.

10-тапсырма. Төмендегі диаграмманы толтырыңыз.



11-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Интернет жүйесі XX ғасырдың аяғында пайда болған. Интернет қазір жер шарының әр түкпіріндегі сан алуан адамдарды байланыстырып, елдер мен құрлықтарды біріктіріп отыр.

Интернет 1960 жылдары АҚШ-та дүниеге келген. Бастапқы кезеңде интернетті негізінен ғалымдар мен мамандар пайдаланған болатын. Кейін, яғни сексенінші жылдардың басында ол кеңінен тарай бастады. «Интернет» ағылшынның халықаралық желі деген сөзі. Интернет – компьютердегі мәліметтер мен құжаттарды, мультимедиа элементі бар гипермәтінді жүйелерді байланыстыратын ғаламдық тор. Бірақ интернеттің мүмкіндігі шексіз. Интернет арқылы жер шарының кез келген нүктесіндегі ауа-райын, ақпараттық агенттіктің соңғы жаңалықтарын білуге болады. Басқа елге барғыңыз келсе, сол елмен, қаламен, қонақ үймен танысуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнаымас құралына айналды.

12-тапсырма. Мәтін бойынша жеті сұрақ құрастырыңыз

13-тапсырма. Мәтінді оқып, WEB-сайттың WEB-сайт түрлерін жазып алыңыз.

Ғаламтор желілері бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі ең жаңа түрі. WEB-сайттарды былай жіктеуге болады:

- жаңалық тарататын WEB-сайттар (мысалы, <http://www.24.kz/>, <http://45minut.kz/>, <http://www.okok.kz/>, <http://today.kz/> м.б.);
- сараптама, талдау жасайтын WEB-сайттар (мысалы, minber.kz, <http://www.abai.kz/>, <http://aitaber.kz/>, <http://el.kz/> м.б.);
- басқа да әлеуметтік желілердің қоры (http://baq.kz, <http://nomad.su> м.б.). Басқа БАҚ құралдарына қарағанда қажетті ақпаратты орналастыру, ақпарат алу жылдамдығы, онтайлы пайдалану жағынан ең арзанға түсетіні осы ғаламтор.

• **корпоративтік ғаламтор.** Бұл сайт белгілі бір ұйымның «ішкі қолдануына арналған» қызметтік сайт болып табылады (мәселен, ҚазҰУ – *kaznu.kz*, ЕҰУ – *enu.kz*, Ахмет Ясауи университеті – *iktu.kz* т.б.);

• **жергілікті (локальдық) ғаламтор:** тар ауқымды қамтитын сайт;

• **аймақтық:** белгілі бір аймақты қамтуға бағытталған сайт;

• **мемлекеттік:** республика көлемінде кең ауқымды қамтитын сайт (мәселен, *akorda.kz*, *edu.gov.kz* т.б.).

• **мамандандырылған:** белгілі бір тақырыпты ғана қамтитын сайт (мәселен, *www.svat.kz*, *video.nur.kz*, *www.kuttybolsyn.kz*).

14-тапсырма. Компьютер мен ғаламтордың пайдасын бір бағанға, зиянын екінші бағанға жазыңыз.

Біліміңізді тексеріңіз:

1. Қарсылықты мән тудырушы жалғаулық шылауларды атаңыз.
2. Бірақ, әйтсе де, алайда, десе де, дегенмен, сонда да деген жалғаулықтар қандай жағдайда, қандай сөйлемдердің құрамында қолданылады?
3. «Компьютердің құрамдық бөлшектерінің атын атаңыз.
4. «Ғаламтор» тақырыбына қатысты қандай сөздерді білесіз?
5. Принтер не үшін керек?
6. Көп пернелі құрылғыға не жатады?
7. Процессор дегеніміз не?
8. Экран нүктелерін не арқылы аралаймыз?
9. Компьютер не үшін керек?
10. Компьютер қандай құрал?
11. Интернеттің тарихы қашан басталды?
12. Интернет» термині қай кезден бастап кенінен тарала бастады?
13. Интернет дегеніміз не?

30-модуль: ЖАҢА ӘЛІПБИ

Лексикалық тақырып: Латын әліпбиі

Грамматикалық тақырып: Қазақ тілінің ерекшеліктері. Жаңа әліпби.

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Тіл адамдардың қатынас құралы. Ол әрбір адамға ана сүтімен берілетін баға жетпес мұра. Қазақ тілі – өте бай тіл. Қазақ тілінің байлығы оның сөздік қорынан, синонимдері мен мақал-мәтелдерінің молдығынан көрінеді.

Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне ең жақындары – ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарашай – балқар тілдері. Қазақ тілі шетелдерде тұратын қазақтардың да ана тілі.

Қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері бар (ол туралы осы курстың бірінші сабағында айтқан болатынбыз). Ол: өзіндік төл дыбыстарының болуы; сөздердің дыбысталуы мен жазылуында үндестік заңдылығына бағынуы; жеті септіктің болуы; баяндауыштың сөйлемнің аяғында тұруы; сан есім мен зат есім тіркес құрғанда зат есімнің көптік жалғауын қабылдамауы, т.б..

Қазақ тілі өзінің тарихында бірнеше таңбалау кезеңін (әліпбиді) басынан кешті. Мәселен, 1920 жылға дейін араб графикасына негізделген төте жазу; 1929-40 жылдары аралығында латын графикасына негізделген әліпби жазу жүйесі; 1940 жылдан бері кирил әліпбиі қолданылып келді. Енді бүгінгі таңда қайтадан латын әліпбиіне көшу ұсынылып отыр.

Қазақ тілі 1989 жылдан бастап мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Демек, Қазақстанда тұратын әр адам мемлекеттік тілді – қазақ тілін білуі, құрметтеуі тиіс.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.

Қазіргі латын графикасына негізделген әліпби. 2017 жылдың 9 қазанында қазақ әліпбиін латын графикасына негізделген әліпбиге көшіру жобасы ұсынылды. 2017 жылы қазақ тілінің жаңа латын графикасына негізделген әліпбиі 26 қазанда Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен бекітілді. 2017 жылдың 26 қазанында бұл алфавит ресми түрде мақұлданды. 2018 жылғы 19 ақпанда осы қаулыға түзетулер енгізілді. 2017-2025 жылдары жаңа әліпбиге көшу жоспарлануда. Әліпби 32 әріптен тұрады.

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру жобасы қашан ұсынылды?
2. Алғаш латын әліпбиін қабылдау туралы жарлығы бекітілді?
3. Қаулыға қашан түзету енгізілді?
4. Қазақ әліпбиіне қашан көшу жоспарланған?
5. Әліпби қанша әріптен тұрады?

3-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдегі сөздерді ретімен қойыңыз.

Әлем, графикасын, 80, меңгерген, пайызы, халқының, латын. Бұл, болып, тиіс, ұлт, мәселе, шешуге. Бір, жасағанбыз, кезде, қадамды, біз, мұндай. Балаларымыздың, үшін, шешім, болашағы, осындай, тиіспіз, қабылдауға.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, түсінгеніңізді қысқаша баяндаңыз.

Әліпби сөзі араб алфавитінің алғашқы екі әрпі – алиф пен би атауларының бірігуінен жасалған. Әліпби жазуда қолданылатын әріптердің рет тәртібі дегенді білдіреді.

Қазақ халқының жазу-сызуына Қазақстанға мұсылман дінінің, ислам мәдениетінің таралуына қатысты араб әліпбиі негіз болды. Алайда, қоғамдағы әр түрлі саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты қазақ халқы араб әліпбиінен 1929 жылы латынға, ал 1940 жылдан бастап орыс әліпбиіне көшті.

Әліпбиде көрсетілген таңбалар – әріптер. Әріп – дыбыстың жазудағы таңбасы. Әліпбидегі әріптер белгілі бір тәртіппен орналасады. Түрлі

сөздіктерді пайдалану үшін, әліпбидегі әріптердің орын тәртібін жақсы білу керек, сонда сөздіктен керек сөзді тез тауып алуға болады.

Орыс әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиінде қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілейтін 9 әріп бар (ә, ғ, қ, н, ө, ұ, ү, һ, і). Қалғандары – орыс тілі мен қазақ тіліне ортақ әріптер.

Әліпбидегі әріптердің баспахана ісіне бейімделген баспа түрі және қолмен жазу құралдарына бейімделген жазба түрі бар. Әліпбидегі әріптердің бас әріптері және кіші әріптері бар.

Қазақ жазуында бас әріппен жазу латын әліпбиіне көшкеннен бастап пайда болды.

Бас әріпті қолдану кісі аттары мен жер-су атауларын, газет-журнал, кітап аттарын басқа сөздерден тез ажыратуға, сөйлем мағынасын тез түсінуге және қысқарған сөздерді (АҚШ, ҚазҰУ) белгілеуге өте қолайлы болды.

Балалар, әліпби дегенді қалай түсінесіңдер, бастауыш сыныптарда өткендеріңді еске түсіріңдерші.

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Латын тіліне қай жылы көшті?
2. Әліпби деген сөз қай елден келген?
3. Кириллицаға қай жылы көшті?

6-тапсырма. Латын әліпбиі емлесімен танысыңыз.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИ

| № | Жазылуы | Дыбыстауы | № | Жазылуы | Дыбыстауы |
|----|---------|-----------|----|---------|-----------|
| 1 | A a | [a] | 17 | Ñ ñ | [ɲ] |
| 2 | Á á | [ɔ] | 18 | O o | [o] |
| 3 | B b | [b] | 19 | Ó ó | [o] |
| 4 | D d | [d] | 20 | P p | [p] |
| 5 | E e | [e] | 21 | Q q | [k] |
| 6 | F f | [f] | 22 | R r | [r] |
| 7 | G g | [g] | 23 | S s | [s] |
| 8 | Ġ ġ | [ɣ] | 24 | T t | [t] |
| 9 | H h | [x], [h] | 25 | U u | [y] |
| 10 | I i | [i] | 26 | Ú ú | [y] |
| 11 | I ı | [ɨ], [ɨ] | 27 | V v | [v] |
| 12 | J j | [ʒ] | 28 | Y y | [ɣ] |
| 13 | K k | [k] | 29 | Ý ý | [y] |
| 14 | L l | [l] | 30 | Z z | [z] |
| 15 | M m | [m] | 31 | Sh sh | [ʃ] |
| 16 | N n | [n] | 32 | Ch ch | [tʃ] |

Ескерту: «я» әрпі «ia» әріп тіркесімен жазылады: qoia, iaǵnı, saia.
и (ı) әрпінен кейін тұрған я әрпінің орнына а жазылады: qiaǵ, sia, jaǵa.

| | |
|-------------------|---------------------------------------------------------------|
| Дауысты дыбыстар: | a (a), á (ə), e (e), o (o), ó (ö), y (ы), i (і), u (ү), ú (у) |
|-------------------|---------------------------------------------------------------|

| | |
|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Дауыссыз дыбыстар: | б (б), г (г), ғ (ғ), д (д), ж (ж), з (з), ı (ı), к (к), қ (қ), л (л), м (м), н (н), ң (ң), р (р), т (т), с (с), у (у), ш (ш), ч (ч). |
|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

7-тапсырма. Мәтінді оқып, Суретті латын әрпімен сөзге айналдыр.
Суға кеткен тиындар



сатумен айналысатын шаһар тұрғыны соңғы кездері сүтке су қосып сатуды ойлап шығарыпты. Күндердің күнінде, әлгі сатушы көрші қаланың



табыспен үйіне



қайтып келе жатады. Жолда көзі



ілініп кеткен саудагер ояна келсе,

орнында жоқ. Іздей



бастаса, әмияны желкенге шығып алған қолында екен. Маймылға жалына кеткен саудагер қолын созып әмиянын сұрайды, бірақ



маймылдың берер түрі жоқ. Ішінен шаша бастайды: мақұлық бірін саудагерге лақтырса, бірін суға лақтырып ойнайды. Құлды бір



табыстың тең жартысы сияқты.

тиесілі екендігінен хабардар еткен

8-тапсырма. Ана тілі туралы мақал-мәтелдерді латын графикасымен жазыңыз, мағынасын ашыңыз.

1. Өнер алды қызыл тіл.
2. Басқа пәле тілден.

3. Жақсы сөз – жарым ырыс.
4. Айтылған сөз – атылған оқ.
5. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады.

9-тапсырма. Мәтінді оқып, өз сөзіңізбен қорытындылаңыз. Ойыңызды латын қарпімен жазыңыз.

Shynay jolayshy

Ómirdi tanygysy kelgen bir jas jigit dúnieni aralap, saiahattap júrgen elderiniń birinde máshhúr bir ǵalymnyń úine qonaqqa barady. Saiahatshy ǵalymnyń turǵan úiniń dýaldarynyń kitaptarǵa toly ekendigin kóredi. Qatty tań qalady árine. Biraq munyń mánisine bara almaidy. Úide jerge tóseyli bir kilem, dýaldyń túbinde bir tósek, ortada turǵan bir stolmen oryndyqtan basqa eshnárese bolmaidy.

Tañdanysyn jasyra almaı suraıdy:

— Nelikten eshqandaı zattaryńyz, jihazdaryńyz joq?

Ǵalymqolymentalgizattarynmenǵezepjaıapberedi:

— Bar, mine olar!..

— Endi... Aıtayn degenim basqa jihazdaryńyz, buymdaryńyz qaıda?

Ǵalymbulsuraǵynasuraqpenjaıapberedi

— Balamseniń de artyqshaeshqandaı zattaryń joq. Tek myna arqalap júrgensómkenǵana bar. Al sondaseniń zattaryń qaıda? Jas

jigit bul kútpeng suraqqaby laı dep jaıaptaıdy:

— Biraq kórip tursyz ǵoi men jolayshymyn...


Ǵalym kúlimdep durys atasyń degendeı bolyp basyn izeıdi de:

— Men de!.. Men de aqyret jolayshysymyn... — deıdi.

10-тапсырма. Сәйкестендіру. Қандай ерекшеліктер бар?

| | |
|--------------|----------|
| Biik-biik | Dollar |
| Tars-turs | Túsý |
| Million | Alańy |
| Boylıń | Taylar |
| Kardiogramǵa | Dayystar |

11-тапсырма. Сөзжұмбақ «ҚАЗАҚСТАН» (латын қарпімен толтырыңыз, сөзжұмбақдұрыс шешілгенде еліміздің аты шығады), (латындағы ш бір клеткаға жазылады)



12-тапсырма. Төменде берілген есімдерге сәйкес қосымшаларды жалғаңыз.

| | | | | | |
|-------|------------|--------|------------|-------|------------|
| Kúlán | -ǵa, -ge | Kúlásh | -qa, -ke | Bilál | -ǵa, -ge |
| | -da, -de | | -ta, -te | | -da, -de |
| | -niń, -nyń | | -tiń, -tyń | | -diń, -dyń |
| | -nan, -nen | | -tan, -ten | | -dan, -den |
| | -dy, -di | | -ty, -ti | | -dy, -di |
| | -yń, -iń | | -ym, -im | | -yń, -iń |
| | -der, -dar | | -ter, -tar | | -der, -dar |
| | -myn, -min | | -pyn, -pin | | -myn, -min |

13-тапсырма. Сөздерді екінші бағанға латын таңбасымен жазыңыз.

Анатомия, калькулятор,
альянс, валидация,
конференция, наряд

Білімніңізді тексеріңіз:

1. Қазақ тілі қандай тіл?
2. Қазақ тілінің байлығын не арқылы көреміз?
3. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?
4. Қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін атаңыз.
5. Қазақ тілі әліпбиінің тарихын айтыңыз. Ол (әліпби) неше таңбалау кезеңінен өтті?
6. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін қашан алды?
7. Қазіргі қазақ әліпбиін латын графикасына негізделген әліпбиге көшіру жобасы қашан ұсынылды?
8. Қазақ тілінің жаңа латын графикасына негізделген әліпбиі туралы Жарлық қашан бекітілді?
9. Жаңа әліпбиге қай жылдары көшуіміз керек?
10. Жаңа әліпбиге байланысты «я» әрпі қандай әріппен жазылады?
11. Тіл туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіз?

Глоссарий

| | |
|---------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Автор | (лат. сөзі) көркем шығарманы, ғылыми публицистикалық туындыны, сәулеткерлік дүниелерді, жобаларды, өнертабысты жазған, жасаған кісі. |
| Азамат | 1. Белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адамы. 2. Кәмiлетке толып, ер жеткен адам, жігіт. 3. Кісілігі бар парасатты адам. |
| Азаттық | Бостандық, еркіндік, теңдік. Өз еркі өзінде, ерікті |
| Ақау | 1. Денсаулыққа түскен кінәрат, зақым. 2. Мін, кемшілік. |
| Ақкөңіл | Ішкі эмоциялық сезімі таза, жүрегі адал. |
| Ата заң | Белгілі бір елдің мемлекеттік және қоғамдық құрылысының принциптері мен негізгі тұжырымдарын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі заң. |
| Ән | 1. Әуені, сазы бар музыкалық шығарма. 2. Ауысп. Сайрағыш құстардың әдемі дауысы, үні. |
| Әнұран | Бір елдің мемлекеттігінің нышаны ретінде қабылданған салтанатты жыр, елұран. |
| Әңгіме | Әдебиеттегі оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. |
| Әңгімелесу | Пікір алысу, сұхбаттасу, әлеуметтік ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерінің бірі. |
| Әрекет | (араб. Харакет, амал-тәсіл.) – адамдардың кейде әлеуметтік топтың әлдебір істі атқаруға белсене кірісуі. |
| Бакытты болу | Адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі. |
| Байсалды | Ұстамды, байыпты. |
| Бап I | 1. Күтім, жай, күй. 2. Аспай-саспай, бипаздап, нәшініне келтірушілік. 3. Ауысп. Шаруа реті, іс жағдайы. |
| Бап II | Тарау, бөлім. |
| Басқару | 1. Басшылық ету, билігін жүргізу. 2. Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету. |
| Батыл | 1. Ержүрек, қайсар. 2. Жасқаншақтамай, тура, еркін. |
| Бедел | 1. Қадір-қасиет, абырой. |

| | |
|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | 2. Атақ. Даңқ. |
| Болашак | Алдағы уақыт, келешек. |
| Білім | 1. Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік. 2. Ақыл-парасат, ой-өріс. |
| Ғалым | Оқымысты, ғұлама. Ғылымның белгілі бір саласын жетік игерген білімдар адам, маман. |
| Ғылым | Табиғатпен қоғамның даму заңдары туралы анықталған білім жүйесі және сол ғылымның белгілі бір тарауы, саласы. |
| Ғылым-білім | Ғылым мен білім жиынтығы. |
| Ғарыш | Аспан кеңістігі |
| Ғарышкер | Ғарыш техникасын сынау мен ғылыми бақылауды жүргізу мақсатымен ғарышқа ұшушы адам. |
| Ғұрып | Әдет, салт, дәстүр |
| Даму | Жан-жақты өсу, өркендеу. |
| Дамыту | Қарқындап өсіру, өркендету, жетілдіру. |
| Дәстүрлі | Салтқа енген, әдетке айналған. |
| Домбырашы | Домбыраны жақсы шертетін адам. |
| Денсаулық | Есен-саулық, ауру-сырқаудан аман болушылық |
| Денешынықтыру | Түрлі жаттығулар арқылы адам тәнін жан-жақты жетілдіру. |
| Дербес | Жеке-дара, бөлек, тәуелсіз. |
| Достық | Дос адамға тән ниеттестік, жақындық, қарым-қатынас. |
| Дүниежүзі | Бар әлем, бүкіл әлем. |
| Ел | 1. Жұрт, халық, қауым. 2. Туған жер, өскен орта. 3. Негізі шыққан тегі, заты, руы. 4. Отан, туып-өскен жер. |
| Елтаңба | Белгілі бір мемлекеттің жалауында, ақшасында, мөрінде т.б. болатын елдік белгілердің бірі. |
| Ереже | 1. Белгілі бір заңдылыққа негізделген жазбаша тәртіп, қағида. 2. Оқулықтағы белгілі бір анықтама, түсінік. |
| Жағымсыз | Сүйкімі жоқ, ұнамсыз |
| Жастар | 1. Ержетіп, есейіп қалған жеткіншектер. |

| | |
|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | 2. Жаңа өсіп келе жатқан жасөспірімдер. |
| Жаттығу | 1. Дене шынықтырудың жүйелі түрде жиынтық кешені. 2. Оқушы жаңа материалды жақсы түсіну үшін жүргізілетін оқыту үрдісіндегі әдіс. |
| Жан- жақты | Әр жақты, терең, толық. |
| Жанартау | Жер астынан дүркін-дүркін отты сұйық заттар атқылайтын жер. |
| Жел | Кейде қатты, кейде баяу соғатын ауаның ағымы. |
| Жаңа | Өңі түспеген, бұрын ұсталмаған. |
| Жәрменке | 1. Мерзімді уақытта белгілі бір жерде болатын сауда орны, үлкен базар. 2. Ауысп. Ойын-сауық, той-думан. Айқай-ұйқай, у-шу. |
| Жетекші | Жетекке алушы, ел бастаушы, аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыздың аты. |
| Жоба | Бір нәрсені іске асыру үшін жасалған үлгі, жоспар, нұсқа. |
| Жомарт | Барын аямайтын, қолы ашық, берген адам. |
| Жоспар | Белгілі бір жұмыстың алдын-ала жасалған жобасы. |
| Жүйке | Құйқа тамыр, нерв. |
| Жетістік | Қол жеткен табыс, жеңіс. |
| Жұлдыз | Бес бұрыш етіп жасалған кеңес мемлекетінің айырым белгісі, эмблема. Жерден өте қашық орналасқандықтан нүктеден ғана алып жылтырап көрінетін аспан денесі. |
| Жұмыс | Жеке адамның не көпшіліктің белгілі мақсатқа еткен еңбегі, әрекеті. |
| Зан | 1. Мемлекеттің ең жоғарғы өкімет орындар қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы- қарарлар, декрет. 2. Жалпыға ортақ жоба, ереже. |
| Зергер | Әшекейлі бұйым жасайтын шебер. |
| Зиян | Залал, кесір. |
| Кепіл | Дәлел, айғақ, куә, растаушы. |
| Кепіл болды | Жауапкершілігіне алды. |
| Керемет | Құдіретті күш, таңғажайып сыр, таңғаларлық, ғажап, отс жақсы, тамаша. |
| Келбет | 1. Түс, түр, кейіп, кескін. 2. Пішін, тұлға, мүсін. 3. Корік бейне. |

| | |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Келбетгі | Көрікті, сымбатты, сұлу. |
| Кеңістік | 1. Ашық жер, кең жазық. 2. Шексіз әлем, кең дүние. |
| Кенші | Кен қазушы. |
| Келеңсіз | Орынсыз, жөнсіз, ретсіз. |
| Кекшіл | Кек сақтағыш, кек алғыш. |
| Күй I | 1. Қазақ халқының музыкалық шығармасының бір түрі. |
| Күй II | 1. Хал-ахуал, тұрмыс-тіршілік. 2. Іс - әрекеттің белгілі бір қалпы. 3. Ауысп. Ой тебіреніс. Зар, мұң, күйініш. Күй кетті – хал нашарлады, жағдайы болмады. |
| Күш | 1. Жан-жануардың кимыл-қозғалысын, сыртқы орттың физикалық әсер етуін, қамтамасыз ететін әл, қуат. 2. Бір заттың, не бір нәрсенің өзеге етер физикалық т.б. әсерлі ықпалы. |
| Қалдық | 1. Бір нәрсенің қалған бөлшегі, сарқыншағы. 2. Бөлінгіштің толымсыз бөлінді мен бөлінгіш көбейтіндісінен айырмасы. |
| Қайсар | Алған бетінен қайтпайтын, бірбеткей адам. |
| Қайрымды | Жақсылығы, шапағаты мол, мейірімді. |
| Қарқынды | Екпінді, тез, шапшаң, жылдам. 2. Өнімді, мол. |
| Қатынас | 1. Қарым-қатынас, байланыс, аралас. 2. Бір нәрсенің хабарын беру үшін жазылған ресми қағаз. |
| Қоғам | Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынасының жалпы жиыны. |
| Қызық | 1. Қызықты, тартымды, тамаша көрініс. Той-думан, ойын-сауық. 2. Ауысп. Жан рахаты, ләззат. 3. Таңғаларлық, кездейсоқ жай. |
| Қызығушылық | Адамның зейіні елігуден болатын құмартушылық. Ынтығушылық. |
| Қызғаншак | Қызғаныш сезімі күшті, іші тар. |
| Қызба | 1. Қызып, көтеріліп кететін адам, қызуқанды. 2. Қан қысымы бірде көтеріліп, бірде кеміп кететін ауру. |
| Қылық | 1. Кісінің жеке басына тән мінез-құлық. 2. Ауысп. Біреу |

| | |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | тарапынан істелген ұнамсыз іс-әрекет. |
| Қуаныш | 1. Бір нәрсеге қуану сезімі, шаттық, көңілдік. 2. Біреудің көңілге медеу тұтарлық нәрсесі, арқа сүйері. |
| Құрылысшы | 1. Құрылыста жұмыс істейтін адам, құрылыс маманы. 2. Коммунистік қоғамда қызмет етуші, соған үлес қосушы. |
| Қауіпті | Қорқынышты, үрейлі, қатерлі. |
| Қуат | Күш, жігер, қайрат, әл, дәрмен. |
| Қуатты | Бір нәрсе қолдаған, мақұлдаған адам, қостаушы, жақтаушы. |
| Қоршау | 1. Бір нәрсені айнала қоршау жасау, шарбақтау. 2. Қарсылас жақты, жауды қамап алу, қамауға түсіру. 3. Айнала ортаға алу, қаумалау. 4. Түгел қамтып тұру. |
| Лас | 1. Таза емес, былғаныш, кір. 2. Ауысп. Пасық, арамза. |
| Мамандық | Белгілі бір кәсіптің түрі, қызмет. |
| Мән | Сана, ұғым арқылы аңғарылатын ішкі мазмұн, мағына. |
| Мәдени | Мәдениеттілікке, мәдениетке қатысты. |
| Мәдениет | Адамдардың өмірімен іс - әрекетімен олардың материалдық және рухани байлықтың жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі. |
| Мәлімдеме | Белгілі бір оқиға туралы хабарлама. |
| Мәртебе | Абырой - атақ, дәреже, даңқ. |
| Мәлім | Жұртқа аян, белгілі, анық. |
| Мемлекеттік | Мемлекетке тән, мемлекетке тиіс. |
| Менгеру | 1. Бір істі игеру, оның қыр-сырын жақсы білу. 2. Бір нәрсені басқару, басшылық ету. |
| Мүлік | Ірілі-уақтылы дүние, бұйым, жиһаз. |
| Міндетті | Әр адамның өзіндік әрекетінен, тәртібінен байқалатын техникалық және рухани қасиеттерінің жиынтығы. |
| Мінез | Әр адамға тән лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы. Мінезге бай- мінезі жайлы. Мінезі ауыр - салмақты, байыпты. |
| Музыка | Жан сырын ән, әуен, ырғақ арқылы бейнелейтін көркемөнер саласы. |
| Негіз | 1. зат. Түп-төркін, тек. 2. Ірге тас. |
| Нәтиже | Белгілі бір іс-ірекеттен туатын, шығатын қорытынды. |

| | |
|---------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Нығайту | Бекіте түсу, күшейту. |
| Одақ | 1. Қоғамдық топтардың, жеке адамдардың тығыз ұйымдасқан бірлестігі. 2. Мемлекеттік бірлестік. 3. Ұйым, қоғамдық бірлестік. 4. Белгілі бір мемлекеттер арасында жасалатын бітім, келісім, шарт. |
| Отан | 1. Туған ел, өскен жер. 2. Үй іші, отбасы, жанұя. |
| Өжет | Алған бетінен қайтпайтын қайсар, батыл, бірбет, ер. |
| Өнер | 1. Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік. 2. Шындық өмірді шығармашылық жолмен, көркем образдар арқылы суреттейтін көркем өнердегі жанр. 3. Ауысп. Кәсіп, қаракет, іскерлік. |
| Өнерпаз | Қолынан эр алуан іс келетін ісмер, шебер. |
| Өкпе ауруы | Өкпеге суық тиіп, қабынудан пайда болатын жұқпалы ауру; өкпе туберкулезі. |
| Өкіл | 1. Белгілі бір елдің, ұйымның мүддесін білдіретін оның жүзеге асыратын ресми адам. 2. Белгілі бір топтың, ұйымның, таптың атынан келген кісі. |
| Парыз | Адам бойына тән, азаматтық борыш, қастерлі міндет. |
| Сабырлы | Ұстамды, байыпты, салмақты. |
| Сабырсыз | Шыдамсыз, тағаты жоқ. |
| Сазгер | Музыкалық аспаптарда ойнайтын адам. |
| Салауат | 1. Шүкір, қанағат. 2. Текке, босқа. |
| Салауатты | Парасатты, байыпты. |
| Салауаттық | Саулық, амандық. |
| Салауаттылық | Парасаттылық, байыптылық. |
| Саяхат | 1. Зерттеу не танысу мақсатымен алыс бір жерге ел аралауға шыққан сапар. 2. Бой жазу, демалыс ретінде айнала маңда өткізілетін серуен, сейіл. |
| Сезімтал | Бір нәрсені тез сезіне, байқай қоятын байқампаз. |
| Сүйкімді | 1. Тартымды, жарасымды. 2. Құлаққа жағымды, жайлы. |
| Сұлулық | Келбеттілік, өнділік, ажарлық, әдемілік, әсемділік |
| Сапалы | Сапасы артық, ерекше қасиетті. |
| Саяси | Саясатпен байланысы бар, саясатқа қатысты. |
| Сурет | Бір заттың қағазға не басқа бір нәрсеге түсірілген бейнесі. |

| | |
|--------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Суреткер | Өнер саласында шығармашылық қызмет атқарушы. |
| Рухани | Адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән. |
| Табиғат | 1. Дүниедегі барлық тірі және ой жаратылыс, тіршілік. 2. Тау, орман-тоғай, өзен-су. |
| Табиғи | 1. Жаратылыстың өзіндік табиғатқа тән, жасанды емес, таза, қоспасыз. 2. Боямасыз, нанымды. |
| Табыс | 1. Белгілі бір істі орындау, атқару нәтижесінде түсетін пайда, кіріс. Қол жеткізген жетістік, жеңіс атаулы. |
| Таңғажайып | Керемет, сұмдық, ғажап. |
| Тарихи | Тарихқа байланысты, қатысты оқиғалар |
| Тәуелсіздік | Біреуге бағынышты еместігі, еркіндік, Бостандық. |
| Тәжірибе | Белгілі бір істі үнемі істеумен, машықтанумен болатын жұмыс дағдысы. |
| Терін | Ақысыз, пұлсыз, төлеусіз |
| Темекі | Алқа тұқымдасына жататын жалпақ жапырақтары бар мәдени өсімдік. |
| Теңдік | 1. Барлық жағынан бірдей тең болушылық. 2. Тең праволылық, еркіндік, бостандық. |
| Техника | Өндіріс құралдарының жиынтық аты. |
| Терең | 1. Түбіне бойламай кететін тұңғыш шаңырау. 2. Өте қымбатты, бағалы, маңызды, мәнді. 3. Өр жақты, мейлінше кең түрде. |
| Тіл | 1. Адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын, пікір алысып, өзара түсінісетін құралы, дыбыстық сөз құрамы мен грамматикалық тәсіл жүйесі. 2. Айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес. 3. Ана тілінің заңдылығын, ережесі- қағидасын оқытатын арнайы курс. |
| Тірек | 1. зат. Үй, қора, шахта т.б. бел ағаштарын тіреп қоятын тірек ағаш. 2. ауысп. Сүйінер сүйеніш, таяныш. |
| Төте | Айналыс, бұрылысы жоқ. Тура, тіке. |
| Тұңғыш | 1. Ең алғашқы бірінші. 2. зат. Ең бірінші туған бала, баланың ең үлкені. |
| Тыңғылықты | Істеген ісіне тиянақты, ұқыпты, ықтиятты. |
| Ұйым | 1. Мемлекеттік бұқаралық немесе қоғамдық мекеме. 2. Белгілі бір мақсат жолында біріккен адамдардың тобы. |

| | |
|----------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| | саяси бірлестік. |
| Үміт | Сенім, тілек. |
| Шаттық | Қуаныш, шат-шадыман сезім. |
| Халықаралық қатынас | 1. Сыртқы саясатқа халықтар мен елдердің өзара байланысына қатысты соларға тән қатынас.2. Көптеген халықтарға ортақ жержүзілік қарым-қатынас, байланыс. |

Тест сұрақтары

1. Тілдер туралы Заңға өзгерістер қашан енгізілді?

- А) 11 шілде 1993 жыл
- В) 11 маусым 1994 жыл
- С) 11 шілде 1995 жыл
- Д) 11 маусым 1997 жыл
- Е) 11 шілде 1997 жыл

2. Қазақстан - светское государство. Дұрыс аудармасын көрсетіңіз

- А) Қазақстан - сәулетті мемлекет
- В) Қазақстан - мәдениетті мемлекет
- С) Қазақстан - дамыған мемлекет
- Д) Қазақстан - зайырлы мемлекет
- Е) Қазақстан - келешегі зор мемлекет

3. Ту сөзінің синонимі

- А) көк ту
- В) көкшіл ту
- С) көгілдір ту
- Д) қызыл ту
- Е) байрақ, жалау

4. Мемлекеттің басты әнін атаңыз.

- А) әншашу
- В) жырау
- С) күй
- Д) әнұран
- Е) айтыс

5. Омонимді табыңыз

- А) Жазда ауылға барып демаламыз
- В) Болам десең ұста, балғаны нық ұста
- С) Жазғы демалысқа шықтым
- Д) Менің ағам - инженер
- Е) Мен экономист боламын

6. Нұргиса Тілендиев кім?

- А) аудармашы, ақын, жазушы
- В) сазгер, суретші, қобызшы
- С) домбырашы, композитор, дирижер
- Д) ақын, жыршы, қаламгер
- Е) әнші, күйші, жыршы

8. «Әкел» сөзінің антоним қатарын табыңыз

- А) әкеледі
- В) әкелші
- С) әкелу
- Д) әкет
- Е) әкелдік

9. Астанадағы опера және балет театры кімнің есімімен аталады?

- A) А.Құнанбаев
- B) Н.Тілендиев
- C) Қ.Қуанышпаев
- D) Қ.Байсеитова
- E) P.Бағланова

10. Табыс септігінің жасырын формасын табыңыз.

- A) Бізді жиналысқа шақырды
- B) Ол кітап алды
- C) Менің інім ақылды
- D) Мен музыканы сүйіп тындаймын
- E) Мен кітабымды өткіздім

11. Жастар ұйымдарын көрсетіңіз

- A) «Отан»
- B) «Азаматтық»
- C) «Талапкер»
- D) «Зергер»
- E) Аталғандардың барлығы

12. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... қадірін адам ауырғанда біледі.

- A) Ақшаның
- B) Ағайынның
- C) Ата-ананың
- D) Денсаулықтың
- E) Досының

13. Қажетті қосымшаны жалғаңыз. Көзідірік атам...

- A) - тың
- B) - нікі
- C) - дікі
- D) - тікі
- E) - ның

14. Қоғамның, отбасының ертеңгі келбеті кімдерге байланысты?

- A) Қарттарға
- B) Қарияларға
- C) Ұстаздарға
- D) Басқаруға
- E) Жастарға

15. Жастар- қоғамымыздың ең белсенді бөлігі. Ілік септік жалғаулы сөзді табыңыз.

- A) жастар
- B) қоғамымыздың
- C) ең
- D) белсенді
- E) бөлігі

16. Шығыс септік жалғаулы сөзді табыңыз

- A) Мен атаммен әңгімелестім
- B) Сізді тексеруден өткіземіз
- C) Ата-анамның үмітін ақтаймын
- D) Баланы орындыққа отырғызды
- E) Жастардың көпшілігі еңбектенуде

- с) 2008 жылы шілдеде
- д) 2008 жылы қантарда
- е) 2008 жылы ақпанда

27. Өздік етісті табыңыз

- а) Білім беру жүйесі туралы айтылды
- в) Қолданыстағы заңның мүмкіндіктері жеткіліксіз болып табылды
- с) Кең профилілі мамандар даярлауға мүмкіндік берді
- д) Жаңа Заңда техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұны мен құрылымы елеулі өзгертілді
- е) «Білім туралы» жаңа Заң қабылданды

28. С. Сейфуллиннің шын атын табыңыз

- а) Сәкен
- с) Сейфулла
- е) Сейтахмет
- в) Садуақас
- д) Ахмет

29. «Мировые сообщество» сөз тіркесінің қазақша аудармасы

- а) әлемдік қауымдастық
- в) сауда-саттық қатынас
- с) халықаралық ұйымдар
- д) халықаралық қатынас
- е) Еуропа қауымдастығы

30. Халықаралық ұйымдармен қатынас жасау үшін қандай ұстанымдарды басшылыққа алады?

- а) шекараның бұзылмауы
- в) басқа елдің ішкі ісіне қол сұқпау
- с) оларды мойындау
- д) оларды құрметтеу
- е) аталғандардың барлығы

31. Есімшені табыңыз. Адам қоршаған ортамен тығыз байланыста өмір сүреді.

- а) адам
- д) тығыз
- в) қоршаған
- байланыста
- с) ортамен
- е) өмір сүреді

32. ҚР Конституциясының 14 бабында не деп жазылған?

- а) тегіне, тіліне, діни, көзқарасына
- в) әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына
- с) жылына, ұлтына, нәсіліне кемсітуге болмайды
- е) аталғандардың барлығы

33. Бұйрық райды табыңыз

- а) Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың
- в) Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
- с) Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық
- д) Әдептен аттаған қылға сүрінер
- е) Адамды заман билейді.

34. Қазіргі деректер бойынша Қазақстан неше елмен мәмілегерлік қарым – қатынас орнатты?

- а) 180
- в) 170
- с) 160

д) 150

е) 130

35. Өткен шақ есімше жұрнағын табыңыз. Бала ата-анасын қуанышқа ...

а) бөледі

с) бөлеген

е) бөлейтін

в) бөлепті

д) бөлейді

36. Барыс септігі меңгеретін септеуліктер?

а) туралы

с) шақты

е) қатар

в) дейін

д) бірге

37. Қазақстан қандай беделді халықаралық ұйымдармен қатынас орнатқан?

а) Біріккен Ұлттар Ұйымы

в) Еуропа қауымдастығы

с) Халықаралық және Еуропалық қайта құру банкі

д) халықаралық валюта қоры

е) аталғандардың барлығы

38. Есімшені табыңыз.

а) Ол Қазақстанның ерекше табиғаты туралы айтып берді.

в) Көрікті жерлерді көп адам шетелдерді іздейді

с) Менің ағам Сарыағашқа бармақ болды.

д) Ол жердің сулары мөлдір және таза

е) Таза ауа адамға осынша әсер етеді екен

39. Биік сөзінің синонимін табыңыз

А. Большой

В. Твердый

Д. умный

Б. Высокий

Г. Маленький

40. Мына сөздің антонимін табыңыз (аласа).

А. төмен

В. биік

Д. Ежелгі

Б. ескі

Г. жаңа

41. Жіктік жалғауын табыңыз.

А. -са, -се

В. -да, -де

Д. ып, іп.

Б. -ған, -ген

Г. мын, мін

42. Тәуелдік жалғаулы сөз?

А. Құрдас Б. жолдасы В. сырлас Г. топпен Д. Баланы

5. Табыс септігін ажыратыңыз?

А. алды Б. барды В. арманды Г. салды Д. сұрады.

43. Барыс септікті сөз тіркесі?

А. ай сәулесі Б. айға ұшқан В. күн нұры Г. әлемдегі жаңалық Д. мені шақыр.

44. Шығыс септігіндегі сөз?

А. досыммен сөйлестім Б. елге бару В. даланың суреті. Г. оқытушыдан алды.

Д. мені көрді.

45. Көмектес септігіндегі сөз?

А. мемлекеттің міндеті Б. баламен сөйлес В. жастар арманы Г. жас бала Д.

елдің тарихы.

46. Сапалық сын есімді табыңыз?

А. сапалы Б. мәдениетті В. қалпақты Г. қызыл Д. тез.

47. Қатыстық сын есімді табыңыз.

А. таза Б. мақтаншақ В. үлкен Г. сары Д. үнемі.

48. Сан есімнің қай түрі? Біз он төртінші топта оқимыз.
 А. есептік Б. болжалдық В. бөлшектік Г. реттік Д. жинақтық
49. Өткен шақта түрленген сөйлемді табыңыз.
 А. Болашақта үлкен жетістіктерге жетеміз.
 Б. Сен ертең келерсің.
 В. Азамат жақсы оқыған.
 Г. Сіз ертең барасыз.
 Д. Ол енді оқымақ.
50. Мақсатты келер шақ жұрнағын табыңыз.
 А. –ып, –іп Б. ар, ер В. мақ, мек Г. атын, етін Д. ғалы, Гелі
51. Ауыспалы шақ есімше жұрнағын табыңыз.
 А. өмір сүреміз Б. келелі мәселе В. сәулет өнері Г. Дүкенге бармақ
 Д. кітап алатын
52. «Қоршаған ортаны қорғау күні» - қалай аударасыз.
 А. день защиты
 Б. день победы
 В. день защиты окружающей среды
 Д. день защиты детей
 Г. день защиты матери
53. «Олар табиғатты аялайды» қолданысын қалай аударасыз?
 А. Они защищают детей
 Б. Они защищают землю
 В. Они защищают людей
 Г. Они защищают природу
 Д. Они защищают леса
54. «Күлқоқысты қайта өндеу». Қалай аударасыз?
 А. перерабатывать воздух
 Б. перерабатывать мусор
 В. перерабатывать бумагу
 Г. перерабатывать отход
 Д. перерабатывать все
55. «таза су» аудармасы?
 А. грязная вода Б. пресная вода В. чистая вода
 Г. прозрачная вода Д. чистый воздух
19. «Ластанған табиғат» - қалай аударылады?
 А. загрязненная вода
 Б. загрязненный воздух
 В. загрязненная природа
 Г. загрязненная дорога
 Д. загрязненная комната
56. Осы шақта түрленген сөйлем?
 А. ол кеше келген
 Б. біз енді барамыз
 В. студенттер дәріс тындап отыр.
 Г. олар қуанып қалар.

- Д. жолаушылар ерте жиналады
57. Бұйрық райдың I жақ көрсеткіші қайсы?
 А. ған, ген Б. сын, сін В. айын, ейін Г. са,се Д. ып,іп.
58. Бұйрық райдың нөлдік нұсқасы нешінші жақта байқалады?
 А. II жақ Б. II жақ сыпайы В. III жақ Г. I жақ Д. I жақ көпше.
59. «Табиғат та тірі дүние». Қалай аударасыз?
 А. Природа – живая
 Б. Природа – живое существо.
 В. Чистая природа
 Г. зеленая природа.
 Д. зеленая трава.
60. «Ауыз су». Қалай аударасыз?
 А. чистый воздух Г. земной шар
 Б. чистая вода Д. важный ресурс
 В. питьевая вода
61. «Арғы тегі» қолданысы қалай аударылады?
 А. дедушка Б. брат В. предки Г. старший брат Д. друг
62. «Тұтас мемлекет» қолданысы қалай аударылады?
 А. единый народ Г. единая земля
 Б. единая страна Д. Единство
 В. единое государство
63. Қалау райда түрленген сөйлем?
 А. ол ертең келсін
 Б. Сендер жақсы дайындалғансындар.
 В. Сәкен орнына отырсын
 Г. Әсемнің барғысы келеді
 Д. Кезекші ерте келсін.
64. Шартты рай көрсеткіші?
 А. ма, ме Б. са, се В. са екен Г. са еді. Д. ып, іп.
65. Ырықсыз етіс жұрнағы?
 А. са, се. Б. ыс. іс В. ыл. іл Г. ған, ген Д. дыр, дір.
66. Шылаудың қай түрі? Оқытушы және студенттер келеді
 А. жалғаулық
 Б. септеулік
 В. Демеулік
 Г. жалғау
 Д. Жұрнақ

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия//Бас редакторы Бүркітбай Аяған. 8 том.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2006. – 728 б.
- 2 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия//Бас редакторы Бүркітбай Аяған. 7 том.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2005. – 704 б.
- 3 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия//Бас редакторы Бүркітбай Аяған. 6 том.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2004. – 753 б.
- 4 Тіл кабинеті// Құрастырған: Өтепберген Ақыпбекұлы. – Астана, 2006. – 288 б.
- 5 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия//Бас редакторы Бүркітбай Аяған. 4 том.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2002. – 720 б.
- 6 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия//Бас редакторы Бүркітбай Аяған. 5 том.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2003. – 720 б.
- 7 Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш. Қазақ тілі. – Алматы, 1998. – 288 б.

Резуанова Ғалияпану Қабиқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ
(оқулық)

Тексеруге жіберілді: 28.05.2020

Басуға қол қойылды: 28.05.2020 ж.

Пішімі 60x84 1/16

Тапсырыс № 466

Көлемі (шартты баспа табағы) 10

Таралымы – 500 дана

б.т.

«С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ» АҚ баспасы. Астана қаласы, Жеңіс даңғылы
62 А 010011 тел. 39-39-17